

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шаишақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

3/2018 НАУРЫЗ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлмас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

М.ӘБІЛҰЛЫ.	Ғылыми ойлар отауы Майкөт ақын жырлаған ”Алпамыс батыр қиссасы“ – ғұн дәуірінен жеткен.....3
Г.ОРАЛОВА.	Уақытпен үндес әдебиет Дастан жанрындағы тарихи шындық және көркемдік жинақтау мәселелері.....10
Ә.МҰХТАРОВА. З.ЕСЕНТАЕВА.	Тарихи тұлға тағылымы Абылай хан бейнесінің суреттелуі.....18
Ә. С. МУКТАРОВА. Ш.Б. КАСЕНОВА.	Оқулыққа қосымша Қарым-қатынастың бейвербалды амалдары.....27
К.ҚЫЛЫШБАЕВА. Г.ТАЙШЫБАЕВА.	Ұстаз ұсынысы «Махамбеттану» таңдамалы курсының бағдарламасы34 «Жұбантану» қолданбалы курсының бағдарламасы.....45
<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Г.ТАУДАНБЕКОВА.	Б.Сокпақбаев ”Менің атым – Қожа”.....49
Д.КУШЕНБАЕВА.	С.Сейфуллин ”Далада”.....55
Г.МУХАМБЕТЖАНОВА.	Бесікке салу59
К.ЗИЯШОВА.	А.Құнанбайұлы ”Болыс болдым мінекей”.....66
К.ТУЛЕПБЕРГЕНОВА.	Т.Әбдіков ”Қонақтар”.....73
Е.ҮСЕНОВ.	Жиембет жырау ”Еңсегей бойлы ер Есім”.....76
<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Б.МАШКАНОВА.	Салалас құрмалас86
А.МҰҚАНОВА.	Шынайы достық.....98
А.ҚОЙШЫБАЕВ.	Шылау түрлерін ажырата білу және орынды қолдану..106
<i>Жас маманға жәрдем</i>	
Г.ТАРКЕШОВА.	Бірінші байлық – денсаулық (Мақал-мәтелдер туралы түсінік).....114
<i>Ұстаз басшылығымен</i>	
М.ҚОРҒАНБАЕВА (10 сынып оқушысы).	Қазақ тілі біліміндегі буын теориясы жайлы көзқарастар.....127
Қ. ЧАЙКЕНОВА.	Ұстаз толғанысы Білім алудағы ата-ананың рөлі.....137
<i>Өлең – өнер</i>	
Ж.ТӨЛЕУБАЕВА.	Тағылым алу – бір бақыт.....140
<i>Жақсы кітап – жан азығы</i>	
<i>Ұстаз мерейі</i>	
Р.СУЮНОВА.	Ұлағатты ұстаз жолы.....142

Ғылыми ойлар отауы

М.ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, профессор.
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.
Тараз қаласы

МАЙКӨТ АҚЫН ЖЫРЛАҒАН ”АЛПАМЫС БАТЫР ҚИССАСЫ“ – ҒҰН ДӘУІРІНЕН ЖЕТКЕН

Майкөт ақын Сандыбайұлы – жыршылық өнерді де меңгерген, халық ауыз әдебиетін өскелең ұрпақтарға жеткізуші аса білімді, көзі қарақты, көкірегі ояу, әдебиетті жанындай сүйетін азамат болған. Оның өнер жолындағы жетістіктері туралы әдебиет зерттеушілері, ғалымдар, ақындар тұщымды пікірлер жазған. Атақты жазушы М. Әуезов, ғалымдар М.Жармұхамедұлы, М.Жолдасбекұлы, Т.Сыдықов, А.Нысаналин, С.Еркінбекұлы, Қ.Мәмбетов т.б. ғылыми еңбектер, еңбек ардагері Д. Мұсаев, М. Ділдабаев, журналист Ж.Миллионов т.б. танымдық мақалалар жазды. Ал атақты Ж. Жабаев бабамыз Майкөт ақын туралы:

*Сіз бе едің ақын аға, Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген, – деп*

өлең арнаған.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Майкөт ақын мен Сұлтанбек Аққожаев жырлайтын ”Алпамыс батыр қиссасын“ ғалымдар ”Сандыбаев-Аққожаев нұсқасы“ деп атайды. Бірақ бұл қиссаны алғаш рет Майкөт жырлаған, Майкөттің репертуарында болған. Бұл жөнінде профессор Т. Сыдықов былай деп жазады: ”Алғашқы нұсқаны (”Алпамыс батырдың қиссасы“) XIX ғасырдың аяқ шенінде ақын

Майкөт Сандыбаев жырлап жүрген. Майкөттен қолжазба бойынша жыршы Сұлтанбек Аққожаев жаттап алған...“ (Т. Сыдықов, ”Ғасырлардың кәусар бұлағы“, Алматы, ”Қазақстан“ баспасы, 1980-жыл, 138-бет).

”Алпамыс батыр қиссасы“ туралы мемлекеттік ”Мәдени мұра“ бағдарламасы бойынша Астана қаласындағы ”Фолиант“ баспасынан жарық көрген ”Бабалар сөзі“ деп аталатын жүз томдықтың 34-томында былай деп жазылған: ”Алпамыс батыр“ жыры нұсқаларының ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең таралғаны – ”Алпамыс батыр қиссасы“ деп аталатын Сұлтанқұл Аққожаев нұсқасы. Оның мәтінін 1948-жылы С. Аққожаевтың айтуынан қағазға түсірген – халық ақыны Желеу Жақыпов“.

Сұлтанқұл бұл жырды әйгілі ақын, жыршы Майкөт Сандыбаевтан үйренгендігін айтады. Шығарма ӘӨИ-дің қолжазбалар қорына 1953 жылы түскен. Мәтін тор көзді дәптер парақтарына көк сиямен, араб әрпінде жазылған.

Осы нұсқа ең алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты (”Алпамыс батыр“, 3-кітап, құрастырғандар: Н.С.Смирнова. – Алматы, 1957). 1958-жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан ”Қазақ эпосы“ деп аталатын кітапта және 1959 жылы ”Батырлар жыры“ атты жинақта басылым көрді“ (”Алпамыс батыр“ // Қазақ эпосы. Жинақты құрастырғандар: Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин. – Алматы, 1958; Алпамыс батырдың хикаясы // Батырлар жыры. – Алматы, 1961.-162-270 бб).

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан ”Алпамыс батыр“ жырының ғылыми басылымында жарияланды (”Алпамыс батыр қиссасы“ // Алпамыс батыр. – Алматы, 1961.-85-187-бб).

Осы мәтін 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты (”Алпамыс батыр“ // Батырлар жыры, 1-том / құрастырғандар: М. Ғұмарова.,

Т.Сыдықов., Б.Уахатов. – Алматы, 1963.-222-359-бб; Алпамыс батыр. – Алматы, 1968; Алпамыс батыр / Ақсауыт, 1-том / құрастырған – О.Нұрмағамбетова. – Алматы, 1977.-167-267 бб; Алпамыс батыр қиссасы // Батырлар жыры (жауапты шығарушысы – А. Айдашев.– Алматы, 1986.-85-187 бб). (”Алпамыс батыр қиссасы“, кітапта: ”Бабалар сөзі“, батырлар жыры, ”Мәдени мұра“ Мемлекеттік бағдарламасы, 34-том, Астана, ”Фолиант“ баспасы, 2006-жыл, 354-355-беттер).

”Мәдени мұра“ мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылған жүз томдық ”Бабалар сөзі“ басылымында ақын-жыршы Сұлтанбек Аққожаевтың (1872-1963) жас кезінен өлең-жырға әуес болғаны, көптеген халық ақындарынан, соның ішінде Майкөт ақыннан көптеген жыр-дастандарды үйренгенін атап көрсетеді: ”Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) – ақын, жыршы. Ақмола губерниясындағы Құланөтпес өзені бойында туып, жас кезінде әкесімен бірге Түркістан маңайы Қаратау өңіріне көшкен. Сол жерде өсіп, өнген.

Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған Аққожаев Сұлтанбек Құлынишақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт (ерекшелендірген-біз) сияқты атақты ақын, жыршылардан көптеген жыр-дастандарды үйреніп, өз репертуарына енгізген.

Аққожа Сұлтанбек – қазақтың әйгілі жырларын шебер орындаушы, насихаттаушы. Ақын ”Алпамыс“, ”Қобыланды“, ”Қыз Жібек“, ”Шора батыр“, ”Болат, Жанат“ т.б. жырларды нәшіне келтіріп жырлаған...“ (”Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет“, кітапта: ”Бабалар сөзі“ (батырлар жыры), 34-том, ”Мәдени мұра“ мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылған, Астана, ”Фолиант“ баспасы, 2006-жыл, 375-бет).

”Алпамыс батыр қиссасының“ қазақ халық ауыз әдебиетінде бірнеше нұсқасы бар. Солардың ішінде көркемдігі жоғары, оқиғаларының қызғылықты

баяндалуымен, көне дәуірді еске салатын, оқырманын өзіне тартатын нұсқасы – осы Майкөт ақынның нұсқасы.

”Алпамыс батыр қиссасы“ туысқан түркі халықтарының ауыз әдебиетінде де жырланады.

Профессор Т. Сыдықовтың ”Ғасырлардың кәусар бұлағы“ деп аталатын ғылыми еңбегінде Майкөт пен Сұлтанбек жырлаған ”Алпамыс батырдың қиссасы“ деп аталатын қисса туралы былай деп жазатыны бар: ”Гүлбаршын қалмақ елінің басшысы Қараманның айтқан сөзіне көнбей, өзінің намысын, арын сақтап қалу үшін Байсын жеріне қайтуға бел байлайды. Бірақ бұл қолынан келмейтіндігіне көзі жеткен Гүлбаршын қалмақ еліндегі жағдайын айтып, Алпамыстың келер жолына ”тасқа қалам басып“ хат жазып қалдырады“.

Профессор Т.Сыдықов Қарақалпақ түркісінен шыққан атақты бақсы (қарақалпақ түркілері жырауды ”бақсы“ деп атайды, М.Ә.) Жиёмұрат Бекмұхамедовтің ”Алпамыс батыр қиссасын“ Сандыбаев-Аққожаев нұсқасымен салыстырады. Т.Сыдықов Жиёмұрат Бекмұхамедовтің ”Алпамыс батыр қиссасы“ туралы: ”...мәтін жағынан бұл мүлдем өзгеше. ”Сен басқа елдің баласын қыра бергенше мықты болсаң Қытайға қашып кеткен қайын атаң Сарыбайдың қызы Гүлбаршын сұлу деген сенің жарың еді, соны барып алсаңшы“, – дейді кемпір Алпамысқа...“ (Т. Сыдықов, ”Ғасырлардың кәусар бұлағы“, Алматы, ”Қазақстан“ баспасы, 1980-жыл, 139-бет).

Майкөт ақын жырлаған ”Алпамыс батыр қиссасында“ Гүлбаршын хатты қағазға емес, тасқа қашап жазады. Қиссадағы тасқа қашап хат жазу желісі Бесқала (Қарақалпақстан) қазақтарының ауыз әдебиетінде – ”Жеті жасар Алпамыс“ қиссасында да бар. Тасқа қашап хат жазу желісі көне замандарға – ғұн дәуіріне жетелейді. Мұны қарақалпақ түркісі Ж.Бекмұхамедов жырлайтын ”Алпамыс батыр қиссасындағы“ кемпірдің Алпамысқа: ”мықты болсаң, Қытайға қашып кеткен қайын атаң...“ деп айтуы да дәлелдейді.

Т.Сыдықов тасқа қашап жазылған хат туралы өз ойын былайша өрбітеді: ”Мұнан кейін Гүлбаршынға бұрын көрмесе де өзінің сүйгені Алпамысқа түнде жасырын хат жазып, өз басының мұңын шағуға тура келеді. Хатты батыр келетін жолға тастайды. Хат батырдың қолына тие ме, жоқ па, Алпамыс оны іздеп келе ме, келмей ме, әйтеуір онан күдерін үзбейді:

...Осы жолмен жүрсе деп,
Алпамыс жалғыз келсе деп,
Жазған хатты көрсе деп,
Тасқа қалам басады.
Алпамыс деп ат жазып,
Өзінің атын қосады.
Көрген күнім осы деп,
Көзінің жасын шашады...

Гүлбаршын ”әйелдің жолы жіңішке“ екендігіне қатты қысылады да қынжылады...“ (Т.Сыдықов, ”Ғасырлардың кәусар бұлағы“, Алматы, ”Қазақстан“ баспасы, 140-бет).

”Сандыбаев-Аққожаев“ нұсқасында Гүлбаршын хатты тасқа қашап жазғанмен, жырда Сарыбайдың Қытайға емес, қалмақ еліне барғаны сипатталады. Қалмақ елінің әкімі хәм батыры Қараман Гүлбаршынға көз тігіп, оған үйленбек болады. Гүлбаршын Жиделі Байсынға қайта көшіп кетуді аңсайды. Бірақ ”Сандыбаев-Аққожаев“ нұсқасындағы Гүлбаршынның Алпамысқа тасқа қашап жазған хаты көне дәуірді – ғұн дәуірін еске салады. Ал қазақтардың қалмақтармен соғысы дәуірінде хат-хабар жазатын қағаз, қалам болған. Бұл заманда хатты тасқа қашап жазбаған.

Ғалымдар Қ.Әбдесұлы Г.Д. Рыскелдиева, С.Ч. Тұрсынғалиева жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған ”Қазақ әдебиеті“ оқулығында Алпамыс батырдың ғұн дәуірінде өмір сүргенін атап көрсетеді: ”...Тарих беттеріне үңілетін болсақ, Алпамыс деген батыр тарихта болған адам екендігін байқаймыз.

Ол – шамамен б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген қолбасшы, батыр болған. Алпамыс батыр – шүршіттермен соғыста ерекше ерлік көрсеткен қолбасы. Тай - чу (Тайшық хан) Ғұн мемлекетін біржола жою мақсатында көшпелілер еліне бірнеше дүркін әскер аттандырады. Осы әскерге қарсы бағытталып, бірнеше аптаға созылған жойқын шайқаста Алпамыс шүршіт әскерлерін ойсырата жеңеді. Кейіннен тағы бір жойқын соғыстардың бірінде Алпамыс батырдың жау қолына түсуі жыр-дастанға айналып, біздің дәуірімізге жеткен...“ (Қ.Әбдешұлы, Г. Рыскелдиева, С. Тұрсынғалиева, ”Қазақ әдебиеті“, Астана, ”Арман-ПВ“ баспасы, 2010-жыл, 26-бет).

Бұл тұжырымға сүйенсек, Алпамыс шүршіттердің (қытайлардың) ханы Тай-чумен соғысады (Қалмақтың ханы Тайшықпен емес, кейбір нұсқада Таймас хан). Тай-чу да, Алып-Бамсы да (Алпамыс) – тарихи тұлғалар. Алып Бамсы, жоғарыда ғалымдардың жазуынша, б.з.б. 110-50 жылдары өмір сүрген.

Ақын әрі жыршы Майкөт пен жыршы Сұлтанбек ”Алпамыс батыр қиссасын“ жырлағанда, көркемдігіне баса назар аударып, қиссаның эстетикалық болмысын күшейтуге, тәлімдік-тәрбиелік мәніне көңіл аударған.

Майкөт ақын жырлаған ”Алпамыс батыр қиссасымен“ көне дәуірден жеткен ”Қорқыт Ата кітабының“ арасындағы үндестік туралы пікір білдірер болсақ, профессор Н. Келімбетовтің зерттеуіне көңіл аударғанымыз абзал болар деп ойлаймыз. Профессор Н. Келімбетов әйгілі ”Қорқыт Ата кітабындағы“ ”Қам-Бураұлы Бамсы-Бейрек туралы жырдағы“ Байбөрінің Тәңіріге жалбарынып ұл сұрайтыны жөнінде: *”Мәселен, жырда Байбөрі перзентсіз екенін айтып зар жылаған сәтте көпшілік қолдарын көкке жайып: ”Тәңірі саған ұл берсін! – деп бата жасады. Сол жиында Байбіжан деген бек: ”О, бектер, егер Көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік*

етіңіздер, – деді“ (”Қорқыт Ата кітабы“, Алматы, 1986-жыл, 34-бет).

Сондай-ақ, жырда Қорқыт Ата айтқанына көнбеген тентек Қаршардың қолын сиқырмен қарыстырып қояды. Сол сәтте Қаршар жалбарынып: *”О, Қорқыт Ата, Тәңірге сенемін! Қолымды орнына келтір. Көктің бұйрығы, Тәңірінің жолы болса, қарындасымды Бамсы-Бейрекке берейін, – дейді...“ (”Қорқыт ата кітабы“, Алматы, 1986-жыл, 40-бет).*

Міне, жыраулар мен жыршылар, айтушылар, қиссашылар ғұн дәуіріндегі Бамсы-Бейректі немесе Алып Бамсыны Алпамысқа, Бану-Шешекті Гүлбаршынға осылай айналдырған. Ғұн дәуірінің атақты батыры Алып Бамсы туралы ел аузындағы батырлық жырлар ”Алпамыс батыр қиссасы“ деп аталып кеткен.

Қазақ әдебиеті тарихына қосылып жатқан әдеби мұралар уақыт өткен сайын там-тұмдап болса да көбейіп келеді. Айталық, ғұн дәуірінде өмір сүрген Еділ патша (Аттила) сипатталатын ”Алаңқай батыр“ қиссасын жыршы әрі ақын Өмірзақ Қалбайұлы жырлаған. Ғұн дәуірінде өмір сүрген Молақсай жырау, Тоғанас жырау бейнелері осы ”Алаңқай батыр“ қиссасында сипатталады. Дәуірдің өтуімен, заманның жылыстап жылжуымен халық ауыз әдебиетіне жататын көне дәуірлерден келе жатқан Алып Бамсы туралы қисса бірталай өзгерістерге ұшырап, ғасырларды көктей өтіп, біздің дәуірге жеткен. Алпамысқа айналған Алып Бамсы туралы қисса халқымыздың бай әдеби мұраларының біріне жатады. Осындай қиссаларды түпкі детальдарын өзгертпей (*Гүлбаршынның Алпамысқа тасқа қашап жазған хаты*) осы заманға жетуі Майкөт ақынның, Сұлтанбек жыршының халық алдындағы борышын адал атқарғанының дәлелі. Ендеше өнердің дамуына үлес қосқан халқымыздың перзенттерін құрметтей отырып, олардың бізге жеткізген аманатын өскелең ұрпақтардың санасына құйып, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге баса назар аударуымыз қажет.

Г.ОРАЛОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда қаласы

ДАСТАН ЖАНРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЖИНАҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ әдебиетіндегі ақындық поэзияның негізгі көркемдік арнасын дастан жанрындағы шығармалар құрайды. Ұлттық дүниетаным кеңістігіндегі тарихи шындықтың санадағы поэтикалық сәулеленуі дастанның басты белгісі болып саналады. Мәселен, Сыр өңірінің төменгі сағасында өмір сүрген ақындардың тарихи тақырыптағы дастандары арқылы халықтың жүріп өткен кезеңдердегі өмір шындығын анық аңғарамыз. Халық тарихындағы оқиғаларды көрнекті тұлғаларға байланысты жақтарымен тұтастай жырлаған ақындар әдебиеттің эстетикалық тағылымын нығайта түсті. Бұл үрдіс арқылы қазақ сөз өнері мұраларының космос дәуірінде де ұлттық-этнографиялық мазмұндағы поэтикалық қуатын жоғалтпайтын күдіреті дәлелденуде.

Ақындар дастандарындағы тарихи шындық және көркемдік жинақтау мәселелерінің айқындалуында фольклордағы қалыптасқан халықтық-эстетикалық дүниетаным негіз болды. Қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан дүниетаным кеңістігінде батырлық және ғашықтық, сонымен бірге тарихи дастандарды

қабылдауға бейімделген эпикалық сананың маңыздылығы анық. Дастандарды қабылдауға бейім халық есінің, шежірелік естің, тарихи естің, т.б. психологиялық жағдайлардың көлемді жырларды орындаушылар арқылы да бағалаған. Өйткені шығармада эпикалық баяндау мен көркемдік шешім басым көрінеді. Атап айтқанда, Нұрмағамбеттің «Сартай батыр», Нұрсұлтанның «Жанқожа батыр», «Муса әпенді», «Бегім ана» дастандары, «Балалы киік» мысал-балладасы, «Әскерден қайтқан жігіт» балладасы, Байназардың «Жаппасбай батыр», «Қашақбай – елдің ері» дастандары – бәрі де ақындық поэзияның дәстүрлі жанрды жалғастырудағы көрнекті үлгілері. Ауызша және жазбаша көркемдік үрдістер тоғысуынан туындаған ақындардың эпикалық дастандары халықтық өнердің әлемдік өркениеттегі биік мәртебесін де танытады. Бұл – ұлттық рухани құндылықтарымыздың, болашаққа жалғаса беретін көркемдік үрдісі.

Дастан – эпикалық сана мен тарихи таным сабақтастығына негізделе жырланған шығарма. Ақындық поэзиядағы дастандар эпикалық ойлау кеңістігі аясында танылады. Эпикалық ойлау дегеніміз – уақыт пен кеңістік жүйесіндегі өткен мен бүгінді және болашақты тұтас танытатын өмір шындығын кең көлемде қамтып жырлау. Ақындық поэзиядағы дастандардың дәстүрлік және көркемдік негізі фольклордағы батырлық және ғашықтық жырларда жатыр. Халқымыздың эпикалық санасының шынайы болмысын жинақтаған бұл жырлар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, үздіксіз жырланып келеді.

Ақындық поэзиядағы эпикалық дастандардың барлығының да сюжеттік-композициялық құрылымында халық тарихының аса елеулі оқиғалары негізге алынады. Халықтың эпикалық санасы аясында

эпикалық дұшпандар, әділдік пен қиянат мәселесінде адаспау, ел мүддесі үшін жасалған ерлік, т.б. жалпы шындық кең қамтылады.

Арал, Қазалы өңірлерінің ақындық поэзиясындағы көрнекті тұлғалар: Нұртуған Кенжеғұлұлының «Қарасай – Қазы», «Тағаймұрат», «Ақ Кете Шернияз», «Шұбырынды ақтабан», «Мәулімнияз – Едіге», «Орақ – Мамай», Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр», Нұрсұлтан Жұбатұлының «Муса әпенді», «Балалы киік», «Әскерден қайтқан жігіт», «Бегім Ана», «Жанқожа батыр», Байназар Өтепұлының «Жаппасбай батыр», «Қашақбай елдің ері» атты дастандары – халық әдебиетіндегі эпикалық дәстүрмен жырланған шығармалар.

Эпикалық сана – ақындық поэзиядағы дастандарды жырлаудағы тарихилықтың негізі. Арал, Қазалы өңірлеріндегі поэзия өкілдері дастандарында қазақ тарихының әр түрлі кезеңдеріндегі оқиғалар, тұлғалар нақтылы деректерден туындаған өмір шындығы аясында жинақталып жырланды. Аталған дастандардың сюжеттік-композициялық желісінің тарихи дамумен сақталып келгендігіне байланысты зерттеушілер (И.Голеншиков–Кутузов, Е.Тұрсынов) пікірлері бойынша «халық есінің» түрлерін **1. Ата-бабалар туралы ес, яғни табиғи ес (память о предках, природная память); 2. Шежірелік ес (генеалогическая память); тарихта із қалдырған атақты адамдар туралы ес (память о некоторых выдающихся личностях); 3. Тарихи ес (историческая память) де аталған ақындық поэзия дастандарына дәстүрлік негіз болғанын байқаймыз.**

Ақындық поэзиядағы дастандардың халыққа кеңінен таралып насихатталуы – жыршылық өнердің эстетикалық-шығармашылық қызметі арқылы

орындалып келгендігінде. Аталған ақындардың тарихи негізділігі анық эпикалық дастандарының жыршылардың орындаушылық өнері арқылы халықтың да, эпикалық сананың шынайы көрінісі болып саналатын тыңдаушылық қасиеттерін кеңейте, нығайта түскендігі ақиқат.

Тарихи дамудағы эпикалық поэтика, эпикалық социум, эпикалық кейіпкерлер, эпикалық тұрмыс, батыр мен оның тұлпары, маңайындағы тұлғалар, әлеуметтік ортасы – бәрі де эпикалық ақындық пен орындаушы жыршылар өнері сабақтастағы жүйесін құрайтын мәселелер. Жалпы ақындық поэзиядағы дастандардың ұрпақтар сабақтастығы жүйесінде тәлім-тәрбие құралы болып келе жатқан эстетикалық-гуманистік қызметі халықтың жан дүниесіндегі көркемдік сананы, талғамды қалыптастыруда елеулі ықпал жасағандығы анық. Сондықтан Арал, Қазалы өңірлері ақындары шығармашылығындағы аталған дастандардың эпикалық сана аясында көркемдік-эстетикалық мәні бар тарихи танымды ұрпақтан ұрпаққа жалғастыра дамытып келген.

Эпикалық баяндау және көркемдік шешім – эпостық әдеби тек жанрларының көлемділеріне тән поэтикалық ерекшеліктер. Ақындар дастандарындағы эпикалық баяндау аясында қазақ тұрмысының фольклорлық-этнографиялық дәстүрлері, қалмақтармен, неміс фашистерімен болған қанды шайқастар, ел басқарған хандардың, би-шешендердің қызметі, шығарма кейіпкерлерінің мінезделуі, даралануы, географиялық-топонимикалық атаулар және т.б. сан алуан мәселелер қамтылады.

Дастандар құрылымындағы эпикалық баяндаулар жүйесінде өмір шындығының барлық қырлары қамтылады, әрине шығарманың мазмұны мен пішініне

кіретін бөліктерде лирикалық толғаныстар да араласып жырланады. Сөз нысанындағы Арал, Қазалы өңірлері ақындары шығармашылығындағы дастандарда дидактикалық-философиялық мағыналы лирикалық толғаныстардың да кездесетіні байқалады.

Эпикалық дастандардағы көркемдік шешім – туынды авторларының әрқайсысының өзіндік шығармашылық даралығын да айқындайтын ерекшеліктердің бірі. Тарихи деректерді негізге ала отырып, оқиғаларды өрістету, кейіпкерлерді даралау, авторлық көркемдік шешім арқылы жүзеге асырылады.

Нұрмағамбет Қосжанұлының **«Сартай батыр»** дастанынан тақырыптық, идеялық-композициялық желісіндегі эпикалық баяндау мен көркемдік шешім тұтастығын танимыз. XVIII ғасырдағы қазақ пен қалмақ соғысының шындығын жырлауда автор көптеген тарихи тұлғаларды (хандар, билер, елшілер, сұлтандар, батырлар) даралап танытқан. Дастанда он екі-он алты жастағы ержүрек ұландардың ерліктері тарихи поэтика аясында жинақтала жырланған. Дастанның басты кейіпкері Сартай – халықтың өткені мен бүгінін және болашағын жалғастырып келе жатқан ақылды ұрпақтың қасиеттерін жинақтаған тұлға. Дастанның идеялық-композициялық желісінде қолданылған дидактикалық-философиялық терме-толғаулар, насихаттық накыл өлеңдер туындының поэтикалық көркемдік сипатын күшейту қызметін атқарған. Дастанның көркемдік-бейнелілік өрнектері (тенеулер, айқындаулар, ауыстырулар), тарихи сөздер (историзмдер) – эпикалық туындының халықтық дүниетаным аясындағы көркемдік сипатын дәлелдейді.

Нұрсұлтан ақынның **«Жанқожа батыр»** дастанының идеялық-композициялық құрылымынан тарихилық пен көркемдік жинақтау сабақтастығындағы ерекшеліктер

жүйелене жырланған. Қазақ жерінің географиялық кеңістігі, Жанқожаның ататек әулеті, батырдың дүниеге келуінің тарихи-этнографиялық негізделуі, Хиуа ханы Мәдемінің, оның баласы Мәдірейімнің билігі заманындағы қазақтың Әлім аталығы ұрпақтарының шапқыншылыққа ұшырағаны, Хиуа және қарақалпақ хандықтарына қазақ әскерінің жиналып аттануы мәселелері тарихи деректілік аясында қамтылған. Дастан – көшпелі қазақ мәдениетінің дәстүрлі сипаттарын (батырлық-жауынгерлік борыш, шаруашылық кәсібі, ағайындардың қарым-қатынас мәдениеті, өнерге бейімділік, салдық-серілік мінез, тұлпар ат, алғыр қыран, жүйрік тазы, жауынгерлік құралдар және т.б.) кешенді түрде қамтыған кең тынысты, мол бояулы туынды.

Нұрсұлтан ақынның **«Муса әпенді»**, **«Бегім ана»** дастандары, **«Балалы киік»** мысал-балладасы, **«Әскерден қайтқан жігіт»** балладасы – дидактикалық-философиялық мағыналы шығармалар. Аталған эпикалық шығармаларға ортақ мәселе – адамгершілік-имандылық қасиеттер (мейірімділік, жомарттық, ананың перзентіне махаббаты, ерлі-зайыпты жұбайлық одақты таза сақтау, нәпсі құмарлықты айыптау, т.б.).

«Муса әпенді» дастанында қырғидан торғайды күтқарған, қырғиға денесін тамаққа ұсынған сахилыққа періштелердің ризалығы арқылы баға берілген. **«Бегім ана»** дастанында алыс аймақтарды, алуан мінезді адамдарды туыстық-жегжаттық, ағайындық байланыстарға сабақтастыруынан әйел жынысының құдіреті дәлелденген. **«Балалы киік»** мысал-балладасында лағы үшін оққа кеудесін тосқан киік арқылы перзенті үшін өз басының амандығын да ұмытатын ана махаббатының құдіреті әйгіленді. **«Әскерден қайтқан жігіт»** балладасында өзі жоқта бөтен еркекпен ашына болып нәпсіқұмарлықтың жиренішті батпағына батқан опасыз әйелін де, өзін де

өлтiрген трагедиялық оқиға жырланған.

Б.Өтепұлының «**Жаппасбай батыр**» дастаны – екiншi дүниежүзiлiк соғыс (1941–1945 жж.) кезiндегi қазақ халқының ұлы ерлiгiн, жалпы адамзатты фашизмнен құтқарған сол алып майданда өшпес ерлiк жасаған қазақ батырларының бiрi Кеңес Одағының Батыры Жаппасбай Нұрсейiтовтiң тарихи – поэтикалық тұлғасын сомдаған эпикалық шығарма. Дастанның композициясында Сыр өңiрiнiң арғы-бергi тарихы, қоныс берекесi, атақты адамдар туралы толғаныстар, басты кейiпкердiң дүниеге келуi, отбасы тәрбиесi, балалық, жастық шағы, соғыстағы жауынгерлiк ерлiктерi, халық атынан айтылған мадақ, бата-тiлектер жырланған.

Дастан – жеке адам тағдырының ұлағатын негiзге ала отырып, қазақтың қаһармандық-жауынгершiлiк рух биiктiгiн танытқан туынды. Дастанның көркемдiк сипатын танытатын психологиялық құбылыстар (*пулеметiне арнау айтуы, өзiне-өзi серт беруi, бата-тiлек, нақыл-термелер түрiндегi толғаныстар*) үйлесiмдi өрiлген. Кейiпкер тұлғасы келбетiне арналған тiркестер («*Жұмыр бiлек, кең кеуде, денесi сұлу сомдаған*»), нақылдар, мақал-мәтелдер, жетi-сегiз, он бiр буындық өлшем-өрiмдер туындының көркемдiк-стильдiк ұлағатын танытады.

Байназардың «**Қашақбай – елдiң ерi**» дастаны – тарихи-көсемсөздiк шығарма. Дастанның идеялық-композициялық құрылысындағы авторлық лирикалық толғаныстар, басты кейiпкердiң қалыптасу жолының эволюциялық-реалистiк шынайылығын суреттеу, жеке адам мен қоғамдық-әлеуметтiк ортаның тұрмыстық қатынастарын азаматтық-отаншылдық рухпен жырлау арқылы ақындық поэзияның дәстүрлi жалғастығы тереңдетiлген. Дастандағы көркемдiк өрнектер (теңеулер, айқындаулар, ауыстырулар, т.б.), шешендiк толғаныстар, бата-тiлектер, арнаулар – бәрi де ақындық поэзияның халықтық көркемдiк ойлау негiздерiнен нәр

алған эстетикалық тағылымын көрсетедi.

Қорыта айтқанда, Арал, Қазалы өңiрлерi ақындарының әдеби мұралары негiзiнде ақындық поэзия дәстүрiнiң көркемдiк жалғастығы жүйесiнiң үздiксiз шығармашылық қозғалыстағы болмысы айқындалады. Қазақ халқының талай мыңжылдықтар белестерiнен өткен, ендi қазiргi жаңа тарихының мәңгiлiк болашаққа ұласатын жолында ақындық поэзия дәстүрiнiң ұлттық сипатын сақтай, жаңғыра жалғаса беретiнi айқын байқалады.

Сондықтан, қазақ әдебиетiнiң өткен ғасырлардағы фольклоры мен әдебиетi мұраларының барлығын да түгендеп, қазiргi заманғы көзқарастармен қарастыру бағдарындағы зерттеулердiң мемлекеттiк пәрмендi бағдарлама арқылы жүзеге асырыла беретiнi ақиқат. Қазақ халқының рухани құндылықтары осылайша әлемдiк өркениеттегi өзiндiк даму жолын жалғастыра бередi.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тiлi, 1991. – 240 б.
2. Исмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956. – 342 б.
3. Қосжанұлы Н. Сартай батыр: Дастан. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1997. – 72 б.
4. Қосжанұлы Н. Ер тарықпай толықпас. Әйел сыны // Ақмешiт апталығы. – 1995. – 3 маусым.
5. Жұбатұлы Н. Сөз сөйле, қызыл тiлiм, тұрма босқа. – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 204 б.
6. Өтепұлы Б. Халқым деп соққан жүрегiм. – Қызылорда: Тұмар, 2004. – 180 б.
7. Өтепұлы Б. Жүйрiктiң аты шықпас озбай көпте. – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 120 б.
8. Қазақ тарихи жырларының мәселелерi. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.

Ә.МҰХТАРОВА,
Қайнар академиясының
профессоры, п.ғ.к.
З.ЕСЕНТАЕВА,
Қайнар академиясы
магистранты.

АБЫЛАЙ ХАН БЕЙНЕСІНІҢ СУРЕТТЕЛУІ

Түйіндеме. Мақалада Абылай хан бейнесінің тарихи жырларда суреттелуі туралы сөз болады. Абылай хан бейнесі мен ол өмір сүрген кезең жыраулар поэзиясында байланыстырыла алынып шынайы беріледі.

Абылай ханның туғанына 300 жыл толды. Үш жүзге хан болған Абылай – Жошы ханның ұрпағы. Қазақ халқы үшін қиын жылдар болып саналған «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламадан» есін әрең жинаған қазақ халқының алдында қалмақтарға қарсы тойтарыс беру мақсаты тұрды. Тап осы кезеңде шашыраған халықтың басын жиып, жауға қарсы аттандыратын қайратты, ақылды ел тірегі болатын бір азамат қажет болды. Осы сәтте қазақ аренасына, алаш тарихына Абылай келіп кірді. Әрине, қазақ халқы өз ерлерін мадақтап, ”халық арманына қол жеткізген еңселі ер“ деп, алаш қамқоршыларын жырға қосты. Осындай әдеби кейіпкердің бірі – Абылай хан.

Қазақ поэзиясының тамыры ежелгі дәуір әдебиетінен басталатыны белгілі. Қазақ әдебиеті – қазіргі Қазақстан жерін жайлаған байтақ өлкеде өмір сүрген тайпалар туғызған бай рухани мұра. Олардың – заңды мұрагерлері.

Халықтың рухани өмірінде белсенді рөл атқарған қазақ поэзиясы бірнеше ғасыр бойында жетекші жанр қызметін атқарып, сөз өнерін дамытушы жыраулар да соңына құнды мұра қалдырды.

Қазақ әдебиетінің дербес өкілі ретінде танылған Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Досмамбет, Бұқар жыраулар көшпенді халқымыз туралы, ел қорғаған ерлер мен хандар туралы жырлады және олардың өскен жер – атамекенін жырлаған сан алуан лиризмге толы мазмұнды туындылары табиғат аясындағы көшпенділердің болмыс-тіршілігінен сыр шертеді. Жыраулардың ұлттық бояуға толы афоризм мен көркем тіркестерге толы рухты толғаулары – туған әдебиетіміздің үздік үлгілері ретінде саналады. Бұл кезеңдердегі поэзияда жыраулар рөлі жоғары белсенділігімен ерекшеленеді. Философиялық толғаулар, адам мен заман туралы айтылатын сарын және кезең мен заман талабына сай жауынгерлік ерліктер мен жаугершілік өмір, батыр, қолбасы, хан жөніндегі түйгендерін баяндаған отаншыл жырлар ішкі мазмұны мен көркемдік тәсілдері жағынан маңызды жырларға жатады. Әрбір жырдағы жыраудың мақсаты – адамдық болмыс сипатын таныту, адам үшін ең қымбат – Отаны, елі, атамекені екенін ұғындыру және жұртқа қайырымды, жанашыр бола білген азамат – ханын құрметтеу.

Жыраулар поэзиясындағы асқақ рухқа толы жырларда халқымыздың өткен өмірін, елін шын сүйіп, елі мен жерін көздің қарашығындай сақтауға тырысқан батырлар мен саяси бітімгершілік сырын аңдай білген ақылды хандар келбеті көбірек орын алған.

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін қиын кезең болып саналған. Сол уақыттарда қазақ әдебиетінде өз

ақындығымен көпке мәлім болған Тәтіқара – жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі, батыр ретінде көпке танылған. Жыраудың саналы өмірі Абылай хан төңірегінде өткен.

Әдебиетші, ғалым М.Мағауиннің : *«Ел аузындағы сөздерге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанарда, Тәтіқараны қасынан тастамайды екен. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалайды екен», – дейді.*[1,83]

Тәтіқара жырларында Абылай хан бейнесі жан-жақты суреттелген. Ел аузындағы сөз бойынша: бірде Абылай хан жортуылда жеңіліп қалып, жаудан қашпақ болса, қарсы алдынан ағыны қатты, өткел бермес тасыған өзен шығады. Хан да, жауынгерлер де не істерлерін білмей тұрып қалыпты. Жау қолына түсу қаупі төнеді. Сонда Тәтіқара ханға қарап:

– Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шақшақұлы болат найза,

Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,

Ер жігіттің ерлігі осындайда, – деп, Абылайға рух беріп, жаудан да, судан да құтылған екен.

Тәтіқара – Абылай ханмен бірге жортуылға қатысып, ханның мықты саясаткер және соғыс техникасын жете меңгерген батыр жауынгер екендігіне де куә болған жан.

Тәтіқараның кей жырын қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов орысшаға аударған. Осы жырда Тәтіқараның Абылай хан тұрғысындағы суреттеулері беріледі. Үзінділерде Абылай хан бейнесі:

– Кебеже қарын, кең құрсақ

Артық туған Абылай

Көтере білді бұл істі.

Немесе:

Жау жағадан алғанда,

Ит етекпен алғанда,

Ер Абылай қорыққан жоқ, – деп беріледі.

Зерттеуші Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларынан Тәтіқара жырының Абылай туралы:

– Ақыл қалмас қашқанда,

Дегбір қалмас сасқанда.

Бұндай ерді көрмессің,

Бұрылып жауды шанышқанда, – деген үзіндіні аңғарамыз.[2,51]

Тәтіқараның Абылайға қатысты тағы бір өлеңі ел аузында сақталған. Өзі батыр, турашыл, айтқыш ақын – Тәтіқара Абылайға бірде өкпе айтады. Абылайдың тұңғыш ұлы Жанбай қалмақтармен жорықта қаза табады. Баласының өліміне қатты күйінген Абылай хан күндіз-түні басын көтермей, кім барса да елемей, өз қайғысымен болыпты. Сонда Тәтіқара көп болып барған жұрттың атынан:

– Үш жүздің баласы

Ақылдасып, жолдасып,

Хан көтеріп еді,–

Үш жүздің баласын,

Бір баласындай көрмеді.

Ат құйрығын сүзіңдер,

Аллалап атқа мініңдер,

Хан талау қылып алыңдар, – деп сөйлейді.

Осы өлеңімен ханға қарсы сөз айтып, оның ел билеген хан екенін, ханның жақыны қараша халық екенін түсіндіреді.

Бұқар жыраумен жақын жолдас болған – Үмбетей жырау жырларында да Абылай хан бейнесін суреттеген үзінділер кездесіп қалады. Батырлығымен есімі елге

танылған Бөгембай батырдың қаза болғанын естірту мақсатында шыққан жырында Абылай есімі бар. Ескі салт бойынша әуелі әңгімені алыстан тұспалдап сөйлеген Үмбетей батырлардың ерлігі, олардың халық алдындағы беделі туралы жырлай келіп:

– *Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағы да-ай!*

*Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса, құрдасың.*

*Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,*

Батырың өлді, Бөгембай... – деп естіртеді.[3,]

Жыраудың ендігі міндеті – Абылайды жұбату, қайғысына ортақтасу. Бұл міндетті Үмбетей келесі сөздермен жалғастырады:

*Жыламай тыңда, Абылай,
Жараға жақсы қасқарар.*

Ойбайлап жаман бас салар, – деп, оның ел басшысы екенін еске салады.

Жыр соңы батыр өлсе, ел ішінде тағы бір батыр туар, халық іші – алтын бесік, батырлар үзілмес, елде тыныштық, бейбіт өмір орнар деген тілектестікке ұласады.

*Көзіңнің жасын тия көр,
Жақсылық бата қыла көр.*

Тағы да талай бақ берсін,

Балаңа алтын тақ берсін,

Бөгембай сынды батырдың

Береке берсін артында-ай.

Сабыр берсін халқың-ай! – деп, оны сабырға шақырады.

Айтылмыш жыр Бөгембай өлімін естіруге арналғанмен, онда Абылай есімі көп аталады. Жырдың

бастапқы бөлімінде Абылай өміріне қатысты жайттар кездеседі, оның Сарыарқаны жерім, қалың қазақ елім деп атауы, Үргеніштен келгендігі, жас кезде Төле бидың түйесін баққандығы, ер жетіп, қайраты тасқанда ойраттармен күресте ерлігі көрінгенін жырлайды.

Жиырма жасың толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда,

Алғашқы бақыт тапқанда,

Шарыштың басын қаққанда,

Қанжығыңа бас байлап,

«Жау қапты» деп айқайлап,

Абылайдан шапқанда, – деуі, жас Абылайдың батырлық, жауынгерлік сипатын танытуы. Жырау Абылайдың Ташкентте қалмақ тұтқыны болып отырғанын да жырынан сырт қалдырмайды. Жырда бастан-аяқ Абылай бейнесі мадақтау мен оның ерлік істерін суреттеуге арналған. Қалмақ шапқыншылығы кезінде соғыс пен жортуылдан әбден шаршаған жұртқа Абылай заманы тыныштықтың, бейбіт өмірдің кезеңіндей болған тәрізді. Осындай ой – Үмбетей жырауға да тән. Кең тынысты жырау елге тыныштық әкелген батырлар мен хан Абылайды мадақтап, оларды өз жырына қосып жырлаған.

Үмбетей өз тілегін, мадағын жырында былай көрсетеді:

– *Батыры ханға сай болды,*

Елің жалмақ бай болды.

Қыс қыстауы тау болды.

Жаз жайлауы көл болды.

Салқын сары бел болды.

Елге лайық ер болды.

Сарыарқа деп таңданып,

Өзге жұрт аңсар жай болды.

Жоғарыдағы жырларды мысал ретінде алсақ, Үмбетей жырау – Абылай хан бейнесі туралы жырларды өмірге келтірушілердің бірі деп нақты қорытында жасай аламыз.

Біз жыраулар поэзиясындағы Абылай хан бейнесін сараптай бастасақ, оның соғыстағы қайтпас қайсарлығы мен елін, жерін қорғаудағы қырағылығын, жортуыл ісінің амал-тәсілдерін жан-жақты біліп, оны шебер қолдана білгенінің де куәсі боламыз. Абылай бейнесі, әсіресе, Бұқар жырау поэзиясының арқауы болған тәрізді. Бұқар толғауындағы Абылайға қатысты сипаттама:

– *Алыстан тоят іздедің,*

Қылышыңды тасқа біледің.

Алмаған жсауың қоймадың,

Несібеңді жаттан тіледің, – деген өлең жолдарынан аңғарылады. [4,96б.] Осындай мінездеуді қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың: «*Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің гасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған*» – деген пікірінен де аңғарамыз. [5,162 б.]

Ал ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көзқарасына сүйенсек, «*Қалмақтың құтын қашырып, Сарыарқадан аударған, қалмақтың басына қан жаудырған – Абылай хан. Сол заманда өмір сүрген Қазақбайдың баласы Абылайдан бұрын көрген емес. Абылайдан соң бұл заманға дейін де көрген емес.*» [2,410 б.] Жыраулар өз толғауларында хан мен батырлар бейнесін өздерінің ақыл-парасатымен, өз жырының күдіретті күшімен және жаугершілік кезде қолына қару алып, жауға қарсы шыққан өр мінезі арқылы да шебер суреттеген. Сөз өнерін жетік меңгерген, суырып салмалық өнері

өз дарынының шегіне жеткен жыраулар тіл өнерін жаугершілік уақытта да дамыта білген. Осындай жандардың халық пен хан алдында үлкен беделі болған. Ханның кемшілігі мен жетістігін де сұңғылалықпен сезіп, оны хан алдында батыл айтып, олқылығын түзеуге тырысқан жандар да осы жыраулар болған. Сол себепті жыраулар ықпалы, беделі жоғары болған. Осындай пікірді араб әдебиетінің тарихын жазған ғалым, профессор Ханна аль Фахури: «*Басқа жұрттың сөзінен гәрі – ақынның сөзі өтімдірек келетін: кейде оның беделі мен билігі, тіпті, ру көсемінен де артық болатын*», – деп білдіреді. [6,51-52б.]

Осындай азулы, ақылды ұсыныстарымен Абылай ханның ақылшысы болған Бұқар жырау – өз толғауларымен ел бірлігін, ынтымағын, ел арасындағы татулықты тілеген абыз ақын. Абылайдың жанында болып, билік құрған Бұқар туралы мынадай халық арасында айтылатын әңгіме бар: «*Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарды алдырып, жұлдыз оң ба деп, айдың, күннің сәтін сұрайды екен. Сонда Бұқар: «Сары бура сенің туыңның түбінде тұрып пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол жаққа қарай аттанса, жауды шауып келеді екен. Ал сары бура ту түбінде шөгіп, мойнын жерге жабыстырып жатып алса, аттанбайды екен*». [1,95б.] Бұқар Абылай көрген түстерді де жорып отыратын болған.

Бұқар толғауларында өзі өмір сүрген заман және хан, батырлар келбеті жан-жақты суреттеледі. Абылай ханның мықты идеологы болған Бұқар ел бірлігін жырлап, ішкі және сыртқы жаумен бітіспес ымыраны қолдап, осы жолда Абылайға да ақыл-кеңес айтып отырады. Бұқар Абылай ханды бала күнінен білген. Сол себепті Абылай туралы толғауларында :

– *Сен мен көргенде,*

*Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет хандарға
Қызметші болып жүр едің – деуі, немесе:
– ...Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің атының басын
Бір кезеңге тіредің.
Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң,
маужырап барып соларсың, – деп пікірін білдіруі, оның
бүкіл өмір жолын білуінен деп ұғамыз.*

Бұқар толғаулары ел бірлігін, татулығын көздеген және сыртқы жаудан үнемі сақ болуды Абылай ханнан талап еткен, кейде азулы сөздерімен оған қатты айтқан және ханның өмірдегі даңқты істерін мадақтай жырлаған өлең шумақтарын құрайды.

Жоғарыда Абылай бейнесін өз жырларына мақтанышпен қосқан Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың да негізгі мақсаты – ел үшін күрескен, халқына азаттық пен егемендікті алып бергісі келген Абылайдай арыстың бейнесін алаш ұлтына таныту болса, Абылайды зерттеу тақырыбын алғандағы біздің мақсатымыз – бүгінгі егемендігін алып отырған қазақ ұлтының бастауын көрсетіп, көк туының желбіреп, еліміздің мәңгілік ел болып қалуына орасан зор үлесін қосқан Абылай ханның азаматтық келбетін таныту.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. Алматы, Ана тілі. 1992.-83б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары жинағынан. 8 том. Павлодар, 2006.
3. Бабалар сөзі. 57 том. – Астана: «Фолиант», 2010.

Оқулыққа қосымша

Ә.С. МУКТАРОВА,
Қайнар университетінің
профессоры, п.ғ.к.
Ш.Б. КАСЕНОВА,
Қайнар университетінің
магистранты.
Алматы қаласы

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРЫ

Мақалада тілдік қарым-қатынаста қолданылатын бейвербалды амалдардың қызметі, көркем шығармадағы көрінісі қарастырылады.

Түйін сөздер: вербалды қарым-қатынас, бейвербалды қарым-қатынас, қимыл, ым, ишара, ауызекі сөйлеу, паралингвистика, фонация, сөздің мағынасы, кинесика, такесика, проксемика, тілдік бірліктер.

Тіл – қатынас құралы. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы тіл арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. **Бұл – вербалды қарым-қатынас.** Вербалды қарым-қатынас сөйлесу арқылы болады. Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас тек тіл арқылы емес, сонымен қатар түрлі дене қимылдары, ым-ишара, бет әлпеттегі өзгерістердің көмегімен де іске асады. **Қатынастың бұл түрі – бейвербалды қарым-қатынас.**

Түрлі ұлттардың, халықтардың тіліндегі бейвербалды қарым-қатынасты көптеген ғалымдар зерттеген. Мысалы, А.Мейерабиан, П.Экман, С.Данкелл, А.Пиз, Б.Пиз, Д.Ниренберг, Г.Калеро, А.Штангль, К.Нимиц, Р.Уайтсайд, А.В.Филиппов, Г.В.Колшанский, А.А.Акишина және т.б.

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдар жөнінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, Қ.Қажығалиева, Б.Қ.Момынова, С.Б.Бейсембаева, Ә.С.Әлметова, М.П.Ешимов, Ж.Нұрсұлтанқызы және т.б. зерттеушілердің еңбектері бар.

Ғалым А.Пиз «Язык телодвижений» атты кітабында ғалымдардың зерттеулерін, яғни профессор А.Мейерабианның ақпаратты беру вербалды амалдармен (тек сөз арқылы) 7 пайыз, дыбыстық амалдармен (дауыс, дыбыс екпіні-үні, интонациясы) 38 пайыз, бейвербалды амалдармен 55 пайыз берілетіндігін, ал профессор Бердвислдің сөз арқылы қарым-қатынасты 35 пайыздан төмен, ал бейвербалды амалдармен қарым-қатынасты 65 пайыздан жоғары болатындығын келтірген ой-тұжырымдары бар [1. 13-б.].

Вербалды және бейвербалды қатынас түрлерін тіл білімінде **паралингвистика** зерттейді. «Паралингвистика» деген терминді 1940 жылдары ғалым А.Хилл енгізген. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «паралингвистика», «фонация» сөздеріне түсінік берілген: *«Паралингвистика – тіл білімінің фонациялық сипатын, қасиетін зерттейтін бөлімі»* [2. 667-б.], *«фонация – сөйлеу мүшелерінің әрекеті нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылу я жасалу процесі»* [2. 880-б.].

«Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде»: *«...Грек тілінен енген "para" сөзі "жанында, қасында" деген мағынаны білдіреді, яғни тілдік әрекеттің кез келген түрінің, атап айтқанда, жазба тіл, пантомимо тілі, өзіндік коды бар ым мен ишаратпен жарыса қолданылатын құбылыстар паралингвистикалық болып табылады»* –

деп келтіріледі [3. 5-б.].

«Ым – басқа адамға айтпақ ойды дене мүшелерінің, бет-ауыздың қимылымен жеткізу, қолмен, көзбен берілетін дыбыссыз ишара, белгі» [4. 652-б.], «ишарат – айтпақ ойды түрлі ым, қозғалыс, қимыл-белгі арқылы білдіру әдісі» [5. 392-б.] – деген тұжырымдар да жеткілікті.

Ойымызды, пікірімізді, сезімімізді жеткізу, айту, білдіру барысында сөзбен қатар бейвербалды амалдарды жиі қолданып жатамыз. Осы амалдарды ғалымдар зерттеген және олардың сөйлесудегі ерекшеліктерін анықтаған. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар вербалды амалдарға қарағанда басым екендігін көрсетеді. Сөйлесу, қарым-қатынас барысында адамның дене мүшелерінің қимыл-қозғалысының рөлі ерекше.

Л.Д.Столяренко мен С.И.Самыгиннің «Психология общения» оқу құралында былай делінген: «Невербальные средства общения изучают следующие науки.

1. Кинесика изучает внешние проявления человеческих чувств и эмоций; мимика изучает движения мышц лица, жестика исследует жестовые движения отдельных частей тела, пантомимика изучает моторику всего тела – позы, осанку, поклоны, походку.

2. Такесика изучает прикосновения в ситуации общения: рукопожатие, поцелуи, дотрагивание, поглаживание, отталкивание и пр.

3. Проксемика исследует расположение людей в пространстве при общении» [6. 12-б.]. Бұл жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі.

Бейвербалды амалдар – ауызекі сөйлеудің бөлігі.

Сөйлеушінің қимыл-қозғалысын, ым-ишарасын көріп, оның не жөнінде айтқысы келетінін білеміз және ойын түсінеміз. Дене қозғалысы, ым, бет, қол қимылы арқылы берілген бейвербалды амалдарды көркем шығармалардан көптеп кездестіреміз. Жазушылар аталмыш амалдар арқылы айтар ойын ұтымды жеткізіп, оқырманына кейіпкерінің бейнесін, мінез-құлқын дәл береді.

Талантты жазушы М.Мағауин «Тазының өлімі» туындысында бейвербалды амалдар арқылы кейіпкер ойын шебер берген. Мысалы: **1.** Бауырына басы (бауырына баса құшақтау), бетінен сүю, басынан сипау (кекілінен сипау) – еркелету, жақсы көру.

2. Құшақтау – сүйіспеншілік, қуану. **а.** «Бірақ иесі оған қараған жоқ, баланы бауырына басып, бетінен сүйіп жатыр. Әйткенмен де бала тез босанып, күшікке қайта қол созды» [7. 10-б.]. **ә.** Әділді бауырына баса құшақтап алған. Кекілінен сипай береді [7. 35-б.].

3. Құшақтай алып, омырауына бетін басып ұзақ жылады. ... Қозғалақтап бір орында отыра алмайды. Жан-жағына қораздана қарап, үйге жаңа біреу кіріп-шыққан сайын:

– «Ақ иіліп-бүгілмес» деген» [7. 35-б.]. Сөз зергері Әділдің ішкі сезімін оның әрекетімен жеткізеді.

– Еңбек біждің Кәмийа шіңіміждікі ғой, – дейді, аузы тола бауырсақты малжаңдай шайнаған қалпы Есенжолдың әйелі Айсұлу [7. 10-б.]. Жазушы малжаңдай шайнау арқылы Айсұлудың сөйлеу дағдысын шынайы береді.

Жымию, күлу – көңілдену.

1. Арақты кім ішеді, – деді Есенжол сепкіл беті шабдарлана жымыып [7. 11-б.]. **2.** Есенжол табалдырықтан аттай бере күліп бірдеңе деді де, әй-

шәй жоқ, төрге жайғасты [7. 36-б.].

Көзі жасаурау, жылау – қайғыру, күйзелу.

Тек ақ кебінге оралған мәйіт терең қабірге түсірілген кезде ғана көзі болмашы жасаурады. [7. 35-б.].

Тістену – қатты ызалану, ашулану. Жағасынан алу (жағасына жабысу) – бір-бірімен төбелесу, кектену, күш көрсету.

– Тоқтат, алаяқ малғұн! – Қазы Есенжолдың жағасынан ала түсті. Бұл кезде ауыл адамдары да жиналып қалған еді.

– Мінеки, көріңдер, ағайын, – деді Есенжол алақанын жая, екі қолын екі жаққа созып...

– Азғын! – деді Қазы тістеніп. – Аузыңды қан жалатайын ба?

– Ай, кетші әрі! – Есенжол жағасына жабысқан қолды оп-оңай ажыратып алды да, Қазыны бар пәрменімен итеріп жіберді. Жалп етіп қар үстіне отыра кеткен дұшпанына қарап:

– Маскүнем сорлы! – деп жирене мырс етті де, бұрылып жүре берді [7. 24-б.].

Адамдар арасындағы қарым-қатынас тек сөйлесумен ғана шектелмейді. Жазушы бейвербалды амалдар арқылы Есенжол мен Қазы арасындағы келіспеушілікті керемет жеткізеді.

Әдеп-ғұрыптық сипаттағы бейвербалды амалдар да бар. Солардың бірі – топырақ салу. Топырақ салу – көңіл жақындық. Жақын адамы қайтыс болғанда, топырақ сала алмаса, адам өкінген. Мысалы, «Тек ақ кебінге оралған мәйіт терең қабірге түсірілген кезде ғана көзі болмашы жасаурады. Үлкендердің айтуымен қолына алған бір уыс топырақты көкесінің үстіне септі де, артын күтпей бұрылып жүре берді» [7. 35-б.].

Бас изеу – амандасу, сәлемдесу, сұқ саусағын

ерніне апару – тыныштық сақтау, тыныштыққа шақыру мағынасындағы бейвербалды амалдар. «Мен табалдырықтан озып, кәрі жеңгемізге жеңіл ғана бас изеп, Ғабене көзім түсер-түспестен-ақ, оң қолының сұқ саусағын ерніне апарып, сәлемдесуге де, сөйлесуге де болмайды деген ишара жасады. Енді үнсіз, дымсыз қалпымда Ғабене бажайлай қарадым» [7. 119-б.]. («Ақыр-дүние».) Бажайлай қарау – адамның жан дүниесін білдіреді.

Ойды дәл, қысқа беру мақсатында кейде қол сілтеу кинемасы қолданылады: «Дем алыңыз, Ілеке...» – дедім. «Дем алам. Тек мына «Алтын Орданы» өткізіп алайын...» «Өндіріске әлі кетпеп пе еді?» Ілекең әлсіз қимылмен қолын сілтеді» [7. 123-б.]. («Ақыр-дүние».)

Адамдар бір-бірімен сөйлесу барысында дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы арқылы көңіл-күйін, сезімін білдіретін бейвербалды амалдарды жиі қолданады. Демек, дене мүшелерінің әсерімен ойды білдіру мүмкіндігі мол. Бейвербалды амалдар адами қарым-қатынас кезінде вербалды амалдармен қатар қолданылады да, белгілі қызмет атқарады.

Қорыта келгенде, бейвербалды амалдар тілдік бірліктердің сенімді, әсері күшті көмекші құралдары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли других людей по их жестам. – Нижний Новгород: Ай-Кью, 1992
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008

3. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Казахско-русский толковый словарь мимики и жестов в казахском языке. – Алматы, 2003

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007

6. Столяренко Л.Д., Самыгин С.И. Психология общения: учебник. – Ростов н/Д: Феникс, 2013

7. Мағауин М. Тазының өлімі. Хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004.

НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СПОСОБЫ КОММУНИКАЦИИ

В статье рассматриваются вопросы коммуникативных невербальных языковых способов, приводятся примеры из художественной литературы.

Ключевые слова: вербальная коммуникация, невербальная коммуникация, движение, жест, знак, устная речь, паралингвистика, фонация, значение слова, кинесика, такесика, проксемика, языковые единицы.

NONVERBAL MEANS OF COMMUNICATION

This article considers issues of nonverbal ways of communication. Examples from literature are given.

Key words: verbal communication, nonverbal communication, gestures, mimes, sign, oral speech, paralinguistics, phonation, meaning of the word, kinesics, tacesics, proxemics, language units.

К. Ә. ҚЫЛЫШБАЕВА,
ҚР білім беру ісінің
Құрметті қызметкері
№ 5 гимназия.
Астана қаласы

«МАХАМБЕТТАНУ» ТАҢДАМАЛЫ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

*(Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық
бағытындағы 10- сыныпқа арналған бағдарлама, аптасына
1сағат, барлығы 34сағат)*

Түсінік хат

Әр ұлттың еңсесін көтеретін, сол ұлттың рухын оятатын, өз ұлтын сүйіп, өз ұранына берілген зиялы жандарды бағалау – кейінгі ұрпақтың парызы. Махамбет жайында айтылатын ойлар қаһармандықты, шынайы өмір белестерін тану үшін, ұлттық рухымызды әр уақытта дамыту үшін аса қажет. Махамбетті жырлау – ұлт рухын жырлау деген тебіреністі тілеуден әр ұрпақ тәлім алса, тағылымы сонда болар еді. Өзін емес, қазақтың елі мен жерінің тағдырын ойлаған бір ақын болса, **ол – Махамбет**. Отанын шексіз сүйген батыр болса, **ол да – Махамбет**. Қазақ поэзиясының шырқау шыңдарында әрі ақын, әрі батыр, әрі күйші болып **өшпес із қалдырған да – Махамбет**.

Махамбетті садағына сары шіркей ұялатып, құлан ішпейтін қақтан су ішуге мәжбүр қылған – қыл үстінде тұрған халық тағдыры. Сондықтан да ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, еңку-еңку жер шалған,

беркініп садақ асынған ақын:

«Әлпештеп қолда өсірген

Туған ұлдан не пайда,

Қолына найза алмаса,

Атаның жолын қумаса?!» – деп, мақсатын ашық айтқан Махамбет өлеңдерінің бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берер тағылымы мол, ерлік пен елдіктің үлгісі.

«Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» деген қағидалы сөз бар. Оқушылар оқығандарын көңілге тоқи отырып, Махамбеттей елін, жерін сүйсе, Махамбеттей ақын, батыр болса, нұр үстіне нұр емес пе?!

Ал Махамбетті жырлау – халық рухын жырлау, адам бойына ізгі қасиеттерді дамытып, алдымен өзіне-өзі сыни көзқарасын қалыптастыру, сол арқылы өзгені танып, салыстыру нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды бағалау. Махамбеттей ақынның өмірі, жырлары – қазіргі ұрпақтың да зерделік қаруы болып, тәрбиелік мәні зор, игілігіне айналуы керек.

*«Фарабилер мен Бейбарыстардың
әсиеті де өзіңде,*

Махамбет сынды жолбарыстардың

қасиеті бар сөзіңде», – деп Ұ.Есдәулет айтқандай, «Махамбеттің қасиетті сөзі» деп баға беруі – әрбір жеке тұлғаға ой салуы қажет. **Неге десеніз?** Біз қасиет тұтатын, тәу етер жалғыз киеміз – **Тәуелсіздік** емес пе еді?! Сол Тәуелсіздік – Махамбеттің басты арманы болып, жанын отқа да салған, суға да салған сөз иесі – ақын, өнер иесі – күйші, іс иесі – батыр. Осындай қасиет басына қатар қонған Махамбет – туған халқының адал перзенті. Махамбеттей батырды күш сынасып емес, қапияда қолға түсірген екіжүзділердің қолынан қаза

тапқанда, тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен ақын «ауырды жаным, ауырды тәнім» демей, артымда қалған «елімнің», «жерімнің» тағдыры не болады? – деп аһ ұрған екен.

Елбасымыз Жолдауында: «...*Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. ...Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!*» – деп, аса тебіреніспен айтқан өзекті ойын қолдай келе, Мәңгілік Қазақтың Перзенті болу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтайтын, Махамбеттей бабамыздың бойындағы ұлттық рухты бойына сіңірген, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген аталы сөздің түп төркінін түсінген жеке тұлға тәрбиелесек, болашағымызға бағдар болатын, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін Мәңгілік Ел идеясы – қазақтың Мәңгілік Ғұмыры Мәңгілік Болашағын баянды етері даусыз мәселе.

Осы тұрғыдан келгенде, Махамбет өлеңдерін тәлім-тәрбиелік жағынан да, түр жағынан да қарастырып, олардың жанрлық тұрғыда сан алуандылығын да (бірі – дәстүрлі арнау, екіншісі – монолог немесе сырласу, толғаныс түрінде, енді бірі – романтизм бағытында, элегиялық сипатта, т.б) оқушы бойына дарыту. Махамбетті таныту, дәріптеу арқылы батырлықты асқақтату, рухты көтеру, шын ерлік пен елдікті көңілге ұялату – ортақ идеялық мазмұн.

«Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек», – деген Елбасымыздың

сөзін басты ұстаным етіп, аты аңызға, өмірі өнегеге, өнері ұранға, жырлары нақылға айналып кеткен тағылымдық мәні бар өлеңдерімен артына өшпес мол мұра қалдырған, халық рухының көрінісіне айналған Махамбеттей өршіл рухты ақынның тәлімін оқушы бойына дарыту мақсатында, әрі мұғалімдерге көмекші құрал ретінде **«Махамбеттану» курсының бағдарламасы мен Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалар» атты оқу- әдістеме құралын** дайындадым. Бұл жұмыста оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдері арқылы Блум таксономиясының деңгейлері негізінде Махамбет өлеңдеріне жан-жақты талдау жасалды.

Елбасымыз өз жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. ... Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді», – деген болса, сол «Азаттық. Тәуелсіздік. Мәңгілік ел.» – Махамбет жырларының ұлттық мұраты еді. Махамбеттей ақынның өмірін, жырларын оқыту арқылы – байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Сондықтан да «Махамбеттану» курсының оқытылуы – егеменді елдіктің өшпес рухының дәлелі, жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі.

«Махамбеттану» курсының оқыту барысында ақынның өмірі мен шығармашылығын көтеріліс тарихымен тұтастықта қарап, мынандай бөлімдерге бөліп, оқытуды негізге алдық:

1. Ақын өлеңдеріндегі жауынгерлік рух, патриотизм тағылымы;
2. Көтеріліс қолбасшысы – Исатай батырдың бейнесі;

3. Ақынның өз бейнесі;
4. Көтерілістің негізгі қайнар күші – халық бейнесінің, сарбаздардың суреттелу тұстары;
5. Ақын өлеңдерінің көркемдік құрылысы мен тілдік ерекшеліктері.

Курстың мақсаты:

– Махамбеттей ақынның өмірін, жырларын оқыту арқылы – туған жерді Махамбетше сүйеге, бабалардың ерлік рухын сезінуге, тәуелсіздігімізді сақтайтын, Мәңгілік Елдің білімді де білікті ұрпағын тәрбиелеу.

Курстың міндеттері:

- Махамбеттің елдікті, ерлікті жырлаған ұлтжанды ақын екендігін білу;
- Ақын жырларын өмірімен, көтеріліс тарихымен бірлікте қарастырып, батырлардың әдеби бейнесін, шығармаларының мәнін ашу;
- Махамбет шығармашылығының бүгінгі көкейкесті мәселелерге үндестігін аңғарту, ақын шығармашылығы мен өмірін тануға құштарлығын тудыру.

Курсты оқыту барысында оқушы дайындығына қойылатын талап:

1. Ақын өлеңдерін көтеріліс тарихымен тұтастықта қарастыру;
2. Ақын поэзиясын өр рухпен терең түсініп оқи білуге баулу;
3. Өлеңнің негізгі идеясын танытатын үзінділерді тандап, таба білуге және жатқа оқу қабілеттерін ұштау;
4. Мәтіндегі көнерген сөздермен сөздік жұмысын жүргізу;
5. Ақын өлеңдерінен үзінді оқып, өлеңнің атын таптыру;

6. Ақын шығармашылығы бойынша ойтолғау, эссе жаздырту.

7. Тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйрету;

8. Түсініктерді деректермен, дәйексөзбен дәлелдеуге жаттықтыру;

9. Өлең талдау дағдыларына, өлең оқу саздылығына үйрету;

10. Ақын өлеңдерін өмірімен байланыстыру арқылы пікір, жоба дайындай білу.

– *Махамбеттен...* (өлеңін жатқа айтады);

– *Махамбетше...* (өз туындысын оқиды);

– *Махамбетке...* (Арнау өлеңдері);

– *Махамбеттей...* (Ұлылар айтқан сөздерден ой қорыту).

Ақын өлеңдерін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. Блум жүйесі бойынша талдауға дағдыландыру (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау)
2. Проблемалық сұрақтарға негізделген пікір-сұхбат.
3. Ақын өлеңдерінің тіл бедерін сипаттау.
4. Жеке тұлға қиялына ерік беру.
 - а) *«Махамбетше жырласам...»*
 - б) *«Егер мен ақын болсам...»*
5. Өлең тіліне тұжырым – балама болжам жасау.
6. Өз ойымен өлең мазмұнын сәйкестендіру.
7. Шығарма тақырыбы жайлы ойтолғау.
8. Автор шығармасымен оқушы шығармасының тілдік ерекшелігіндегі байланысты салыстыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдана білу, біліктерін қалыптастыру.

2. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, тіл шеберлігін жетілдіру.
3. Ақын өлеңдерінің көркемдік құрылысы мен тілдік ерекшеліктерін талдай білу.
4. «Махамбетше толғансам...» атты ақындық орта қалыптастыру.
5. Оқушының зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа бағыттау, Махамбет оқуына қатыстыру.

Курс бағдарламасының мазмұны мен құрылымы:

1. Махамбеттің ақындық өнеріндегі адам орны **(5 сағат)**.

Махамбеттің ақындық өнеріндегі адам орны, өмір мұраты, халық тұрмысы, отаршыл елдің өктем озбырлығы, дос-дұшпан сипаттары, әлеуметтік мәні, тарихи-халықтық қасиеті мен көркемдік-танымдық ерекшеліктері.

2. Махамбет поэзиясындағы ұлт мұраты **(4 сағат)**.

Махамбет (ұлт мұратына адалдықтан, ел-жер қадіріне құрметпен қараудан, адамдық істі ардақтаудан, елдік-батырлық әрекетті қолдап, қамқорлық көрсетуден) туған жерн қызғыштай қорыған, алтын бесігі үшін басын өлімге тіккен, қазақтың қаһармандығын жырлаған ақын екендігі.

3. Махамбет бойындағы ақберен батырлық **(6 сағат)**.

Махамбет – ерлік поэзиясын жасаған ақын, жырларындағы ерлік рухы, батырлық рухы, елдік қасиет пен ерлік салт, өрліктің белгі-бедерлері. «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөз» атты ұзақ өлеңіндегі әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттар.

4. Махамбет жырларындағы ақынның өз бейнесі **(4**

сағат).

Махамбет өлеңдерінде ақынның өз бейнесі, ақындық «Меннің» берілуі «Еңселігім екі елі», «Сөйлесем даусым аңқыған», «Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын», «Мен – ақсұңқардан туған құмаймын», «Мен – тауда ойнаған қарт марал», «Мен – ақсұңқар құстың сойы едім», «Менің атым – Махамбет», «Еріскендей ер болса» атты өлеңдеріндегі әрбір іс-әрекеттің өмір-уақыт таңбасында бедерленіп берілуі. Әрбір жеке тұлғаның «Менін» ашуға әсері.

5. Махамбет өлеңдеріндегі нақылға айналып кеткен – афоризмдер **(3 сағат)**.

Махамбет – батыр әрі жырау, шыншыл да сыншыл ақын екендігі. Ақын жүрегінен туған афоризмдер – ауызекі сөз арасында, қисынды жерлерде қиыстыра айтып жіберуге ыңғайлы қанатты сөздер екендігіне талдау жасау.

6. Махамбет жырларындағы табиғат көрінісі, оны адам тіршілігімен байланыстыра жырлауы **(3 сағат)**.

Махамбет жырларындағы туған жерге, оның табиғатына деген асқан сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерінің берілуі. Табиғат құбылысын адам тіршілігімен және табиғаттағы көріністі жан-жануарлар мен құс тіршілігіне байланыстыра жырлауы – Махамбет поэзиясының басты ерекшелігі екендігіне тоқталу.

7. Махамбет поэзиясының көркемдік ерекшеліктері **(5 сағат)**.

Махамбет поэзиясындағы өмір мұратын, тарихи оқиғалар шындығын, соған өзінің қатысы мен көзқарасын айқын, көркем, бейнелі жеткізудегі ерекшеліктеріне талдау жасау.

8. Шығармашылық жұмыс **(4 сағат)**.

34 сағат, аптасына 1 сағат

№	Тақырыптар	Сағат саны	мерзімі	Сабак технологиясы	Пән аралық байланыс	Оқыту формасы
I	Махамбеттің ақындық өнеріндегі адам орны	5		Блум жүйесі бойынша талдау	Әдебиет, қазақ тілі, тарих	Оқушы кітап мұғалім Өздік, ұжымдық
1.	«Жалған дүние»	1				
2.	«Арғымақтан туған қазанат»	1				
3.	«Арқаның қызыл изені»	1				
4.	«Жалғыздық»	1				
5.	«Атадан туған ардақты ер»	1				
II	Махамбет поэзиясындағы ұлт мұраты	4				
6.	«Қызғыш құс», «Айғайласып жауға ти»	2				
7.	«Бағаналы терек», «Тілек»	2				
III	Махамбет бойындағы ақберен батырлық	6				
8.	«Мен, мен, мен едім» («Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» өлеңдерінің тарауынан қарау)»	2				
9.	«Соғыс»	1				
10.	«Ереуіл атқа ер салмай»	1				
11.	«Орай да борай қар жауса»	1				
12.	«Толарсақтан саз кешіп»	1				
13.	Шығарма «Ел қамқоры – Махамбет»	2				
IV	Махамбет жырларындағы ақынның өз бейнесі	4				
14.	«Менің атым - Махамбет» «Сөйлесем, даусым аңқыған» «Мен едім»	1				

15.	«Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын», «Еріскендей ер болса»	1		Блум жүйесі бойынша талдау	Әдебиет, қазақ тілі, тарих	Оқушы кітап мұғалім Өздік, ұжымдық
16.	«Мен – ақсұңқардан туған құмаймын», «Мен – тауда ойнаған қарт марал».	1				
17.	«Еңселігім екі елі» «Мен – ақсұңқар құстың сойы едім» («Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» өлеңдерінің тарауынан қарау).	1				
V	Махамбет өлеңдеріндегі нақылға айналып кеткен – афоризмдер.	3				
18.	Өлеңдеріндегі өмір философиясы	1				
19.	Ерлік, адамгершілік, достық туралы нақылдары.	2				
VI	Махамбет жырларындағы табиғат көрінісі оны адам тіршілігімен байланыстыра жырлауы.	3				
20.	«Нарында».	2				
21.	«Адыра қалған Нарын».	1				
VII	Махамбет поэзиясының көркемдік ерекшеліктері.	5				
22.	Махамбет өлеңдеріндегі тақырып, мазмұн, түр.	2				

23.	Махамбет өлеңдерінің құрылысы, ұйқас, буын түрлері.	2				
24.	Махамбет өлеңдеріндегі көркемдегіш құралдар.	1				
25.	Шығарма «Махамбет – ақын, жырау әрі батыр».	2				

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан жолы – 2050 : Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014.
2. Махамбет. Жорық жырлары. Алматы, 2007.
3. Қ.Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы, 2006.
4. Р. Тұрысбек. Ұлт мұраты және руханият. Астана, 2008.
5. А.Тәжіғалиева. Махамбет – ғасырлар жыры. «Өлке», 2007.
6. Қ.Бітібаева. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту әдістемесі. Алматы, 1997.
7. К.Қылышбаева. Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту – Блум таксономиясының ұтымдылығы, Астана 2010.
8. К.Қылышбаева. «Махамбеттану» курсының Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалары, Астана 2014.

Г.ТАЙШЫБАЕВА,
«Талап мектеп-бөбекжай» кешені»,
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жұбан ауылы

«ЖҰБАНТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

(9-сынып

34 сағат аптасына 1 сағат).

Түсінік хат

Өлең сөздің шебері, не жазса да өлең өнерімен, жыр тілімен жеткізе білген Ж.Молдағалиев есімін ерекше атауға болады. Жүректерді өлеңнің күдіретті жылуымен ерітіп, поэзия әлемінің биік шындарын өз еркіне бағындырған Жайықтан шыққан азамат Жұбан ақын жыр сүйер қауымның, поэзия жанашырларының сүйікті ақынына айналды.

Шығармашылық қолтаңбасы ешкімге ұқсамайтын ақынның әрбір туындысы бүгінде нақты таңдауды, сөз күдіретін танытудағы өзіндік шеберлік өрнегін кеңінен әңгімелеуді, өлең-жырларының көркемдік ерекшелігін айқындауды қажет етеді.

Ж.Молдағалиев шығармаларымен танысу – өткен тарихтан қорытынды жасап, бүгінгі өмірде ұтымды пайдалану ғана емес, ертеңгі ұрпаққа жол сілтеуге де қажеті. Ж.Молдағалиев – өмірін шығармашылық

ізденіспен өткізген, саяси оқиғаларға белсене араласқан, тамаша шығармаларымен тәнті ете білген ақын.

«Жұбантану» курсы халқы сүйген ақынға айналған әрі қазақ әдебиетіне үлес қосқан ақын Ж.Молдағалиевтің тәрбиелік мәні зор мұрасын оқуға арналған.

Жұбантану мәселелері бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі ғалымдар мен зерттеушілердің жазбалары енгізіле отырып, оқушы жасына сай жасалды.

Курс бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Оқушыны өзіндік ізденістерге негіздей отырып, Ж. Молдағалиев туралы мағлұмат беру, шығармаларын оқып, өз бетімен талдай білуге, жатқа айтуға, пікір айтуға ықпал ету;

Ақын шығармаларымен терең танысу, поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырып, әдеби-эстетикалық талғамын дамыту;

Ақын шығармаларындағы шырайлы сөз сипаты арқылы бейнелі ойлау дағдысын жетілдіру;

Ақынның танымдық, тағылымдық тақырыпта жазылған өлеңдері арқылы адамгершілікке, ізгілікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу;

Өлеңдерін талдау, саралау арқылы ғылыми-зерттеушілік жұмысқа баулу;

Әр өлең жолдарының табиғатына тән сиқырлы сыр мен астарлы ойдың тереңіне бойлап, өзінше пайымдай алар білік-дағдысын жетілдіру.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1.	Ж.Молдағалиев өмірі туралы.	1	
2.	Ж. Молдағалиев жайлы естеліктер.	1	
3.	”Жағанда тұрмын Жайығым“.	1	
4.	Туған жер тақырыбына арналған жырлары.	1	
5.	«Туған жер» поэмасы.	1	
6.	Шығармадағы жер-су, адам аттары.	1	
7.	Ақынның соғыс жылдарындағы отты өлеңдері.	1	
8.	«Жауынгерлер хатынан», «Жеңімпаздар сәлемі», «Жеңіс туы» «Қан басқан қағаз» т.б.өлеңдері.	1	
9.	Ақын шығармаларындағы патриоттық тәрбие.	1	
10.	«Отан», «Нарынға сәлем» өлеңдері.	1	
11 - 12.	«Қыран дала», «Байқоңыр баспалдақтары» поэмасы.	2	
13.	«Мен қазақпын» поэмасы.	1	
14.	«Мен қазақпын»поэмасы.	1	
15.	Адамгершілік тақырыбына жазылған өлеңдері.	1	
16.	«Ар-ұят туралы, өмір жайлы өлеңдері.	1	
17.	«Ана туралы баллада», «Түсімде көрдім, анажан»	1	

18.	Ана тақырыбына арналған өлеңдері.	1	
19.	«Жесір тағдыры» поэмасы.	1	
20.	Зеріп ана бейнесі.	1	
21.	Ақын шығармаларындағы достықты дәріптеуі.	1	
22.	«Айттым сәлем» поэмасы.	1	
23 - 24.	«Сел» поэмасы.	2	
25 - 26.	«Қызыл галстук» поэмасы.	2	
27 - 28.	«Кісен ашқан» поэмасы.	2	
29.	«Жыр туралы жыр» поэмасы.	1	
30.	Жұбан және желтоқсан.	1	
31.	Ерлікті көзбен көрген күн.	1	
32.	Жұбан сөзіне жазылған әндер.	1	
33.	Қазақтың Жұбаны.	1	
34.	Жұбан жайлы жыр жазсам.	1	

Қолданылған әдебиеттер

1. Ж.Молдағалиев шығармалар жинағы 1-2 том.
2. «Қазақтың Жұбаны».
3. Ж.Молдағалиев жайлы естеліктер жинағы.
4. Ақын өмірі жайлы деректер.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ТАУДАНБЕКОВА,
 ”Жамбыл орта мектебі“ КММ.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Қатонқарағай ауданы,
 Жамбыл ауылы



Б.СОҚПАҚБАЕВ ”МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА“



3-сабақ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын аша алады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы кейіпкерлер туралы ойларын, пікірлерін еркін айта алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түйе алады, кейіпкерлер болмысын дәлелдейді, сынға алады, талдайды.
Бағалау критерийі	* Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды. * Талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттайды.

Т і л д і к мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын аша алады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Галифе.
	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:
	Талқылауға арналған сұрақтар: (тыңдалым) – Қалай ойлайсындар, әдепті жолға түсуіне не себепкер? Қазіргі таңда әр сыныпта Қожа, Сұлтан сияқты балалар бар деп ойлайсындар ма?
	Не себепті деп ойлайсың? (айтылым) «Түбінде адам болатын бала» деген пікірді шығармадағы қандай оқиғамен дәлелдеуге болады? Жазылым бойынша: Бес жолды өлең құрау.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» атты тармағындағы идеялар – Б.Сокпақбаевтың «Менің атым – Қожа» хикаятындағы адамгершілік қасиеттер – Қожа бейнесі арқылы оқырманға жеткізіледі.
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі

Алдыңғы оқу	Б.Сокпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты.																														
Жоспар:																															
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар																													
Сабақтың басы 7 минут	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу. Көзбен, иықпен, тіземен амандасу. Психологиялық ахуал туғызу. Шеңберге тұрғызып, өз есімінің басқы әрпінен басталатын дыбыстан бір-біріне тілек айтқызу. Үй тапсырмасын тексеру: «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі Тапсырма №1: Шығарманың мазмұны бойынша өткен сабақты еске түсіру.	 «Өзін-өзі бағалау» парағы Фишкалар																													
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Критерий</th> <th>дескриптор</th> <th>ұнай</th> <th>баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td>Хикаят дегеніміз не? Басқа жанрдан қандай ерекшелігі бар?</td> <td>1</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Не ені біледі</td> <td>«Менің атым – Қожа» хикаятының авторы кім?</td> <td>2</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>«Менің атым – Қожа» киносының режиссері кім?</td> <td>2</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>«Менің атым – Қожа» хикаятының тақырыбы не?</td> <td>3</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>«Менің атым – Қожа» хикаятының негізгі идеясы не?</td> <td>3</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>«Менің атым – Қожа» хикаятының қысқаша мазмұны</td> <td>3</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>			Критерий	дескриптор	ұнай	баға		Хикаят дегеніміз не? Басқа жанрдан қандай ерекшелігі бар?	1		Не ені біледі	«Менің атым – Қожа» хикаятының авторы кім?	2			«Менің атым – Қожа» киносының режиссері кім?	2			«Менің атым – Қожа» хикаятының тақырыбы не?	3			«Менің атым – Қожа» хикаятының негізгі идеясы не?	3			«Менің атым – Қожа» хикаятының қысқаша мазмұны	3	
	Критерий			дескриптор	ұнай	баға																									
				Хикаят дегеніміз не? Басқа жанрдан қандай ерекшелігі бар?	1																										
	Не ені біледі			«Менің атым – Қожа» хикаятының авторы кім?	2																										
				«Менің атым – Қожа» киносының режиссері кім?	2																										
				«Менің атым – Қожа» хикаятының тақырыбы не?	3																										
				«Менің атым – Қожа» хикаятының негізгі идеясы не?	3																										
	«Менің атым – Қожа» хикаятының қысқаша мазмұны	3																													
ТАӘ _____																															
Баға: 12-14 ұнай –«5», 9-12 ұнай - 4, 5-9 ұнай –«3»																															
Алдын ала «Өзін-өзі бағалау» парағы таратылады.																															
Топқа бөлу: Фишкалар арқылы 1,2,3 сандары жазылған стикер																															

Сабақтың ортасы	Т. Тапсырма №2 «Лоторея барабаны» (10 минут) Берілген үзінділер арқылы кейіпкерлерді анықтау және образын суреттеп сипаттау.			<i>Б і р і н ш і о р ы н д а н б і т к е н т о п «Уш шапалақ» әдісін қолданады.</i> <i>Қ и м а қағаздар</i> <i>Әр топқа 3 сұрақтан</i> <i>Әр топ бірін бірі «Бас б а р м а қ» әдісі арқылы бағалайды.</i>  <i>«Қоллаштау» әдісі</i> 																																					
	33 минут	<table border="1"> <tr> <th>№</th> <th>Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті</th> <th>Бұл кім? Бұл қай ест?</th> <th>Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипатта.</th> </tr> <tr> <td>1.</td> <td>Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td>Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұнақ боласың дейді.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td>Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыбырлап – сыпсындағыш</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4.</td> <td>“Мен сенің әкене қарыздар адаммын.Менің мойнымда оның тиыны емес, бақандай бір қарасы жүр.”</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5.</td> <td>“ Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады,өзін таныстырды...”</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>6.</td> <td>Галифе шалбар киген жінішке аяқтары сидиып, шашы қак жарыла желбіреп, қаздыып тұр.”</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>7.</td> <td>Сен оқуды тастасаң,маған ілесіп тастады деп әкеуімзді бірдей құдалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бір, болып шығарсың.Сонда маған шапағатың тиер.”</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>8.</td> <td>“Маңдайдан буым бүркырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?”</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>9.</td> <td>“Төбемнен жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалымда орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бүрк етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін, ай!” “Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірнеңеке ұқсар деймін.”</td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	№		Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті	Бұл кім? Бұл қай ест?	Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипатта.	1.	Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес.			2.	Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұнақ боласың дейді.			3.	Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыбырлап – сыпсындағыш			4.	“Мен сенің әкене қарыздар адаммын.Менің мойнымда оның тиыны емес, бақандай бір қарасы жүр.”			5.	“ Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады,өзін таныстырды...”			6.	Галифе шалбар киген жінішке аяқтары сидиып, шашы қак жарыла желбіреп, қаздыып тұр.”			7.	Сен оқуды тастасаң,маған ілесіп тастады деп әкеуімзді бірдей құдалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бір, болып шығарсың.Сонда маған шапағатың тиер.”			8.	“Маңдайдан буым бүркырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?”			9.	“Төбемнен жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалымда орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бүрк етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін, ай!” “Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірнеңеке ұқсар деймін.”
№	Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті	Бұл кім? Бұл қай ест?	Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипатта.																																						
1.	Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес.																																								
2.	Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұнақ боласың дейді.																																								
3.	Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыбырлап – сыпсындағыш																																								
4.	“Мен сенің әкене қарыздар адаммын.Менің мойнымда оның тиыны емес, бақандай бір қарасы жүр.”																																								
5.	“ Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады,өзін таныстырды...”																																								
6.	Галифе шалбар киген жінішке аяқтары сидиып, шашы қак жарыла желбіреп, қаздыып тұр.”																																								
7.	Сен оқуды тастасаң,маған ілесіп тастады деп әкеуімзді бірдей құдалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бір, болып шығарсың.Сонда маған шапағатың тиер.”																																								
8.	“Маңдайдан буым бүркырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?”																																								
9.	“Төбемнен жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалымда орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім. Маңдайымнан бүрк етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін, ай!” “Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірнеңеке ұқсар деймін.”																																								
	Бағалау критерийі * Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасай алады, саралай алады. * Талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттайды. (Ширату жаттығулары: кинофильмнен үзінді көрсету арқылы әр кейіпкер бойындағы қасиеттер туралы толық мәлімет беру) 5 минут Топқа бөлу: қызыл, жасыл, сары стикер арқылы Т. Саралау тапсырмалары №3 15 минут Қолдауды көп қажет ететін оқушы:	<i>д о ң ғ е й л і к тапсырмалар қызыл, жасыл, сары стикер</i>																																							

	“Теріп алу” әдісі (Жазылым) Тапсырма Қожа мен Жантастың мінезінә тән сөздерді теріп жаз. Алғыр, пысық, өтірікші, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, әділетті, ақын, әзілшіл, арамза, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі, жағымсыз Қолдауды аз қажет ететін оқушы: Тапсырма: Қожа бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді тізбесін жасау. Оның ішінде қай қары басым екенін шығарма мазмұнына сүйене отырып түсіндіру. «Пікірталас картасы» <table border="1"> <tr> <td>ИЯ</td> <td>ЖОҚ</td> </tr> <tr> <td>дәлелдемелер</td> <td>дәлелдемелер</td> </tr> </table> Оқушы Қожаның жағымды жақтары: Өз ісіне есеп бере алады; Жағымсыз іс-әрекеттерін жөндеуге талаптанады; Өз-өзін тәрбиелейді; Үлкенді сыйлайды. Қожаның жағымсыз жақтары: Тәртіпсіз (Сабақтан қалады және үнемі кешігеді, сабақ үстінде тыныш отырмайды...); Аңқау, өтірікші, сотқар (Таспен атқылау); Қолдауды қажет етпейтін оқушы: «Ой тастау» әдісі <i>Қожаның әдепті жолға түсуіне не себепкер болды?</i> <i>Қазіргі таңда әр сыныпта Қожа, Сұлтан сияқты балалар бар деп ойлайсыңдар ма? «Түбінде адам болатын бала» деген пікірді шығармадағы қандай оқиғамен дәлелдеуге болады?</i> Бағалау критерийі Кейіпкердің жағымды, жағымсыз қасиеттерін анықтай алады. Өз ойын еркін жеткізе алады, дәлелдей алады, саралай алады. Топқа бөлу: 3 минут Тапсырма: №4 Шығарманың басты кейіпкерлері Қожаберген, Жантас, Жанар сөздеріне «Бес жолды өлең» құрау: <ul style="list-style-type: none"> • Бір зат есім • Екі сын есім • Үш етістік • Мағыналы сөйлем (қанатты сөз, мақал алуға болады) *Тақырыпты айқындайтын сөзге синоним сөздер. I - топ “Қожаберген II - топ “Жантас” III - топ “Жанар” Бағалау критерийі *Бес жолды өлең құрай алады. *Өлеңнің идеясын аша алады. *Өз ойларын жеткізе алады.	ИЯ	ЖОҚ	дәлелдемелер	дәлелдемелер	Геометриялық пішіндер арқылы 
ИЯ	ЖОҚ					
дәлелдемелер	дәлелдемелер					
Сабақтың Соны 5 минут	Кері байланыс: «Шыңға шығу» әдісі арқылы шығармадағы адамгершілік қасиеттерді шыңның басына төменнен жоғары қарай орналастырады Қ.Б. «Тазалық» әдісі арқылы бағаланады. Үй тапсырмасы: «Қожа бізге үлгі бола ала ма?» эссе жазу.					
Қосымша мәлімет						

Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)
Оқу үдерісі оқушылардың әр түрлі топтарына арнайы бағдарлайды. Оқушылардың даму үдерістеріне қолдау көрсетілді. Қалыптастырушы бағалау оқуды қолдады.	Алған білімін қорытындылау мақсатында «Шыңға шығу»жері байланысы ұсынылады. «Бас бармақ» және «Қолпаштау» , «Тазалық» әдістері арқылы топтық жұмыс жасап отырғандармен коса, сабақта белсенді қатысып отырған оқушылар мадақтаумен бағаланатын болады.	Жазылым тапсырмалары болғандықтан, қазақ тілі пәнімен байланысады. АКТ-дан бейнероликтер ұсынылады. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді дәріптеу және жалпыұлттық құндылығымызды жетілдіруге бағытталады.

Д.КУШЕНБАЕВА,
Жалғансай орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Атырау облысы,
Махамбет ауданы,
Жалғансай орта мектебі

С.СЕЙФУЛЛИН “ДАЛАДА”

Сабақтың тақырыбы:	С.Сейфуллин «Далада»	
Пәнаралық байланыс:	тарих, география, қазақ тілі.	
Сабақ негізделген оқу мақсаты	Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығынан мәлімет алу, өлеңді мәнерлеп оқып, тақырыбын, идеясын ашу, талдау.	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: ақынды танып біледі. Оқушылардың басым бөлігі: ақынның шығармашылығынан мәлімет алады, өлеңді мәнерлеп оқиды, өз ойларын айтады.	
	Кейбір оқушылар: шығармашылық ізденістері қалыптасады, өлеңді талдайды, өз ойларын еркін айтып, өзіндік ой қорытындысын жасай алады.	
Алдыңғы оқу	Сәбит Дөнентаевтың өлеңдерін оқып келу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар

<p>Басталуы</p>	<p>I. Ұйымдастыру: «Шаттық шеңбері» арқылы оқушыларды шеңберге тұрғызып, ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсіру. Оқушыларды (<i>жүген, құрық, ноқта</i>) сөздері арқылы үш топқа бөлу.</p> <p>Үй жұмысын тексеру. II. «Серпілген сауал» арқылы үй тапсырмасын сұрау. 1. С. Дөнентаев қай жылдары өмір сүрді? 2. Қай жерде туып өскен? 3. Ұрпақтары бар ма? 4. Атқарған қызметтері? 5. Акынның қандай шығармаларымен таныстық? 1-топ: «Бозторғай» өлеңінің мазмұнын айту, идеясын ашу; 2-топ: «Заман кімдікі?» өлеңінің негізгі идеясы, мазмұны; 3-топ: «Ой» өлеңін жатқа айту.</p>	<p>6-сынып қазақ әдебиеті оқулығы, қазақ тілі мен әдебиеті журналы, интерактивті тақта, слайдтар, А3, маркер</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді, топқа берілген тапсырманы орындайды.</p>
	<p>III. Мағынаны тану. Сәкен Сейфуллиннің өмір жолына тоқталу. «Ой қозғау» С. Сейфуллин өмірін хронологиялық кесте бойынша түсіндіру. С. Сейфуллин кім? (<i>Лирик, кең құлашты эпик ақын, қоғам қайраткері, драматург, жазушы</i>) 1894 ж. – Қарашілдікте дүниеге келген. 1905 ж. – Нилді орыс - қазақ мектебіне түсті (Өспен ауылы). 1913 ж. – Омбы семинариясына түсті. 1916 ж. – Бұғалы мектебін ашты. 1922 ж. – «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы шықты. 1926 ж. – Гүлбаһрам Батырбекқызына үйленеді. 1938 ж. – С. Сейфуллин өмірден өтті.</p>	<p>Оқушылар кесте арқылы ақынның өмірімен танысады.</p>




	<p>IV. Тақта арқылы сызба көрсету. <i>«Абайдың інілері, қазақтың ірілері – Сәкен, Лияс, Бейімбет» – деп ақын жырлағандай, бүгінгі сабағымызда үш бәйтерегіміздің бірі – Сәкен Сейфуллиннің 1922 жылы жарық көрген «Асау тұлпар» кітабының алғашқы бетіне арнау түрінде жазылған «Далада» өлеңімен танысамыз.</i> Оқушыларға С. Сейфуллиннің «Далада» өлеңі туралы бейнероликті көрсету. «Далада» өлеңін мәнерлеп оқу.</p>	<p>Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқиды.</p>
	<p>V. Сөздікпен жұмыс: <i>Құрық тимеген – үйретілмеген, мінілмеген, шу, асау;</i> <i>Жүген – жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар қайыстан жасалған әбзел;</i> <i>Құрық – жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық;</i> <i>Ноқта - жылқының басына тұмсығы арқылы килетін ат әбзелі;</i> <i>Көрік – қамірді үрлеп темірді қыздыру үшін пайдаланатын темірден жасалған үрлеуші.</i></p>	
<p>Т о п т ы қ жұмыстар</p>	<p>1-топ: Өлеңнің негізгі идеясы, тақырыбы? 2-топ: Ақын өлеңін неліктен жастарға арнады? 3-топ: Өлең құрылысына талдау жасау.</p>	<p>Әр топ берілген тапсырманы орындайды.</p>
<p>Сергіту сәті</p>	<p>«Далада» сөзіне фонетикалық талдау жаса.</p>	<p>Оқушылар “далада” сөзіне дыбыстық талдау жасайды.</p>
	<p>Өлеңнен көркемдегіш тәсілдерді табу: 1-топ: теңеулерді; (шелектей, көріктей, өріктей) 2-топ: риторикалық сұраулы сөйлемдерді; 3-топ: эпитеттерді табу. (қиырсыз дала, кең дала, күшті дауыл, құрақты көк өзен)</p>	<p>Оқушылар өлеңнен теңеуді, риторикалық сөйлемдерді, эпитеттерді іздеп табады.</p>

БЕСІККЕ САЛУ

Аяқталуы Қорытындылау	<p>Сабақты бекіту. «Дұрыс, бұрыс» тәсілі бойынша сабақты қорытындылау. – Мен бірнеше сөйлемдер оқимын, олар дұрыс немесе бұрыс болуы мүмкін, менің ойыммен келіссеңдер ”+“, келіспесеңдер ”–“ деген таңба қойыңдар. 1.С.Сейфуллин Сарыарқаның даласында Қарағанды облысында туған. 2.Сәкеннің шын аты – Сырымбет. 3. С.Сейфуллин 1916 жылы Омбыда оқытушылар семинариясын аяқтайды. 4.Оның «Далада» өлеңінің негізгі тақырыбы – бостандық. 5.Өлеңде жас баладай –тенеу болады. 6. С.Сейфуллиннің поэмалары: «Далада», «Аққудың айырылуы», «Қызыл ат».</p>	Қорытындылау тест арқылы алған білімдерін бекіту.
Үйге тапсырма	«Сәкен – лирик ақын» тақырыбында реферат жазу. Өлеңнің қалаған шумағын жаттау.	Күнделіктеріне жазып алу
Қ о с ы м ш а ақпарат	Интернеттен Сәкен туралы қосымша мәліметтер іздеп, тауып келу.	
Бағалау	Сабаққа жақсы қатысып отырған оқушыны мадақтап, смайликтер беру.	Оқушыларды бағалау
Рефлексия	Мұғалім пікірі:	
Қорытынды бағамдау:		

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы	Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер.
Сабақтың тақырыбы:	Бесікке салу.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5 Т\А4 Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер бойынша тақырыпты болжайды.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіндегі негізгі ойды түсіндіреді, мәтіндегі ойды болжап, байланысын анықтайды.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Ақпараттық дерексөздермен жұмыстана біледі. Өзіндік пікірлерін нақты дәлелдермен қорытындылайды.
Бағалау критерийі	1.Берілген суреттер мен бейнежазбаға қатысты тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды.
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Бесік - жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек. Түбек - сәбиді бесікке бөлегенде, жаялығы былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан киіз не басқа зат.

	<p>Ағаш бесік - нәрестені бөлеуге арналған ағаштан жасалған төсек.</p> <p>Тыштырма - шашуға әкелген құрт, май, бауырсақты уыстап алып, бесіктің түбек байлайтын тесігінен өткізетін дәм.</p> <p>Аттың жалы - бала шабандоз болсын, аттай жүйрік болсын деген ырым.</p> <p>Бесікті алып қашу - бүлдіршіннің ата-анасы кәдесыйларын бергенше, баланы қайтармау салты.</p>	
Құндылықтарға баулу	Отбасындағы дәстүрлерді құрметтеу.	
Пәнаралық байланыс	этноәдениет, музыка.	
Алдыңғы оқу:	Оқушылар бесікке салу дәстүрі туралы біледі, тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы болжау дағдылары бар.	
Жоспар		
Уақыты	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы минут	<p>Оқушыларды топқа бөлу. <i>Шашу шашу.</i> Оқушыларға шашылған шашуда <i>бауырсақ, құрт, кәмпиттің біреуін алу</i> ескертіледі. Алған шашуларына қарап оқушылар 3 топқа бөлінеді. – Неліктен бүгінгі сабақ шашу шашудан басталды деп ойлайсындар?</p>	Бауырсақ Құрт Кәмпит

	<p>Иллюстрациялық суреттер ұсыну. «Ой қозғау»</p>								
	 <p>Бала- өмірдің жалғасы</p>	 <p>Әже әлді.</p>	 <p>Бесік тербеткен ана.</p>						
	<p>Бұл суреттерде қандай отбасылық мерекелер бейнеленген? Бұл суреттерді не байланыстырады? Тақырыптың не туралы болатынын болжаңдар? Неліктен олай болжап отырсындар? Берілген тірек сөздер тақырыпты ашуға көмектесті ме? Ендеше бүгінгі жаңа тақырыбымыз – «Бесікке салу».</p>								
	 <p>Мадақтау. Жарайды, тақырыпты ашуға жақсы атсалыстыңдар! Қол шапалақтау.</p>								
Ор	1-тапсырма «ББУ» жеке жұмыс								
та	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Білемін</th> <th>Білгім келеді</th> <th>Үйрендім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>			Білемін	Білгім келеді	Үйрендім			
Білемін	Білгім келеді	Үйрендім							
сы	<p>Бесікке салу дәстүрі туралы бейнежазба көрсетіледі. 2-тапсырма «Стоп, кадр» әдісі Тақырып туралы болжамын жалғастыру. Топпен жұмыс.</p> <p>Дескриптор</p> <table border="1"> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>«Бесікке салу салты» бейнежазбасын зейін қойып тындау</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Бесікке салу дәстүрі туралы айтылған ойды үзілг ең жерден жалғастырып айту, болжау.</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Мәтіндегі ойдың байланысын анықтайды</td> </tr> </tbody> </table>			1	«Бесікке салу салты» бейнежазбасын зейін қойып тындау	2	Бесікке салу дәстүрі туралы айтылған ойды үзілг ең жерден жалғастырып айту, болжау.	3	Мәтіндегі ойдың байланысын анықтайды
1	«Бесікке салу салты» бейнежазбасын зейін қойып тындау								
2	Бесікке салу дәстүрі туралы айтылған ойды үзілг ең жерден жалғастырып айту, болжау.								
3	Мәтіндегі ойдың байланысын анықтайды								
	<p>Бесікке салу салты (бейнежазбаның мәтіні) Бала - өмірдің жалғасы. Жас нәрестенің дүниеге келуі – отбасы мүшелеріне үлкен қуаныш.Туылған баланың кіндігі түске соң, бесікке салады. Халқымыз кастерлеген бесіктің ең алдымен баланың тазалығына, аяқ-қолы мен денесінің түзу болып қалыптасуына тигізер пайдасы орасан...(стоп!) <i>Бесікке сәбиді кім салады және түрлі ырымдарды неліктен жасайды?</i></p>								

Нағашы әжелері әкелген бесікке әулет әжелері ерекше ықыласпен қарап, оның жөн-жоралғысын жасаған. **Мыс:** Оңба оң (айна, тарақ т.б.) Нәрестені бесікке салмас бұрын «тыштырма» жасалады. **(стоп!)** *Тыштырма деген не, оны қалай үлестіреді?*




Тәттілерді түбектің ойығынан салып бесік астынан уыстап алынған тыштырмаларды жас бүлдіршіндерге таратады.

Кәрі жіліктен жасалаған шүмек баланың тазалыққа үйреніп, баланың төсегін былғамауына және ұзақ ұйықтауына жағдай жасалынады. Сәбиді ақ мамығына жатқызған соң **(стоп!)** *Бесіктің үстіне нелерді жабады? Өз атасының шапанын, жібек маталар, ат әбзелдері мен әкесінің зерлі белбауы секілді заттарды бесік үстіне жабады. Аттың жалы бесіктің аяқ жағына қойылады. Балаңыз шабандоз болсын, аттай жүйрік болсын деп тілеген. Қазақ мұрагерімің болашағы мықты болсын деген ниетпен түрлі дәстүрлерді ұстанған. Баланы бесікке салған аналар **(стоп!)** *Неліктен түрлі жоралғылар жасайды? «бесікті алып қашу» салтын жасаған. Ілгеріде әжелеріміз немерелерін бесіктің үстіне мініп Қаратаудың басына алып қашып кетекен екен. «Мен де сол Қаратаудың басына қарай алып қашып барамын, сатып алыңдар», - деген екен. Сол кезде бүлдіршіннің ата-анасы кәдесыйларын беріп баланы қайтарып алған.**

Бесік – өмірге жаңа келген сәбидің ақ отауы. Қазақ балалары бесік жырын тыңдап өскен. **(стоп!)** *Қандай бесік жырларын білесіңдер?* Бесік жыры арқылы көркем мінезді қалыптастырып ұлттық құндылықты бойына сіңірген.


Бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болғандықтан, бабаларымыз баласын ағаш бесікке салып өсірген. **Қазақтың туған жерді алтын бесікке тенеуі – бесікті ардақтаудан шыққан.**

Қалыптастырушы бағалау. Смайлик Тапсырма қалай орындалды?

Тақырып туралы көп мәлімет біледі, ойы сәйкес келді	Берілген жауаптар түсініксіздей болды.	Толықтыру керек.
		

<https://www.youtube.....>

Бесікке салу салты — Яндекс. Видео_files



Соңы

3-тапсырма. Түсініктеме күнделігі немесе «Сөздік гөл».

«Бесікке салу» мәтінен әр топ мағынасы түсініксіз 1 сөздің мағынасын ашып жазу www.Kitap.kz сайтындағы «Сөздік» айдарынан іздеп тауып, мағынасын түсіндіріңдер.



Жеке жұмыс

Дескриптор

1.	Тыңдалған мәтіннен алынған сөйлемдегі қарамен жазылған сөздің мағынасы туралы өз түсініктерін жазу.	
2.	Сөздікте берілген сол сөздің анықтамасымен салыстыру.	
3.	Ақпараттық дерексөздермен жұмыс жасай біледі	

Тыңдалған мәтінде	Түсініксіз сөз	Менің түсінігім	Сөздікте
Тәттілерді түбектің ойығынан салып бесік астынан уыстап алынған тыштырмаларды жас бүлдіршіндерге таратады.	түбек		Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялығы былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан киіз не басқа зат.
Кәрі жіліктен жасалған шүмек баланың тазалыққа үйреніп, баланың бесігін былғамауына және ұзақ ұйықтауына жағдай жасалады	шүмек		бесіктегі сәбидің кіші дәретін түбекке ағызатын қойдың асық жілігінен жасалған түтікше.
Нәрестені бесікке салмас бұрын «тыштырма» жасалады	тыштырма		Шашуға әкелген құрт, май, бауырсақты уыстап алып бесіктің түбек байлайтын тесігінен отетін дәм

www.kitap.kz

	<p>Қалыптастырушы бағалау. Өзін-өзі бағалау. Әркім өзінің жұмысын слайдта жазылған жауаппен тексереді.</p> <p>Басбармақпен бағалау Сөздікпен сәйкес келсе - өте жақсы Сәл ауытқушылық болса – жақсы Мүлдем ауытқушылық болса – орташа</p>							
Кері байланыс минут	<p>«ББҮ» әдісі</p>  <table border="1" data-bbox="372 438 676 536"> <thead> <tr> <th>Білемін</th> <th>Б і л г і м келеді</th> <th>Үйрендім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Білемін	Б і л г і м келеді	Үйрендім				
Білемін	Б і л г і м келеді	Үйрендім						
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау - оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	П а н а р а л ы қ б а й л а н ы с ; денсаулық және қауіпсіздік, АКТмен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)						
Жұмыстың барлық түрінде оқушылардың қабілеті мен тілдік деңгейлері ескерілді	Тапсырмалардың өзара байланысты болуына баса назар аударылады. Жұмыс нәтижесі жетістік критерийлері арқылы бағаланады							
Рефлексия	Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз.	Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қ а т ы с т ы сұрақтарға жауап беріңіз.						
<p>Жалпы бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1.</p> <p>2. Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p>								

БЕСІККЕ САЛУ САЛТЫ

(бейнежазбаның мәтіні)

Бала – өмірдің жалғасы. Жас нәрестенің дүниеге келуі – отбасы мүшелеріне үлкен қуаныш. Туылған баланың кіндігі түскен соң бесікке салады. Халқымыз қастерлеген бесіктің ең алдымен баланың тазалығына, аяқ-қолы мен денесінің тұзу болып қалыптасуына тигізер пайдасы орасан...**(стоп!)** **Бесікке сәбиді кім салады және түрлі ырымдарды неліктен жасайды?**

Нағашы әжелері әкелген бесікке әулет әжелері ерекше ықыласпен қарап, оның жөн-жоралғысын жасаған. Мысалы: ”Оңбай оң (айна, тарак т.б.)“ Нәрестені бесікке салмас бұрын «тыштырма» жасалады. **(стоп!). Тыштырма деген не, оны қалай үлестіреді?**

Тәттілерді түбектің ойығынан салып бесік астынан уыстап алынған тыштырмаларды жас бүлдіршіндерге таратады.

Кәрі жіліктен жасалаған шүмек баланың тазалыққа үйреніп, баланың төсегін былғамауына және ұзақ ұйықтауына жағдай жасалынады. Сәбиді ақ мамығына жатқызған соң **(стоп!)** **Бесіктің үстіне нелерді жабады?** Өз атасының шапанын, жібек маталар, ат әбзелдері мен әкесінің зерлі белбауы секілді заттарды бесік үстіне жабады. Аттың жалы бесіктің аяқ жағына қойылады. Балаңыз шабандоз болсын, аттай жүйрік болсын деп тілеген. Қазақ ”мұрагерімнің болашағы мықты болсын“ деген ниетпен түрлі дәстүрлерді ұстанған. Баланы бесікке салған аналар **(стоп!)** **Неліктен түрлі жоралғылар жасайды? «Бесікті алып қашу» салтын жасаған.** Ілгеріде әжелеріміз немерелерін бесіктің үстіне мініп, Қаратаудың басына алып қашып кеткен екен. «Мен де сол Қаратаудың басына қарай алып қашып барамын, сатып алындар», – деген екен. Сол кезде бүлдіршіннің ата-анасы кәдесыйларын беріп баланы қайтарып алған.

Бесік – өмірге жаңа келген сәбидің ақ отауы. Қазақ балалары бесік жырын тыңдап өскен. **(стоп!)** **Қандай бесік жырларын білесіңдер?** Бесік жыры арқылы көркем мінезді қалыптастырып, ұлттық құндылықты бойына сіңірген.

Бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болғандықтан, бабаларымыз баласын ағаш бесікке салып өсірген. **Қазақтың туған жерді алтын бесікке теңеуі – бесікті ардақтаудан шыққан.**



К.К.ЗИЯШОВА,
«№5 Күршім орта мектебі» КММ.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Күршім ауданы, Күршім ауылы



А.ҚҰНАНБАЕВ **”БОЛЫС БОЛДЫМ МІНЕКЕЙ“**


(Қ.Бітібаева технологиясы негізінде.
 Қысқа мерзімді сабақ жоспары.)

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10Т/ЖЗ – Өлеңдегі кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.	
	10 А/И 3 – Өлеңнің поэтикалық тіліне талдау.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Өлеңдегі негізгі оқиғаны табады.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды, поэтикалық тіліне талдау жасайды.	
	Кейбір оқушылар орындай алады: Оқиғаны талдайды, өзіндік көзқарасын білдіреді.	
Бағалау критерийі 1.Өлеңдегі негізгі мәселені біледі, кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образға жан-жақты талдау жасайды.	• Өлеңдегі негізгі мәселені табады.	1 балл
	• Кейіпкер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.	1 балл
2. Оқиғаны талдайды, өзіндік көзқарасын білдіре алады.	• Оқиғаны талдайды, өзіндік көзқарасын білдіреді	2 балл
3.Шығарманың тіліне талдау жасай алады.	• Шығарманың көркемдік тіліне талдау жасайды.	1 балл

Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Өлеңге поэтикалық талдау жасайды, суреттерді сүйемелдей алатын өлең шумақтарын табады, «Сана саяжолы» әдісі арқылы болыстың іс-әрекетіне баға береді, «Венн диаграммасы» арқылы салыстыра алады, «Балық қаңқасы» әдісі арқылы оқиғаны талдайды, өзіндік көзқарасын білдіреді.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Әлеуметтік психологиялық кескін-кейіп, рөлдік кейіпкер, портреттік элемент.
	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Ел тізгінін ұстаған, телі мен тентекті тезге салған, араммен мал табу, жағымпаздық, жемқорлық әрекеттердің дәнін сепкен, тентектің ісіне көз жұму, бұзықты қолдау.
	Талқылауға арналған сұрақтар: “Болыс – отаршылық саясатының құрбаны ма, колшоқпары ма?” Не себепті автор «ақылман», сауықтырушы» бейнесінен алыстап, ”рөлдік кейіпкерді ойнату“ көркемдік тәсілін қолданды деп ойлайсыз?
	Ишара: «Әкім бол, халқыңа жақын бол»
Құндылықтарға баулу	Өз елінің патриоты болу, қоғам дертін сауықтыруға үлесін қосу сынды ұлттық немесе жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу – автор бейнесі арқылы іске асырылады.
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы «1867-1868 жылдардағы Қазақстандағы реформалар» тақырыбы.
Алдыңғы оқу 3 мин.	10 сұрақтан тұратын тест шешу.

Жоспарланган уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар								
Сабақтың басы 5 мин.	Шағын көлемді үзінділерін жатқа айту оқу мақсатына жету үшін «Ыстық орындық» тәсілі алынды. 1. Тақырып бойынша мәтін кейіпкері ортаға шығады. 2. Сыныптың қалған бөлігі “кейіпкерге” кезек бойынша сұрақ қояды, ал ол кейіпкер сияқты жауап беруі керек.									
Сабақтың ортасы 25 мин.	С. 1-тапсырма (6 мин). «Болыс болдым мінекей» өлеңіне талдау Қ.Бітібаева: «Жазушы стиліне талдау жасаудың маңызы сол образды тануға, идеяны ашуға көмек жасайды. Жазушы стилі дегенде, ең алдымен, көркем тілі, поэтикалық бейнелер жасауы. «Болыс болдым мінекей» өлеңінде Абай «бұрқырап», «таркылдап», «аңқылдап» деген көсемшелерді ерекше көп пайдаланады. Бұлар арқылы болыстың жексұрын бейнесін суреттейді.»-дейді. [2] 21-бет. Бағалау дескрипторлары: • Шығарманың көркемдік тіліне талдау жасайды 1балл. С. 2-тапсырма (6 мин). «Сана саяжолы» ойыны арқылы болыс әрекетіне оқушылар баға береді. «Сана саяжолына» бір оқушы шақырылады. Негізгі кейіпкердің әрекетін үш оқушы даттап, үш оқушы жақтайды. Кейіпкер рөліндегі бала даттаушылар мен жақтаушылар пікірін тыңдап, өз көзқарасын білдіреді. Бағалау дескрипторлары: • Кейіпкер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады 1балл Кері байланыс «ПОПС - формуласы» арқылы оқушы «Сана саяжолында» айтылған пікірлердің біріне өз көзқарасы тұрғысынан баға береді. 1. Менің ойымша..... 2. Себебі..... 3. Дәлелдеймін..... 4. Қорытындылай келе..... Сергіту сәті:	<table border="1"> <tr> <td>Бөлім</td> <td>Негізгі оқиға</td> <td>Болыстың іс-әрекеті</td> <td>Ақынның көркемдік әдіс-тәсілдері</td> </tr> <tr> <td>1. Болыс болдым мінекей</td> <td></td> <td>-Бар малын шығындау, - елге тығын дау -кісім сіп мақтау</td> <td>Еліктеу мәнді етістіктер: Жымнап жазылды, Портреттік элементтер: Етек кеткен жайылып, Бейнеді сөздер (экспрессивтік бояуы күшті сөздер): Тығындау(бар малын берген үстіне беріп, алушының еркіне қоймай беру.)</td> </tr> </table> 	Бөлім	Негізгі оқиға	Болыстың іс-әрекеті	Ақынның көркемдік әдіс-тәсілдері	1. Болыс болдым мінекей		-Бар малын шығындау, - елге тығын дау -кісім сіп мақтау	Еліктеу мәнді етістіктер: Жымнап жазылды, Портреттік элементтер: Етек кеткен жайылып, Бейнеді сөздер (экспрессивтік бояуы күшті сөздер): Тығындау(бар малын берген үстіне беріп, алушының еркіне қоймай беру.)
Бөлім	Негізгі оқиға	Болыстың іс-әрекеті	Ақынның көркемдік әдіс-тәсілдері							
1. Болыс болдым мінекей		-Бар малын шығындау, - елге тығын дау -кісім сіп мақтау	Еліктеу мәнді етістіктер: Жымнап жазылды, Портреттік элементтер: Етек кеткен жайылып, Бейнеді сөздер (экспрессивтік бояуы күшті сөздер): Тығындау(бар малын берген үстіне беріп, алушының еркіне қоймай беру.)							

«Суреттер сөйлейді» шығармашылықпен айналысатын екі оқушыға өлеңді сүйемелдей алатын суреттер салып келу тапсырылған. Сол суреттерді тақтаға іліп, суреттерді сүйемелдей алатын шумақтарды жатқа айтқызу жүзеге асырылады. Қ.Бітібаева өз еңбегінде мәтіндік талдауда оқушылардың шығармашылық жұмысына ерекше көңіл болу керек дейді. Оған мәтін бойынша сурет салғызуды жатқызады. [2] 31-бет 3-тапсырма (6 мин). Ж. 1.Кіші топтағы ізденіс жұмысы: Өлең идеясының сонылығы (ақын жаңашылдығындағы орыс поэзиясының әсерін анықтау) 2. Жеке оқушының хабарламасы: Абай сөздерінің “Абай жолы” эпопеясында қолданылуы Қ.Бітібаеваның жаңа білімді меңгерту моделі басшылыққа алынды, Яғни өлеңді «Абай жолы» эпопеясымен байланыстыру, үйге алдын ала тапсырма беру [2] (78-бет) Кері байланыс «Тамаша идеялар» Мен үшін жаңа болған 3 ақпарат Назарымды аудартқан... Маған түсініксіз... 4-тапсырма (7 мин) Т. 1-топ: “Балық қаңқасы” әдісі арқылы мәселені талдау Проблемалық тақырып: “Болыс отаршылық саясатының құрбаны ма, қолшоқпары ма?” Қ.Бітібаеваның: «Проблемалық талдау –шешуді талап ететін,іздендіретін, ойландыратын мәселенің тууы. Ол оқушылардың ойлануына ғана әсер етпей, болжам жасауға, өздерінше қорытынды жасауға жетелейді» деген пікірі басшылыққа алынды(43-бет)			
Магнитті тақта, оқушы суреттері			
Шу мақ тар	Қысқашанно тация	Ақын стилі	Өлең идеясының сонылығы (ақын жаңашылдығындағы орыс поэзиясының әсері)
		Рөлдік кейіпкер тәсілі Монолог арқылы болыстың психологиялық портретін жасауы. Авторлық баяндаушы тарапынан комментарий ретінде берілуі	Ақын жаңа көркемдік тәсілді сыншыл ақын реалистік шығармада портретін ел билігіне ие болу жолдарын ашып айту үшін қолданады
			

	<p>2-топ. Болыс образына SWOT талдау жасайды. Болыстың күшті жақтары, әлсіз жақтары, қауіп, мүмкіндіктеріне талдау жасау. Венн диаграммасы арқылы зайырлы қоғам әкімі мен кешегі өткен болысты салыстырады. Бағалау дескрипторлары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқиғаны талдайды, өзіндік көзқарасын білдіреді 2 балл. • Өлеңдегі негізгі мәселені табады 1 балл. 	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин</p>	<p>Кері байланыс: «Миыңның суретін сал». Мидың суретін оқушылар сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады. Мұғалімнің сындарлы кері байланысы: топтағы оқушылардың жетістіктері мен кемшін тұстарын талдап айта отырып, «Ұлы Абай», «Дана Мұхтар», «Хан Апа» ауылынан жіберілген қоржындағы сәлемдемелерді (тілек сөздер) таратамын</p> <p>Үйге тапсырма: Кейбір негізгі сұрақтарды қоя отырып авторға хат жазу. Әдебиеттанушылар М.Әуезов, Н.Кенжеғараев, З.Ахметовтың аталмыш өлең бойынша айтқан пікірлерін салыстыру, кімнің пікірі ұнады, өз пікіріңді жазу. Қ.Бітібаева «Оқушылардың оқырман ретінде пікірін ойын айта білуге жетелеудің бір жолы ғалымдар пікірін келтіріп, қайсысын бағалы деп санайтынын сұрау арқылы оқушылардың ойлау белсенділіктеріне әсер ету тиімді» [2] 36-бет</p>	
Қосымша мәлімет		

<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Қ ұ н д ы л ы қ т а р м е н байланыс (тәрбие элементі)</p>
<p>Қабілетті оқушыларға алдын ала үйге тапсырма беремін. Өлең идеясының соньлығына, ақын жаңашылдығына орыс поэзиясының әсерін анықтау, яғни Қ.Бітібаева т е х н о л о г и я с ы н д а атап өткен ғылыми еңбектермен оқушының жұмыс істеуі жүзеге асырылады. Сондай-ақ Қ.Бітібаеваның Абай өлеңдерін «Абай жолы» романымен байланыстыра оқыту жолдарын ескере отырып, жеке оқушыға Абай сөздерінің “Абай жолы” эпопеясында қолданылуы тақырыбында хабарлама жасату.</p>	<p>Бағалау Қ.Бітібаеваның баға қою тәсілдері негізінде топ ассистентінің, өзін-өзі бағалау, топ бағасы, мұғалім бағасы, мұғалім бағасы, мұғалім бағасы шығарылып жүзеге асырылды.</p>	<p>Қазақ тілі пәніндегі көсемшелер, еіктеу мәнді етістіктер тақырыбымен байланыстыра отырып оқушылар ақын қолданған көркемдік әдіс-тәсілдердің ерекшелігін көрсетті. О қ у ш ы л а р бойындағы азаматтық ұ с т а н ы м д а р д ы қ қалыптасуы, жемқорлық, паракорлық сынды әрекеттердің қоғамның дамуына кері әсерін тигізетіні жөніндегі түсініктер образды жан-жақты талдау барысында қалыптасты.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма, қолжетімді болды ма? • Б а р л ы қ оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқу мақсатына қол жеткізбеген болса неліктен деп ойлайсыз? • Жоспарланған саралау дұрыс іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) • С а б а қ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? • Осы жоспарға қандай өзгеріс енгіземін және неге? 	<p>Сабақ барысында алдыға қойған оқу мақсаттары орындалды. Таңдалып алынған тапсырмаларды оқушылар өз деңгейлеріне сай орындап шықты.</p> <p>Оқушылар оқу мақсаттарына қол жеткізді. Топ ішінде өзара көмек болды.</p> <p>Сабақ барысында таңдалып алынған тапсырмалар оқушы деңгейіне сай болды. Шығармашылық тапсырмалары, ізденіс тапсырмалары болды.</p> <p>Уақыт жоспарға сай тиімді пайдаланылды.</p> <p>Оқуды қолдауды қажет ететін оқушыларға үлгілік-тапсырмалар ұсыну.</p>	

Жалпы бағалау:
Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты):
 1. «Сана саяжолы» арқылы болыс іс-әрекетіне оқушылардың баға беруі.
 2. Венн диаграммасы арқылы салыстыру.
 Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?
 1. Өлеңге талдау жасату барысында болыс іс-әрекетіне орай микро-мінездеме беруді жүзеге асырғанда, сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді?
 Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? Кейбір оқушылардың талдау барысында қиналғанын көріп, берілген тапсырмаларға үлестірмелі үлгілік нұсқалар жасап қоюға назар аудару керектігіне көзім жетті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976.
2. Қ.Бітібаева: «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі» <https://stud.kz/refera/show/12107>
3. А.Қартаева: «Абай мұрасы «Абай жолы» роман-эпопеясында. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2005.

Т.ӘБДІКОВ ”ҚОНАҚТАР“

Сабақтың тақырыбы:	Т.Әбдіков «Қонақтар» (2-сабақ)	
Жалпы мақсаттар:	Шығарманың тіл көркемдігіне, құрылысына, кейіпкерлерге талдау жасай алу дағдыларын жетілдіру; прозалық шығарманы әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға үйрету; әңгіме сюжеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	
Оқыту нәтижелері:	– шығарманы құрылысына талдай алады; – кейіпкерлерге, жазушының тіл шеберлігіне талдау жасай алады; – әдебиет теориясынан алған білімдерін еске түсіріп, қайталайды; – жақсы-жаман қасиеттерді ажырата алады; – ата-ананы сыйлау, олардың алдындағы парыз ұғымдарын түсінеді.	
Тапсырмалар:	Шығарманың композициялық құрылымы. Дисфемизм және тұрақты тіркес теру. Сөздік жұмыс жасау. Кейіпкерлерге мінездеме беру.	
Дереккөздер:	Флип-чарт, маркерлер.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті

<p>Кіріспе</p>	<p><i>Амандасу. Түгелдеу. Оқушы көңіл-күйін сұрау. Оқушыларды шаттық шеңберіне шақыру.</i> «Ата-анаға қатысты қанатты сөздер» тренингі. Оқушылар өткен тақырып бойынша ата-анаға қатысты қанатты сөздер немесе мақал-мәтел айтады.</p> <p><i>Оқушыларға кейіпкерлердің сөздері жазылған қағаздар үлестіріледі.</i> Қай кейіпкердің сөзі екенін табады. Бір кейіпкердің сөзі түскен оқушылар бір топқа отырады. /<i>Ерғабыл қария, кемпірі, Сапабек, ауыл адамдары/</i></p> <p>- Алып кет өзіңмен бірге. Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.</p> <p>- Көзің ағарсын сенің, жылама!</p> <p>- Өлсең, Багила кемпірді алып келемін.</p> <p>- Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.</p> <p>- Байтұс, «қайдалайды» да жүреді екенсің.</p> <p>- Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта.</p> <p>- Сапабекжандар кеше келмегені несі?</p> <p>- Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?</p> <p>- Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ.</p> <p>- Оның пайдасы шаш етектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады.</p> <p>- Осының бәрі Томаның жинап жүргені. Сіздерге деп осы шыбын-шіркей болып жүреді.</p> <p>- Мұны қалай оқытамыз деп отырсындар? Биыл жетіге келді.</p> <p>- Қуаныш құтты болсын!</p> <p>- Кел, келе ғой. Шалдың баласысың ғой, кел.</p> <p>- Келсейш, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан?</p> <p>- Қой қазақша үйретіндер.</p> <p>Жұмыс уақыты: 2 минут</p>	<p>Амандасу.</p> <p>Кезекші жауабы.</p> <p>Шаттық шеңберіне жиналу.</p> <p>Тренингіге қатысу</p>
-----------------------	---	--

<p>Тұсаукесер</p>	<p>Үй тапсырмасын тексеру: «Ата-ананың қадірі» эссе. Жұмыс уақыты: 6 минут</p>	<p>Жауап беру.</p>
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>Әр топқа түрлі деңгейдегі тапсырмалар беру.</p> <p>Уақытты белгілеу.</p> <p>I тапсырма I-топ. Шығармаға жай жоспар құру. II-топ. Шығарманың композициялық құрылымы. III-топ. Дисфемизм, эпитет, тұрақты тіркестеру. IV топ. Сөздік жұмыс жасау (Түсіндірме сөздікпен).</p> <p>Жұмыс уақыты: Орындауға – 5 минут Қорғауға – 8 минут</p> <p>II тапсырма: Кейіпкерлерге мінездеме беру.</p> <p>I-топ. Ерғабыл қария; II-топ. Сапабек; III-топ. Тома; IV-топ. Кемпір.</p> <p>Жұмыс уақыты: 10 минут</p> <p>III тапсырма: Венн диаграммасы (Барлық топ орындайды). Жұмыс уақыты: 5 минут</p>	<p>Тапсырманы орындау.</p> <p>Белсенділік таныту.</p> <p>Топта ұжымдық қарым-қатынас орнату.</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>Әңгімеден түйгендерін айтып, бір-біріне ата-ананы сыйлау жөнінде ой-пікір білдіреді. Рефлексия: Сабақтың өтуі туралы рефлексия.</p>	<p>Тренингіге қатысу. Рефлексия жазу.</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Топ басшылары бағалауын ескеру.</p>	
<p>Сабақтың талдауы</p>	<p>өзіндік</p>	
<p>Сабақ өзгертулер</p>	<p>бойынша</p>	

Е.ҮСЕНОВ,
№161 Ынтымақ орта мектебі.
 Қызылорда облысы,
 Жаңақорған ауданы,
 Қосүйеңкі ауылы


ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ ”ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ“

С а б а қ т ы н тақырыбы:	Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауы.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.А/И2. Поэзиялық шығармадағы автор бейнесін анықтау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Жиёмбет жырау толғауындағы автордың ерлік істерін, ел билеуін, дау-дамайды әділ шешу әрекеттерін анықтайды.
	Оқушылардың басым бөлігі: Автордың анықталған бейнесіне дәлелдер келтіре алады.
	Оқушылардың кейбірі: Автордың іс-әрекетіне өзіндік пайымдауын айтады.
Бағалау критерийі	1. Мәтінді оқиды. 2. Сұрақтарға жауап береді. 3. Автордың іс-әрекеттерін ретімен жазады.

Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Ру, тайпа, Жем, Арал, дидактика, поэзия.	
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер <i>Жыр дегеніміз не? Жыршы деп кімді айтамыз?</i> <i>Жырау дегеніміз кім? Толғау дегеніміз не?</i>	
Құндылықтарға баулу	Сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс барысында өзара сыйластық, құрметпен қарау, ынтымақтастық, ашықтық, жауапкершілікті сезіну, білім алуға дайын болу.	
Пәнаралық байланыс	Қазақтан тарихы. 7-сынып. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы.	
Алдыңғы оқу	Жыр, жырау, жыршы ұғымдары туралы түсініктері бар.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Басталуы 5 мин.	1 мин.	Ұйымдастыру кезеңі Сынып оқушылары сөздер жазылған қағаз қиындылары арқылы	Қағаз қиындылары (жыршылар, жыраулар, толғаулар)
	1 мин.	3 топқа бірігеді. Ой қозғау Балалар, біз неліктен бұлай топтастық деп ойлайсыздар? – Жыршы дегеніміз кім? – Жырау деп кімді айтамыз? – Толғау дегеніміз не? Жыршы мен жыраудың айырмашылығын айтыңыздар?	Интер.тақта https://qo.mail.ru/search_video?q
	2 мин.	Толғаудың жырдан қандай айырмашылығы бар? Оқушылардың дұрыс жауаптарын мақтау, мадақтау. Олай болса, интербелсенді тақтадан бейне жазбаға назар салайық. Бейне жазба «Жорық жолындағы Жиёмбет жырау».	
	1 мин.	Бейнежазбадан нені тамашаладық?	

Ортасы 25мин	2мин.	Топтық жұмыс. Ойлан.	А. С. Ақтанова,
	2мин.	Жұптас. Бөліс.	А.Қ.Жүндібаева
	2мин.	<i>Топ мүшелері рөлдерді (уақыт сақшысы, хатшы, баяндамашы, төраға, бақылаушы) өзара анықтап алады. Оқушылар мәтінмен танысады. Мәтін мазмұнын жұпта талқылайды. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырынан үзінді тыңдайды. Мәтінді тыңдап болған соң, сұрақтарды топта талқылап, қағаз бетіне жауаптарын түсіреді.</i>	Қазақ әдебиеті. 7-сынып. Алматы. «Атамұра»2017ж Қосымша ақпарат kk.wikipedia.org\wiki\ 1-аудио Үнтаспа
		1-топқа. – Жиёмбет жырау кімдермен соғыста ерекше ерлік көрсетті? – Жиёмбет жырау өзін жырда неге теңейді? – Жиёмбет ел басқаруда қандай кедергілерге кездесті?	Үлестірме қағаз
		2-топқа – Жиёмбет қанша жасынан билікке араласты және елді қалай басқарды?	

	5 мин.	– Жиёмбет жырау кімді сынайды және қалай сынайды?	
	3 мин.	– Жиёмбет пен Есім ханның достық қарым-қатынасы неліктен бұзылды? 3-топқа	
	3 мин.	– Жиёмбеттің жастық шағы қайда өтті? – Автор бейнесі жырда қалай көрінеді?	
	3 мин.	– Жиёмбет жырау Есім ханға наразылығын қалай білдіреді? <i>Әр топтың баяндамашысы өз нәтижелерімен таныстырады</i>	
	2 мин.	<i>Қб «2 жұлдыз - 1 ұсыныс» арқылы бағалау.</i>	
			Кеспе қағаз
	8 мин.	Кері байланыс орнату. 1) Топта жұмыс істеу ұнады ма? 2) Өзге топтың бақылау нәтижелерімен келісесіздер ме? Неліктен? Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындайды. (қосымша №1)	

Сабактың соңы 3 мин	2 мин. 1 мин.	«Менің көңіл-күй баспалдағым» Оқушылар стикерлерге есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтаға жабыстырады. Баспалдақтар: <i>«Керемет», «Өзіме сенімдімін», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек», «Білмеймін», «Нашар»</i> деп аталады.	Интер.тақта Стикерлер Смайликтер
Қосымша ақпарат			
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Денсаулық	

<p>Барлық оқушыларға Жиёмбет жырау толғауындағы автордың ерлік істерін, ел билеуін, дау-дамайды әділ шешу әрекеттерін анықтау беріледі. Автордың анықталған бейнесіне дәлелдер келтіру <i>көпшілігіне</i> ұсынылса, автордың іс-әрекетіне өзіндік пайымдау айту <i>қабілетті</i> оқушыларға беріледі.</p>	<p>Оқушылардың ерекше жауаптары мұғалім тарапынан мадақталады. Топтық жұмысты қорытындылау мақсатында Қб «<i>Екі жұлдыз бір ұсыныс</i>» қолданылады. Кері байланыс «<i>Менің көңіл-күй баспалдағым</i>».</p>	<p>Сынып бөлмесі гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау (таза, жарық, жылы).</p>
<p>Оқушылардың басым бөлігі: Автордың анықталған бейнесіне дәлелдер келтіре алады. Оқушылардың кейбірі: Автордың іс-әрекетіне өзіндік пайымдауын айтады.</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Қорытынды бағамдау: Қандай екі нәрсе табысты болады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Топтық жұмыс барысында сұрақтарға сыни тұрғыдан ойлана отырып өз ойын жеткізеді, сыныптасының пікірімен санасады. 2. Жеке жұмыс кезінде мәтінге қатысты өз пайымдауын жаза алады. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. Топтарға ситуациялық сұрақтар немесе тапсырмалар беру арқылы автор бейнесін анықтайтын түрлі әдіс-тәсілдер. 2. Оқушылардың ойлау деңгейлері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып берілген жұмыстар. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		

Жеке жұмыс.

1. Берілген мәтінді мұқият оқыңыз.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ (XVII ғ.)

Жиёмбет Бартоғашұлы – XXVII ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен, қазақтың азаттық үшін, өз елі, өз жері үшін жасаған ерліктерін, көтерілістерін жырлаған жырау.

Жиёмбет жырау – қазақ тарихындағы ел басқарған көсем деңгейінде көтерілген елеулі тұлғалардың бірі. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасынан шыққан Жиёмбет жырау өз заманында бүкіл алышынға әмірін жүргізген. Еңсегей бойлы ер Есім ханның ұлы жорықтарында асқан ерлік көрсетеді. Ол 1620 жылғы ойраттармен болған ірі соғыста Кіші жүз қолын басқарып, қазақтардың жеңіске жетуіне ықпал еткен. 1627 жылы Қазақ хандығы құрамынан бөлініп шығып, дербес билік құрғысы келген Қатағанның ханы Тұрсынның бүлігін басқан Есім ханның қасында болып, ел тұтастығын сақтау жолында қажырлы қайрат көрсетеді. Кейін Кіші жүзге сөзі өтіп тұрған Жиёмбет жырау билігінен сескенген Есім хан, оны інісі Жолымбетпен бірге жер аударып жібереді. Жиёмбет жырау ханның қаһарынан қайтпаған өр кеуделі адам болған сияқты. Иесіз аралға айдалып бара жатқан Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы ер Есім, Есім сені есірткен, Есіл де менің кеңесім...» – деп, Есім ханға айбат шеге, ойындағысын тайсалмай айтып кетеді. Ел аузындағы бір деректерге қарағанда, Жиёмбет жырау сол айдауда жүріп, қайтыс болады. Келесі бір деректерде, Есім хан дүниеден өткеннен кейін туған жұртына қайтып оралады. Бірақ Жиёмбет жыраудың

Есім хан қайтыс болған 1643 жылдан кейінгі ғұмыры белгісіз.

Бізге жеткен шығармаларынан оның майталман сөз зергері болғанын білеміз. «Есім хан туралы толғау», «Қол-аяғым бұғауда» атты туындыларының үлкен тарихи маңызы бар.

2. Берілген сұрақтарға жауап жазыңыз.

а) Жиёмбеттің ел арасында беделі қандай болды?

ә) Есім хан Жиёмбет жырауды қалай жазалады?

б) Жиёмбет жырау өмірінің соңы қалай өтті?

3. Автордың іс-әрекеттерін ретімен жазыңыз.

- -----
- -----
- -----
- -----
- -----

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
1. Мәтінді оқиды.	Мәтін мазмұнымен танысады.
2. Сұрақтарға жауап береді.	Сұраққа жауап жазады.
3. Автордың іс-әрекеттерін ретімен жазады.	Мәтінде көрсетілген автордың іс-әрекеттерін реттілігін көрсетеді.

Сараланған тапсырма.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі.

Оқушылар мәтінді оқу барысында таратылған параққа өз әсерлерін пайымдап жазады.

Автордың анықталған бейнесіне қандай дәлелдер келтіре аласыз?	Автордың іс-әрекетіне қандай қорытынды жасар едіңіз?

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б. Т. МАШКАНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
жоғары санатты мұғалімі,
Қоскөл жалпы орта білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Мақсаты: Білімділік-оқушыларды ҰБТ-ге дайындау мақсатында салалас құрмалас сөйлем, оның жасалу жолдары, сөйлем ішінде олардың түрлерін ажырата білуге дағдыландыру.

Дамытушылық: Ой өрісін кеңейтіп, лингвистикалық тіл мәдениетін арттыру

Тәрбиелік: Білімге құштарлығын арттыра отырып, еңбекке баулу.

- Міндеті:**
1. ҰБТ-ні сәтті тапсыру үшін қазақ тілінен білім деңгейін анықтау.
 2. Оқушылардың ұмытып қалған, не түсінбей қалған тақырыптарын түсіндіру, қайталау.
 3. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру
 4. Оқушының ойлау, есте сақтау, іздену дағдыларын қалыптастыру, белсенділігін арттыру.
 5. Өтілген материалды жан-жақты меңгеруге жағдай жасау.

Әдісі: Лекциялық әдіспен баяндау, пікірлесу, тапсырмаларды, тестілерді орындау,

талдау.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар қазақ тілі пәні бойынша тестіні сәтті тапсыра алады, берілген тапсырмалардың мазмұнын түсіне алады, берілген тапсырмалардың мазмұнын түсіне алады. Өздігінен білім алуға үйрену қызметі қалыптасады, алған білімді ұқсас және жаңа жағдайда қолдана білуге үйренеді.

Барысы:

I. Қызығушылығын ояту:

Жетістік дегеніміз не?

II. Мағынаны тану:

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

Екі немесе одан көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

2. Құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді?

Құрмалас сөйлем

Салалас

Құрамындағы сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас сөйлем дейміз.

Сабақтас

Аралас

Көпшілік жағдайда бірыңғай бастауышты, бірыңғай баяндауышты жай сөйлемді салалас құрмаласпен шатастырып алып жүреді. Оны мына кесте арқылы салыстырып көрейік.

Бірыңғай мүшелі сөйлем	Салалас құрмалас сөйлем	Салаластың жай құрмаласу тәсілі
Мен, әжем еш нәрседен қорықпаймыз.	Мен де қорықпаймын, әжем де қорықпайды.	Жалғаулық шылау арқылы байланысқан.
Жел дүрілдейді, ысқырады.	Жел дүрілдейді, ол ысқырады.	Жалғаулықсыз интонация арқылы байланысқан.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС:

1. Ыңғайлас;
2. Қарсылықты;
3. Түсіндірмелі;
4. Себеп-салдар;
5. Талғаулы;
6. Кезектес.

Салалас құрмаластың түрлерін еске түсірейік:

Сынып екі топқа бөлінеді.

1. «Алғырлар» тобы:

Ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас сөйлем.

2. «Білгірлер» тобы:

Талғаулы, кезектес, себеп-салдар салалас сөйлем.

(Анықтамалары, мағыналық түрлерін нақты мысалдармен айту.)

I-тапсырма. Лекция. (Мұғалім лекцияны оқиды, оқушылар керек тұстарын жазып не есте сақтап, лекция аяқталған соң, айтып береді.)

Салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер сан жағынан тек екеу емес, одан да көп болуы мүмкін. Олардың арасындағы мағыналық қарым-қатынас бірыңғай болмай, әр алуан болып келеді. **Мысалы:** *Жуырда білім сайысы болуға тиісті:*

не «білімділер» тобы жеңеді, не «алғырлар» тобы озады. Бұл сөйлем құрамында үш сөйлем бар: біріншісі соңғыларымен *түсіндірмелі қатынаста*, екінші мен үшінші сөйлемдер *талғау мәнді қатынаста* байланысқан.

Ыңғайлас салалас шылаулардың қатысуына қарай екіге бөлінетіні белгілі. *”Және“ жалғаулығы келгенде, ”әрі“ шылауы қайталанбай бір-ақ рет келгенде, жай сөйлемдер арасына үтір қойылмайды.*

Себеп-салдар салаластағы жай сөйлемдердің орындарын ауыстырып айта беруге болады.

Жалғаулықты себеп-салдар салаласта жай сөйлемдердің қайсысы бұрын тұрғанын тыныс белгілері арқылы айырамыз. Егер себеп мәнді бұрын тұрса, *үтір* қойылады. Керісінше *салдар мәнді сөйлем себеп мәндіден бұрын айтылса*, арасына *қос нүкте* қойылады.

Жалғаулықсыз қарсылықты салалас сөйлемнің баяндауыштары көбінесе *антоним сөздерден* және *болымды, болымсыз формадағы* сөздерден жасалады.

Түсіндірмелі салалас жалғаулықты шылаусыз, іргелес байланысады. Бірінші жай сөйлемінің баяндауышы *сонша, сондай, соншалық* деген сөздер болса, олардан кейін *сызықша* қойылады.

II- тапсырма. Мәтінмен жұмыс.

I- топ. (Мәтіннен салалас құрмалас сөйлемді тап, түріне ажырат, синтаксистік талдау жаса).

ТАЛШЫБЫҚ ПЕН БӘЙТЕРЕК

Мен толықсыған тал шыбықты да жаратамын, зәулім биік бәйтеректі де жақсы көремін. Тал шыбықты жақсы көргенде, оның балауса-балғын нәзіктігі үшін ғана емес, ертең ол шыбық та өсіп, толысып, кемеліне келіп, бәйтерек болуын үміт етіп

ұнататын сияқтымын. Ал бәйтерек... Оның орны бөлек қой! Бәйтерек заңғар биік ұлылықтың, дархан жанды жомарттықтың символындай.

II - топ.

СҰЛУЛЫҚ

Адам жаны әрқашан сұлулыққа құштар, ол әдемілікті аңсайды. Адам жұлдызды аспанды тамашалайды, музыканың сазына елтиді, бидің ырғағына тербеледі, қолөнер туындыларының кереметтілігіне тамсанады. Нәтижесінде айналасын, мекендейтін тұрағын әдемілеп, сәңдейді, өзінің сырт келбетіне көңіл бөледі, әрбір ісі мен әрекетін сұлуландыруға ұмтылады...

Адам сұлулықты табиғат арқылы, өнер арқылы сезіне отырып, өз өмірін сұлуландыру өз қолында екендігіне шүбә келтірмейді.

III-тапсырма.

Семантикалық карта. I-топ.

Жалғаулық шылаулар	Талғаулы	Түсіндірмелі	Кезектес	Ыңғайлас	Қарсылықты	Себепсалдар
Да, де, та, те, және, әрі.						
Сондықтан, себебі, өйткені						
Бірақ, дегенмен, алайда, сонда да						
Сонша, сол, сондай, мынадай						
Я,яки, немесе, әлде						
Бірде, біресе, кейде						

II - топ.

Сөйлемдер	Талғаулы	Түсіндірмелі	Кезектес	Ыңғайлас	Қарсылықты	Себепсалдар
Мылтық тарс етті, жапалақ жали етті.						
Бас болмақ онай-бастамақ қиын.						
Ғылымға берілгендігі сондай-қолынан кітабы түспейді, үнемі оқиды да жүреді.						
Шәкенді мен құшақтап сүйіп жатырмын, өйткені ол - менен жеті жас кіші және жақсы көретін інім.						
Қаланың қыр жағы әлде шан, әлде тұман сияқтанып, жігіттерге күңгірт болып көрінеді.						
Атқан оғы кейде тиеді, кейде далаға кетеді.						

IV-тапсырма. (Сыныпта әдебиет пәнін таңдаған оқушылар бар, сол себепті пәнмен байланыс.)

”Ойлан, тап“

Шығармадан үзінді?

Қай шығармадан алынған?

Кімнің жазғаны? Салалас түрін анықта.

1). Бақтығұл інісін біресе арқасына салып арқалады, біресе қолынан жетектеп жүрді.

2). Айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы бар, оны адамдар түсіне білуі қажет.

V. Тест жұмысы.

1). Баламалы тест: (ия-жоқ):

1. Салаласа байланысқан құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты бір-біріне тәуелді болмайды.

2. Салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер сан жағынан тек екеу емес, одан да көп болуы мүмкін.

3. Ыңғайлас салаластың «және» жалғаулығы ешқашан қайталанбайды.

4. Себеп-салдар салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің орындарын ауыстыруға болмайды.

5. Қарсылықты салалас жалғаулықтары түсірілсе, тек үтір қойылады.

6. Түсіндірмелі салаластың аражігіне қос нүкте қойылады.

7. Талғаулы салаласта екі жай сөйлем арасында немесе шылауы бір рет келсе, онда сөйлем арасына үтір қойылады.

8. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер сабақтаса байланысады.

9. Қарсылықты салаласты қарсылықты бағыныңқылы

сабақтас сөйлемге айналдыруға болады.

10. Аралас құрмалас кейде төрт жай сөйлемнің құрмаласуы арқылы да жасалады.

1). Ашық тест:

1. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А). Бұдан әрі екеуі де үндескен жоқ.

В). Бір кезде орман шуылдап, дауыл соқты.

С). Ізденіс түбі – жеңіс.

Д). Танк өз-өзінен жұлқынып қалғандай болды да, гүрс етіп шаң-топырақ бұрқ ете қалды.

Е). Жақсы, үлгілі комбайншы бола алсақ, бұдан артық не абырой бар?!

2. Не, немесе, я, яки жалғаулықтарымен келетін салаластың түрін табыңыз.

А). Кезектес;

В). Ыңғайлас;

С). Себеп-салдар;

Д). Қарсылықты;

Е). Талғаулы.

3. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А). Шоқан біздің қасымызда жасы кіші болса да, үлкен кісідей болатын.

В). Ол қолынан келсе, қазақ халқына жақсылық жасауға ұмтылатын.

С). Осыған дейін ол ауыл мектебінде оқыса, қазір қалада дәріс алуда.

Д). Оның білімге деген құштарлығы арта түсті, өз білімін кеңейтудің басқа да жолдарын іздестіре бастады.

Е). Ұдайы ізденген адам өз бетімен білімін жетілдіріп, өздігінен дами алады.

4. Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз.

А). Бұдан әрі екеуі де үндескен жоқ.

- В).** Бір кезде орман шуылдап, дауыл соқты.
- С).** Ізденіс түбі- жеңіс.
- Д).** Танк өз-өзінен жұлқынып қалғандай болды да, гүрс етіп шаң-топырақ бұрқ ете қалды.
- Е).** Жақсы, үлгілі комбайншы бола алсақ, бұдан артық не абырой бар?!

5. Түсіндірмелі салаласты көрсетіңіз.

- А).** Ол қызына 2 түрлі нәрсені үйретуге тырысты: бірі – тұрақтылық, бірі – махаббат.
- В).** Халықтардың жарқын өмірінің кепілі – бірлік пен береке.
- С).** Өтірікші өзін алдайды.
- Д).** Дүниеде айнымайтын қорғаушың – ақыл.
- Е).** Айтар ештеңесі жоқтар әрқашан нашар сөйлейді.

6. Себеп мәнді жай сөйлемі бұрын орналасқан құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- А).** Сізді ешкім шақырған жоқ, сондықтан сіз бармайсыз.
- В).** Амалсыз қонуға тура келді, өйткені мезгіл кешкіріп кетті.
- С).** Мен қорқып тұрмын, неге десеңіз қолың қатты дейді.
- Д).** Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, неге десең, оның уылдырық оралатын не балдыры, не шөбі жоқ.
- Е).** Кей металдар табиғатта өте аз және олардың таза түрінде кездесуі сирек.

7. Талғаулы салалас болатын сөйлемді көрсетіңіз.

- А).** Ол туралы өзгелер не дейді, өзіміз қалай ойлаймыз.
- В).** Бірде көк ала қамысты көлдер қалып жатыр, бірде сары ала жон белестер қалып жатыр.
- С).** Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.

- Д).** Қазақ мақалы бар: асыл тастан, өнер жастан.
- Е).** Кейде қабағы түксиеді, кейде бет әлпеті күлім қағады.

8. Тек жалғаулықты болатын салаластың түрін табыңыз.

- А).** Ыңғайлас;
- В).** Шартты;
- С).** Қарсылықты;
- Д).** Себеп-салдар;
- Е).** Кезектес.

9. Сөйлем түрін анықтаңыз. Балалар келді.

- А).** Жайылма;
- В).** Жақсыз;
- С).** Жалаң;
- Д).** Атаулы;
- Е).** Құрмалас.

10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.

- А).** Ол үйінде я кесте тоқиды; я кітап оқиды; немесе домбыра шертеді.
- В).** Ол үйінде я кесте тоқиды, я кітап оқиды, немесе домбыра шертеді.
- С).** Ол үйінде я кесте тоқиды, я, кітап оқиды, немесе домбыра шертеді.
- Д).** Ол үйінде я кесте тоқиды, я кітап оқиды; немесе домбыра шертеді.
- Е).** Ол үйінде я кесте тоқиды, я кітап оқиды немесе домбыра шертеді.

11. Жалғаулықтар қатысып тұрған сөйлемді белгілеңіз.

- А).** Үлкенмен де, баламен де әзілдесетін.
- В).** Алғашқы көргеннен-ақ мен оның үлкен адамгершілік мейірімін сездім.

С). Осы шабысымды біз көпке дейін ұмыта алмай жүрдік.

Д). Түндегі жаңбырдан кейін ашылған күн беткейді құлпытты.

Е). Абай туралы ұзақ сөйлеген Мұхаңның сөзі ерекше әсер етті.

12. Түсіндірмелі салаласты көрсетіңіз.

А). Мына ағайдың жүзінде әжімнен сау жер жоқ, айтсе де беті ойнақы еді.

В). Жолында асқар тау тұрса да, топ жарып өтетін сияқты.

С). Күн бұлттанды.

Д). Сыныпқа мұғалім, директор кірді.

Е). Құс атаулы аспанда да толып жүр: қарлығаш, ұзақ, қарға, торғай – бәрі де бар.

13. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемде алайда, бірақ деген жалғаулықтар түсіп қалса, екі сөйлем арасына не қойылатынын белгілеңіз.

А). Нүкте;

В). Дефис, үтір;

С). Қос нүкте;

Д). Үтір;

Е). Үтір, сызықша.

14. Қай жердегі тыныс белгісі дұрыс қойылғанын табыңыз.

А). Есіктің киізін олай итерем; былай итерем; ашылмайды.

В). Есіктің киізін олай итерем, былай итерем, ашылмайды.

С). Есіктің киізін олай итерем: былай итерем, ашылмайды.

Д). Есіктің киізін олай итерем, былай итерем,- ашылмайды.

Е). Есіктің киізін олай итерем - былай итерем, ашылмайды.

15. Қарсылықты салаласты табыңыз.

А). Бұл шөп әдемі екен, бірақ зияны да бар.

В). Біресе ол барады, біресе Айгүл барады.

С). Күн де шығып тұр, жел де соғып тұр.

Д). Мен кеше сабаққа келген жоқпын.

Е). Талабы барларды жинап, курсқа жіберді.

Бекіту.

VI-тапсырма. Әр оқушыға сөйлем жазылған қағаз тарату.

«Сыңарыңды тап». (Сөйлемдердің әр сыңары таратылып беріледі, бір сыңары оқылғанда, екінші сыңарын келесі оқушы тұрып оқу керек.)

1. Жақсы дәстүр ұзақ уақытта жасалады, ұзақ өмір сүреді, кейінгілерге даңғыл жол болып қалады.

2. Ұмытып қалғандарыңды еш уақытта да кітаптан іздеме, оны өзің есіңе түсіруге тырыс.

3. Дінмұхамед Қонаевтың дүниеден озғанына біраз уақыт өтті. Бірақ халық өзінің ардақты басшысын ұмытпайды.

4. Бабаманнан қалған асыл бар: ол – мынау жатқан кең байтақ жер.

5. Адам ымырт кезінде ұйықтамайды, себебі сол уақытта өлім мен өмір ауысады.

6. Өмірде ешбір іске ыңғайсыз, қабілетсіз адам сирек болады, асылында әркімде бір қабілет болуға тиіс.

Қорытынды. «Қазақ тілі сабағы бүгін мен үшін...»
(Әр оқушы өз ойын бірер сөйлеммен қорытып айтады).

А.С. МҰҚАНОВА,
«Б. Аманшин атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»
КММ-нің қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы


ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ




Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.Ж1 – Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру . 7.ӘТНЗ – Фразеологизм, мақал – мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құра алады. – Фразеологизм, мақал – мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдана біледі. <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мәтін мазмұнына сай құрылған жоспарларды талдай біледі. – Мәтін мазмұнына сай мақал -мәтелдер қолдана алады. <p>Кейбір оқушылар орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мәтін бойынша ойларын өмірмен байланыстырып, қорытынды тұжырым жасай алады. – Мәтін мазмұнына сай мақал - мәтелдермен ойды түйіндей алады.

Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> – Мәтін негізінде күрделі жоспар құра біледі. – Мәтін мазмұнына сай қосымша ақпаратпен жұмыс жасай біледі. – Көтерілген мәселе бойынша өз ойын айта алады. – Фразеологизм, мақал - мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдана біледі. – Мәтін мазмұнына сай мақал - мәтелдермен ойды түйіндей алады.
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар орындай алады: Мәтін негізінде сыни ойлауларын дамыту, шынайы достық туралы түсіндіру.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Дос, достық, мақал-мәтел, фразеологизм.</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: – Достық деген не? – Шынайы достық қандай болады?</p>
Құндылықтарға баулу	Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу, зайырлы қоғам және жоғары руханият, өзгеге құрметпен қарау.
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет, технология
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Дос туралы өз пікірлерін айта алады. Достық туралы диалогке еркін түсе алады.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 5 минут</p> <p>Сабақтың ортасы 28 минут</p>	<p>Ширату «Менің досым...» (Оқушылар өз достарының бірінің атын атап, бойындағы жақсы бір қасиетін айта отырып, досына тілек айтады.)</p> <p>«Пазл» әдісі (Қиылған екі мақал негізінде топқа бөлінеді). «Досы көпті жау алмайды». «Доссыз адам тұзсыз тағам».</p> <p>Ширату жаттығуларымен топқа бөлінудегі мақал-мәтелдерге қарай жаңа сабаққа болжам жасалады.</p> <p>Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.</p> <p>Жазылым алдындағы тапсырма: 1-тапсырма Ж, ЖЖ, ТЖ. Топтарға берілген мәтін бойынша «Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі арқылы талқылайды. «Екі дос» аңыз әңгімесін беремін. <i>Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде, қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады. Бірде әскерлер бір өзеннің бойында шатыр тігіп, дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Тонаған мал-мүліктерін тиіп кетіпті. Қолға түскен азаматтарды айдай жөнеліпті.</i> Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіп, «Жолдасы жақсы жолды болар, жолдасы жаман қолды болар» деп, екінші батыр күздің қара суығына қарамастан, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді.</p>	

<p>Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруды өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына: -Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа беретін малым не мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол - өзімнің өмірім. Досымды босатыңыз, ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім, - дейді. Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да: -Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болды, -дейді. -Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт. -Маған сенің көздерің керек, - дейді қолбасы. Екі көзіңді ойып аламын. Осыған келісесің бе? -Ол да болсын, көзімді тезірек ал да, досымды босат, - дейді жауынгер. Жігіт бұл сыннан толқусыз өтеді. Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын қойып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады. Жүзінен «Достық алтыннан да қымбат» дегенді байқағандайсың. Мұны көрген жаудың қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады», – деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық берген екен.</p> <p>Дескриптор: – Мәтін мазмұнын түсінеді. ҚБ «Мадақтау» (Мұғалім мадақтауы)</p>	<p>ҚБ «Мадақтау»</p> <p>Жарайсың! Өте жақсы! К е р е м е т ! Өте дұрыс!</p>
--	--

<p>Жазылым кезіндегі тапсырма: 2 - тапсырма Ж. ЖЖ «Түртпін алу» әдісімен тірек сөздерді және мақал – мәтелдерді жазып алу. Дескриптор: – Мәтіннен тірек сөздерді, мақал- мәтелдерді таба алады.</p> <p>ҚБ. Смайликтер арқылы бір-бірін бағалауы.</p> <p>3-тапсырма. Ж және ТЖ «Хан жарлығы» әдісі. (Оқушылар мәтін бойынша жоспар құру керек. Хан жарлығы басталды дегенде, бірінші пункті жазылады, хан жарлығы жетті дегенде, оқушы қолындағы өзге оқушының жоспарын әрі қарай жалғауы керек. Жоспар бес пунктен тұрады. Соңында топта талқыланып, бір-бір жоспардан оқылады). Дескриптор: – Мәтінге сәйкес жоспар құра біледі. – Өз ойларын жүйелі жалғай біледі.</p> <p>ҚБ. «Театрдағы әрекет» Топтар бір-бірін бағалайды.</p> <p>4-тапсырма. Ж. «Галлерияны шарлау» әдісі.</p> <p><i>«Жолдасы үшін басын қатерге тіккен достың іс-әрекетін қалай бағалайсың?»</i></p>	<p><i>Смайликтер</i></p> 
--	--

<p>Сабактын соңы 7 минут</p>	<p>(Мәтін бойынша өзіндік ойларын қағазға түсіріп, іледі. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын оқып, танысып, бір жақсы және бір жетілдіруді қажет ететін жұмысты себептерімен атап көрсетеді). Дескриптор: – Өз ойларын ашық жаза алады. – Жазылған жұмыстарға талдау жасай алады.</p> <p>ҚБ «Бағдаршам» Оқушылар өздерін-өздері бағалайды.</p> <p>Жазылымнан кейінгі тапсырма: 5-тапсырма. Ж. «Төрт сөйлем» әдісі. 1. Пікір. Мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен білдір. 2. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде. 3. Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстыр. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды бір мақал айт.</p> <p>Дескриптор: – Мәтін бойынша өз пікірлерін білдіре алады. – Пікірлерін өмірмен байланыстыра алады.</p> <p>ҚБ «Бас бармақ»</p> <p><i>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.</i></p> <p>Кері байланыс: «Сэндвич» 1-бөлік. Ұнады. 2-бөлік. Ұнады, бірақ... 3-бөлік. Ұсынысым...</p>	<p>ҚБ «Бағдаршам»</p>  <p><i>орташа жақсы өте жақсы</i></p>  
----------------------------------	--	--

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>
<p><i>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтуы мүмкін (Гарднер бойынша көптік зият теориясы). Уақытты тиімді пайдалана отырып, саралауды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады.</i></p>	<p><i>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ кезінде нені үйренгендерін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазыңыз.</i></p>	<p><i>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары.</i></p>


<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>	<p><i>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>
<p>Жалпы бағалау: Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>	

А. И. ҚОЙШЫБАЕВ,
 Болгар мектеп-бақшасының
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
 Ақтөбе облысы,
 Алға ауданы,
 Болгарка ауылы

ШЫЛАУ ТҮРЛЕРІН АЖЫРАТА БІЛУ ЖӘНЕ ОРЫНДЫ ҚОЛДАНУ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7ӘТН4.3. Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Шылау түрлерін ажырата алады, орынды қолданады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шылаулардың грамматикалық, лексикалық нормаларын сақтайды.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Сөйлемдегі ойды өзіндік оймен сабақтастырып, өмірмен байланыстырады.
Бағалау критерийі:	*шылаудың мағыналық түрлерін ажырата білу; *сөйлемде орынды қолдану.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: шылау түрлерін ажыратып, орынды қолданады.

	Пәнге қатысы сөздік қор мен терминдер: ассамблея, ұлт бірлігі, этносаралық қатынастар, қазақстандық патриотизм, ұлтаралық келісім.
	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: «Бірлігі мықты ел озады», «Ақпыз, сары, қарамыз, ағайынбыз бәріміз...» «Менің ойымша...», «Менің пікірімше...»
	Талқылауға арналған сұрақтар: * 130-дан астам ұлт өкілін құрайтын барлық қазақстандықтарды не біріктірді? * Тарихи тағдырдың ортақтығы дегенді қалай түсінесің?
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» идеясы негізінде патриотизмге баулу.
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы және география.

<p>Алдыңғы білім (10 мин).</p>	<p>Оқушыларды Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөлу.</p>  <p>«Қос бәйтерек достығы» Бекқал Әбіштің деректі фильмі: Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов арасындағы достық қарым-қатынас.</p> <p>«Үш қадамдық сұхбат» әдісімен өткен сабақты ширату.</p> <p>1-қадам. Төрт (алты) адамнан тұратын топтарды жұпқа бөлу: А және Ә, Б және В.</p> <p>2-қадам. А Ә-дан сұхбат алады, Б В-дан сұхбат алады.</p> <p>3-қадам. Әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топ ішінде бөліседі.)</p>	
Жоспар		
<p>Жоспарланған уақыт</p>	<p>Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығу түрлері</p>	<p>Ресурстар</p>
<p>Басы (5 мин)</p>	<p>Ы н т ы м а қ т а с т ы қ атмосферасы: <i>Дөңгеленіп тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңырақты құрайық.</i></p> <p>Ой шақыру – Ж а с а л ғ а н тренингтің бүгінгі сабаққа қатысы бар ма?</p>	

	<p>– Ш а ң ы р а қ символының мәні неде?</p> <p>– Неліктен шаңырақты киелі санаймыз?</p> <p>Мұғалімнің кіріспе сөзі: — Жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қ а р а п а й ы м д ы л ы ғ ы , қ о н а қ ж а й л ы л ы ғ ы , бауырмалдығы үшін ерекше бағалайды, бастысы өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық халқымен ауыз бірлікте туыс болуды көздейді.</p>										
<p>Ортасы 15 мин.</p>	<p>1-тапсырма. ТЖ Берілген сурет бойынша шылауларды тілдесім барысында қолданып мәтін құру:</p> <table border="1" data-bbox="1303 1171 1699 1318"> <thead> <tr> <th>1-топ</th> <th>2-топ</th> <th>3-топ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Жалғаулықтар</td> <td>Демеуліктер</td> <td>Септеуліктер</td> </tr> <tr> <td>Мен, бен, және, себебі, бірақ,</td> <td>Тек, ғана, -ақ, да, де</td> <td>Ү ш і н , туралы, соң, кейін</td> </tr> </tbody> </table>	1-топ	2-топ	3-топ	Жалғаулықтар	Демеуліктер	Септеуліктер	Мен, бен, және, себебі, бірақ,	Тек, ғана, -ақ, да, де	Ү ш і н , туралы, соң, кейін	<p>А 3 қағазы, маркер, к и м а қағаздар</p>
1-топ	2-топ	3-топ									
Жалғаулықтар	Демеуліктер	Септеуліктер									
Мен, бен, және, себебі, бірақ,	Тек, ғана, -ақ, да, де	Ү ш і н , туралы, соң, кейін									

	<p>Дескриптор: – шылауларды орынды қолданады; – тақырыпты өмірмен байланыстырып, өзіндік ойын білдіреді. 2-тапсырма. ТЖ. «Бинго парақшалары» әдісі. Берілген сөйлемді құрастырып, өз ойыңды ортаға сал. <i>Қазақстан – бірлігі жарасқан тәуелсіз мемлекет, себебі... елдегі ұлтаралық татулық пен келісімді бірқалыпты ұстау үшін...</i> Дескриптор: – сөйлемді дұрыс құрастырады; – шылауды орынды қолданып айтады.</p>	
Соңы (7 мин).	<p>– 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілін құрайтын барлық қазақстандықтарды не біріктірді? – Тарихи тағдырдың ортақтығы дегенді қалай түсінесің?</p>	Слайд
К е р і байланыс (8 мин).	<p>«Менің ойым...» (Топ ішінде бірлескен жазылым арқылы жүреді). Мен ойлаған нәрсені орындадым ба? _____</p>	

	<p>Мен жобаның басты нәтижесі ретінде жазғанды істеу қолымнан келді ме? _____ Барлығы мен ойластырғандай болды ма? _____ Не _____ жақсы орындалды? _____ Не _____ жаман орындалды? _____ Нені орындау жеңіл болды, ал не кенеттен қиынға соқты? _ Кім маған жоба үшін рахмет _____ айтар еді? _____ Ересектерден өз жұмысымды бағалауын сұраймын: Анам не деді: _____ Мұғалім не деді: _____ Жобаны достар қалай бағалады: _____ Мен олармен немен келісемін не үшін келіспеймін ? _____</p>	Қима қағаздар
Қосымша ақпарат	АКТ, суреттер	
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіреміз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)

<p>Оқушыларға жекелеген тапсырмалар негізінде саралап оқытуды тиімді ұйымдастыру, қабілетті оқушыларға жоғары дәрежелі тапсырмаларды түрлендіріп отыру.</p>	<p>«Үш шапалақ» «Бағалау парағы Рефлексия»</p>	<p>Қазақстан тарихы және география</p>
<p>Рефлексия. Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарлаған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?</p>	<p>Бүгінгі сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері толықтай орындалды. Оқушылар «Тұрақтылықтың басты кепілі – татулық пен келісім» тақырыбы негізінде шылау түрлерін меңгерді. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, жоспарланған саралау, тапсырмалары жақсы іске асты. Уақытты үнемді пайдаландым. Болашақта оқушылардың деңгейіне байланысты тапсырмаларды енгізем деп ойлаймын.</p>	

<p>Қорытынды бағалау: Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты) 1. «Үш қадамдық сұхбат». 2. Топтық жұмыс. Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді? (оқыту мен оқуға қатысты) 1. «Кезбе тілші». 2. «Менің ойым...». Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1. Жас ерекшеліктеріне сай саралап оқытуға көп көңіл бөлу; 2. Оқушылардың грамматикалық сауаттылықтарын арттыру.</p>

Қызықты грамматика

ШЫЛАУЛАРДЫ ЖАЗА БІЛЕМІЗ БЕ?

1. "Аз ғана" сөзі неге бөлек, "азгантай" сөзі неге бірге жазылады?
2. Үндестік заңына бағына жазылатын қандай шылаулар бар? Асты сызылған сөздер неге бұлай жазылады?

*Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады. (Абай.)*

Бірақ апасының ауылы жаяу баратын жер емес.

(С.Мұқанов.)

3. Екі сөзден бірігіп барып жазылатын шылауды кім жазып бере алады? Ол қандай екі сөзден біріккен?

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

(Қысқа мерзімді сабақ жоспары)


Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. 7.Ж2. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу. 7.ӘТН3.Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.(Мақал-мәтелдер туралы түсінік)
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none">• Мәтінді түсініп оқиды.• Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды анықтай отырып, оны дамытып әңгімелейді.

	<ul style="list-style-type: none">• Мәтіндегі мақал-мәтелдерді тауып, тура және астарлы мағынада қолданылып тұрғанын анықтайды.• Адаққан сөздерді орындарына қойып, мақал-мәтелдерді құрастырады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: <ul style="list-style-type: none">• Берілген мақал-мәтелдерді тура және астарлы мағынада қолданылуына байланысты екі бағанға бөліп жазады.• Берілген мақал-мәтелдерді бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып, ойын түйіндейді.
	Кейбір оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді теріп жазып, себебін түсіндіреді.• «Мен денсаулығымды қалай күтемін?» тақырыбына эссе жазады.
Бағалау критерийлері	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну арқылы ұсынылған ақпараттан факті мен көзқарасты ажырата біледі. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, шағын эссе жазады.

	Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсіне отырып, қолданады.
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар орындай алады: Қазақтың денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдерін талдай отырып, әртүрлі ақпараттармен танысады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын, тура және ауыспалы мағынасын ажырата алады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Салауатты өмір, денсаулық, тіс күтімі, медицина, сауықтыру мәселелері, дәрумендер т.б.; Мақал-мәтел, тура, ауыспалы мағына т.б.</i></p> <p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>Ауру қалса да, әдет қалмайды, Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде, мемлекет байлығы, тісті күту, ағза.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: <i>1. Темекі шексеңдер, сендерді ит қаппайды, түнде үйлеріңе ұры түспейді, ең бастысы – қартаймайсыңдар. Ақылгөй қарияның сөзін қалай түсіндірер едіңіздер?</i></p>


	2. «Ауру мысқылдап кіріп, батпандап шығады» мағынасын қалай түсінесіз?	
	Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? <i>Құрамында қандай дәрумендері бар ас мәзірін күнделікті пайдалануға болады?</i>	
Алдыңғы оқу	Денсаулықты сақтандыру жолдары, денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдер туралы жалпы ұғымдары бар.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, Тарих, Биология.	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын сақтау. Жеке адамның да, мемлекеттің де, қоғамның да басты байлығы – денсаулық екенін түсіну. Ел болашағы – дені сау, білімді ұрпақ екенін басты назарда ұстау. Сын тұрғысынан ойлау. Топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезіну. Өмір бойы оқуға дайын болу.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған ж а т т ы ғ у л а р түрлері	Ресурстар. Бағалау

<p>Сабақ т ы н басы 5 минут</p>	<p>2 мин.</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесемін. 2. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалаймын. 3. Оқушылардың бүгінгі көңіл-күйін білу және топта жағымды психологиялық ахуал туғызу мақсатында «<i>Бұзылған телефон</i>» <i>тренингі</i> арқылы оқушыларды дұрыс тыңдалым, айтылымға бағыттау. «Денсаулығың мықты болсын!» деген сөйлемді қайталап шығады. «Сізге қандай жеміс ұнайды?» әдісі бойынша оқушылар өздеріне ұнаған жемісті таңдайды. Ол жемістің пайдасын айтып шығады. <i>I топ – Алма – «Алғырлар»</i> <i>II топ – Жүзім – «Жеңімпаздар»</i> <i>III топ – Банан – «Байқампаздар»</i> <i>IV топ – Шие – «Шығармашылдар»</i> II. Үй тапсырмасы: «Көшпенділер мәдениеті» тарауы бойынша алған білімдерін «<i>Бес сұрақ</i>» әдісімен қорытындылаймын.</p>	<p>Алма, жүзім, банан, шие жемістерінің суреті</p>
<p>Білу</p>	<p>3 мин</p>		

		<p>Ол үшін осы тарауда бүгінге дейін өткен тақырыптар бойынша топқа сұрақтар қойып, оқушы білімін тиянақтаймын. Кері байланыс: Өткен тарауда қиындық туғызған сұрақтар бар ма? Қалыптастырушы бағалау: Өзара бағалау.</p>	
<p>Сабақтың ортасы 30 минут Түсіну</p>	<p>10 мин</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы: I-тапсырма. Берілген мәтін үзіндісін мұқият оқыңыз. Қарияның айтқан сөздері нені меңзейді? Қарияның сөзін жұпта болжап, талқылаңыздар. Өз сөзіңізде эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолданыңыз. Қандай шешімге келдіңіз? Ойыңызбен бөлісіңіз. Баяғыда бір елге саудагерлер тауарлар алып келеді, тауарлардың арасында темекі де бар екен. Тезірек сату үшін саудагерлер темекіні мақтай бастайды. Сонда жергілікті бір ақылгөй шал жерлестеріне: – Бұлар дұрыс айтады. Темекі шексеңдер, сендерді ит қаппайды, түнде үйлеріңе ұры түспейді, ең бастысы – қартаймайсыңдар, – дейді. Саудагерлер бұл сөзді түсінбей, шалға: – Қария, айтқаныңызды түсіндірмес пе екенсіз? – дейді...</p>	

	<p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> – көңіл күйге байланысты сөздерді анықтай алады; – көркемдегіш құралдарды қолданады; – мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты сөз тіркестерін анықтайды. <p>2-тапсырма. Әңгіменің жалғасын тыңдаңыздар. Өз жауаптарыңызды қарияның жауабымен салыстырыңыздар.</p> <p><i>Сонда шал: - Темекі көп шексең, аздаң алжуаз болады, таяққа сүйеніп жүресің. Ал таяғы бар адамды ит қаппайды. Екіншіден, көп жөтелесің, ал түнде ұйықтамай жөтеліп жатқан адамның үйіне ұры кірмейді. Ал қартаймау себебің – жастай өлесің.</i></p> <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> – өз көзқарасын дәлелдеу үшін қорытынды шығара алады; – жан-жақты сауатты түрде талдайды, салыстырады. <p>«Болжау» әдісі арқылы берілген сұрақтардың бүгінгі тақырыпқа қатысының қандай екенін сұрай отырып, жаңа тақырыпты, сабақтың мақсатын, бағалау критерийлерін таныстырамын.</p> <p>III. Жаңа тақырып: 1-тапсырма. Оқылым/айтылым. Сыныптық жұмыс Мәтінді жеке түсініп оқып, мазмұнын топта баяндайды. 1А, Ә-тапсырма сұрақтарға жауап береді. 1Б-тапсырма Жазылым. Жеке жұмыс «Мен денсаулығымды қалай күтемін?» тақырыбына эссе жазу.</p>	<p>Дескриптор</p>  <p>Дескриптор</p>
--	---	--

<p>Қолдану</p> <p>10 мин</p> <p>Талдау</p> <p>Жинақтау</p>	<p>10 мин.</p> <p>3 мин.</p> <p>4 мин.</p>	<p>Кері байланыс: Құрамында қандай дәрумендері бар ас мәзірін күнделікті пайдалануға болады?</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Басбармақ» әдісі (топтар өзара бірін-бірі бағалайды) Мақал-мәтелдер туралы түсінік беремін. 2-тапсырма. Жазылым. Сыныптық/жұптық жұмыс. 2 А-тапсырма. «Кім жылдам?» әдісі. Айтылым. Топтық жұмыс Денсаулық жайлы мақал-мәтелдерді тауып, мағынасын түсіндіреді.</p> <p>Кері байланыс: Тура және ауыспалы мағынаның қайсысын табу қиындық келтірді? Неліктен?</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Смайликпен бағалау. 3-тапсырма. Айтылым. Топтық жұмыс «Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық» деген мақалды мысал келтіре отырып талқылау.</p> <p>Кері байланыс: Мысал келтіре алдық па?</p> <p>Қандай мақал-мәтелдерді қолдандыңдар? «Білгенге маржан!» «Тіс – сұлулық пен денсаулық кепілі» мәтінін оқып, ой бөлісу.</p> <p>Кері байланыс: Тіс күтімі жайлы кенестерді назарда ұстайсың ба?</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Қол шапалақтау.</p> <p>4-тапсырма. Жазылым. Жеке жұмыс.</p>	<p>Мәтін</p> <p>Смайлик</p> 
---	--	---	---

	3 мин.	Кері байланыс: Қай мақал ұнады? Неліктен? « Шахмат тақтасы» әдісі арқылы шахмат тақтасының ақ көзіне бүгінгі сабақтан не алғандарын топта жазып шығады.	
Сабақ- тың соңы 5 минут	3 мин. 2 мин.	Рефлексия: «Мен үшін бүгін ... құнды болды, себебі ... » Үйге тапсырма беру. 1. Оқулықтағы 5-тапсырманы орындау. 2. «Еркін жазба» әдісі арқылы Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімін де киюға болады. «Денсаулық – зор байлық», - дейді қазақ. Денсаулық туралы, тазалық туралы 100-150 сөзден тұратын эссе жазыңыз.	
Қосымша ақпарат			
Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау. Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, денсаулық сақтау. АКТ-мен байланыс.	

Жеке жұмыс: «Бес сұрақ» әдісі оқушылардың алдыңғы білімін жинақтай отырып, ашық сұрақтарға жауап бере алатын, тілдік дағдылары қалыптасқан, белсенді оқу үдерісінде өзіндік уәжі бар дара тұлғаны өз ойын еркін айтуға қалыптастырады. Қ а л ы п т а с т ы р у ы бағалау тапсырмасы. Тапсырманы орындау барысында проблемалық сұраққа жауап іздейді, ойын ортаға салады. Дескриптор арқылы бағаланады. Топтық жұмыс: топтық, жұптық жұмыстар арқылы сыныпта белсенді оқу ортасы қалыптасады. Жеке жұмыс: «Кім жылдам?» әдісі бойынша әр бала жеке жұмыс жасай отырып, бүгінгі алған білімдерін тиянақтайды. Оқушыларды шапшаңдыққа дағдыландырады. Топтық жұмыс: « Шахмат тақтасы» әдісі арқылы шахмат тақтасының ақ көзіне бүгінгі сабақтан не алғандарын топта жазып шығады. Өздерін-өздері бағалайды. Жеке жұмыс: «Мен үшін бүгін ... құнды болды, себебі ... » кері байланыс оқушының білім алуын, шешім қабылдай білуін, бәсекелестікке түсе білу дағдысын қалыптастырады.	1. Әр оқушының оқу мақсатына жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолданылады. 2. Смайликтер, дескриптор, «Қол шапалақ», «Басбармақ» арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі бағалауы, жұптың, топтың бағалауында оқушылардың оқу жетістіктері айқын байқалады.	Жағымды психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Бұзық телефон» тренингі арқылы оқушыларды дұрыс тыңдалым, айтылымға бағыттау. «Денсаулығың мықты болсын!» деген сөйлемді қайталап шығады. АКТ- мен жұмыс жүргізу кезінде адам өмірінің қауіпсіздігі басшылыққа алынады. Ресурстар.
--	---	---

<p>Жеке оқушыға тапсырма: «Еркін жазба» әдісі арқылы «Денсаулық – зор байлық» деген тақырыпта өз ойын еркін жеткізуге, ортақ шешім қабылдауға дағдыланады. Топтық, жұптық, жеке жұмыстарды жеңілден күрделіге бағыттау арқылы оқушылардың бірлесе, белсенді жұмыс жасай алу қабілеттері шыңдалады.</p>		
Рефлексия		
<p>1. Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?</p>	<p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері өз дәрежесінде орындалды. Мақсатқа сай берілген тапсырмаларды оқушылар белсенді орындап отырды. Берілген мәтіннің мазмұнын түсіну арқылы негізгі ақпаратты анықтады. Мәтін мазмұнындағы ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтарға жауап берді. Мақал-мәтелдерді түрлі тапсырмалар арқылы талдады.</p>	
<p>2. Бүгін оқушылар не үйренді?</p>	<p>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын сақтауды, жеке адамның да, мемлекеттің де, қоғамның да басты байлығы – денсаулық екенін, ел болашағы – дені сау, білімді ұрпақ екенін, сын тұрғысынан ойлауды, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезінуді, өмір бойы оқуға дайын болуды, дұрыс сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін, бірін-бірі әділ бағалауды үйренді.</p>	

<p>3. Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?</p>	<p>Сабақта оқу мақсатына сәйкес жоспарланған тапсырмалар өз деңгейінде өтті. Белсенді оқу ортасы қалыптасты. Ынтымақтаса жұмыс істеу қабілеті байқалды. Жеке және топпен жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптасты.</p>
<p>4. Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)</p>	<p>Оқушыға меңгертуге арналған тапсырмалар нақты және жүйелі болды. Жұптық, топтық жұмыстар барысында берілген тапсырмалар <i>тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым</i> саралап оқыту тәсіліне сай әрекетінің дағдылары қалыптасты, ашық сұрақтар арқылы болжау, талдау жасалды.</p>
<p>5. Уақытты қалай пайдаландым?</p>	<p>Уақыт бөлінісінің тиімділігі сақталды. Топтық жұмыстар тиімді жүзеге асырылды.</p>
<p>6. Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Уақыт тиімділігін басты назарда ұстау, оқушылардың өзін-өзі реттей отырып, кері байланыс бере алуына мүмкіндік туғызу.</p>
<p>Қорытынды бағалау: Қандай екі нәрсе ойдағыдай сәтті шықты? (оқытуды да, оқуды да есепке алыңыз.) 1. ҚБ тапсырмасындағы ақылгөй қарияның жауабы. – <i>Темекі көп шексең, ағзаң әлжуаз болады, таяққа сүйеніп жүресің.</i></p>	

Ұстаз басшылығымен

М. ҚОРҒАНБАЕВА,
№49 орта мектептің 10 сынып оқушысы.
Ғылыми жетекші:
№49 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.
Н.Ш.КЕКІЛБЕКОВА.
Шымкент қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ БУЫН ТЕОРИЯСЫ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Қазақ тілінің буын жігіне байланысты профессор Ә.Жүнісбек төмендегідей пікір ұсынады: «Қазақ тіліндегі буын құрылымының талданым нәтижесі буын жігінің неге оңай табылатын себебін көрсетті, оның белгілі бір фонологиялық негізі бар екен. Түркі тілдеріндегі буын жігінің оңай табылатын себебі: буын төрт үндесім әуездің бірімен айтылады, сондай-ақ түркі тілдерінде (дәстүрлі фонетикада қалыптасқан көзқарасқа керісінше) буыннан кіші морфема жоқ»¹, 25 б.

Сонымен ғалым пікірі бойынша, қазақ тіліндегі буынның басты өзгешелік белгісі оның үндесім тұрқында болып табылады. **Басқаша айтқанда, буын құрамындағы дыбыстар өзара белгілі бір әуез арқылы кірігеді, сөйтіп барып бір буын құрайды.** Буын құрап тұрған дыбыстардың арасындағы өзара әуез бірлік – қазақ (түркі) тілдерін өзге тілдерден бөлектеп тұратын ерекше белгі. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тіліндегі буынның әуез белгісі – туыстас тілдерді (түркі тілдерін) өзара біріктіріп тұратын типологиялық

Ал таяғы бар адамды ит қаппайды. Екіншіден, көп жөтелесің, ал түнде ұйықтамай, жөтеліп жатқан адамның үйіне ұры кірмейді. Ал қартаймау себебің – жастай өлесің.

2. «Шахмат тақтасы» әдісі.

Қандай екі нәрсені жетілдіру сабақты жақсартар еді? (оқытуды да, оқуды да есепке алыңыз.)

1. Қалыптастырушы бағалауды жетілдіру;

2. Дескриптормен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

1. Оқушының ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған күрделі тапсырмалар түрін жетілдіру;

2. Оқушылардың ойын жүйелі жеткізе білуі үшін тапсырма түрлерімен көбірек жұмыс жасауды..

Бағалау парағы

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар
Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну арқылы ұсынылған ақпараттан факті мен көзқарасты ажырата біледі.	1. Мәтінді түсініп оқиды. 2. Мәтін бойынша берілген ақпараттарды талдай алады.
Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, шағын эссе жазады.	1. Мақал-мәтелдерді қолдана отырып, эссе жаза алады.
Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсіне отырып, қолданады.	1. Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін түсіне отырып, проблемалық сұрақтың жауабын таба алады. 2. Болжам жасай алады.

ортақ, ал туыс емес тілдерді өзара ажыратып тұратын типологиялық айырым белгі болып шығып отыр.

I. Кеңесбаевтың пікірінше, қазақ тіліндегі буынның негізі дауысты дыбыс болып табылады, ал дауыссыздар сол дауыстыларға икемделіп тұрады. Ғалым орыс тіл біліміндегі «қарқын теориясын» қолдайтынын білдіреді [2, .66-67.Б].

Түркі және қазақ тіліндегі буын құрылымын қарастыра келіп академик А.Қайдаров оның алты түрін атайды және олардың негізінен барлық түркі тілдеріне тән екеніне тоқталады [3, 181 б.].

Қазақ тіліндегі буын мәселесін сингармонизм тұрғысынан арнайы қарастырған Ж.Нәзбиев болды: «...сингармонизмнен туындайтын буын сапасының сипаттамасына, яғни бірыңғай әуездің физиологиялық және акустикалық көрінісіне көңіл аударамыз. Басқаша айтқанда, біз буын түрлеріне (ашық, тұйық, бітеу) немесе буын құрамындағы дыбыстардың ассимилятив түрленіміне (қатаңдау, ұяңдау...) емес, буынның артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық жалпы сипатына көңіл бөлеміз» [4, 2 б.]. Бұдан байқайтынымыз, автор буынның фонологиялық бірлік ретіндегі сипаттамаларына баса назар аударады. Автор зерттеуі буынның үндестік белгілерін талдауға арналған.

Жалпы буын мәселесіне келгенде, ғалымдар арасында алшақ пікір жоқ, алайда буын шегін анықтауға келгенде, ортақ пікір таба қою қиын. Өйткені әр тілдің өз заңдылығы бар. Соңғы кезде түркі тілдерінде сөз соңына түсетін тұрақты екпін бар деген қағида о бастан қалыптасып қалған. Сондықтан да сөздің шегін сөз соңындағы екпін көрсетеді деп есептеледі. Осы пікір түркі, оның ішінде қазақ тіл білімінде, әбден орнығып

алған. Профессор Л.Р.Зиндер «*Функцию разграничения слов в связной речи часто приписывают связанному ударению. В языках, в которых ударение всегда падает на первый или последний слог слова, можно по месту ударения судить о том, какой слог перед нами – начальный или конечный. Однако этого недостаточно для того, чтобы узнать точную границу, отделяющую данное слово от предшествующего или последующего*» [5, 249-250 б.] деген пікір ұсынады. Соңғы кездегі сингармонизм теориясына жүгінетін болсақ, ғалымның пікірін талассыз қабылдауға тура келеді

Түркі лингвистикасындағы буынға көзқарасты профессор Н.А.Баскаков былай деп баяндайды: «*Түркі тілдеріндегі фраза, сөйлем, сөз тіркесі және жеке сөздің құрылымы буынның қарқынды (экспираторлық) жасалымын дәлелдейді. Түркі буынының өзінің дыбыс құрамы мен буын жігіне қатысты өзіндік ерекшеліктері болумен қатар, өзге тілдермен үйлесім жататын ортақ белгілері де жоқ емес*» (6, 176 б.).

А.Байтұрсынов сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, «*Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар*» (7, 344-345 б.) деп, буын түрлерін саралап береді. Сондағы «буыншы» әріптеріміз дауысты дыбыстар болып шығады. Буын құраудағы дауысты әріптердің мәнін «әлгі әріптер кіріспейтін буын» болмайды деп көрсетеді. «*Буындардың бір әріптілерін бір бөлек, екі әріптілерін*

бір бөлек, үш әріптілерін бір бөлек, төрт әріптілерін бір бөлек шығарып жазыңдар» (7, 344 б.) деген тапсырма жаттығуынан А.Байтұрсыновтың буынның дыбыс құрамын да анықтап кеткенін көруге болады. Сөйтіп осы күнгі қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана буын құрай алатындығы, буын түрлері, олардың дауысты-дауыссызға қатысты дыбыс құрамы мен буын аттары жайлы алғашқы мәліметтің бастау көзі болып отыр.

Буын мәселесіне арналған келесі лингвистикалық еңбектер осы А.Байтұрсынов ережелерін негізге алып отырады. Айырмашылық тек буын түрлері мен олардың атауларына қатысты болып келеді. Профессор Қ.Жұбанов буынның дыбыс құрамына қарай алты түрін көрсеткен (8, 361 б.). *«Фонациялық ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан бір немесе бірнеше дыбыс тобын буын дейміз. Демек, буын экспирация арқылы (өкпедегі ауаны сыртқа шығару арқылы) жасалады»* дей келіп, осы үрдісті профессор І.Кеңесбаев та ұстанады, буын түрлерін ашық, тұйық және бітеу деп бөліп, олардың алты түрлі дыбыс құрамын көрсетеді (2, . 260-261б.).

Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған С.Мырзабеков *«Буын – ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы»* (9, 101 б.) деген анықтама береді.

Ал буын түрлерін *«Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы»* (9, 103 б.) деп көрсетеді.

Буын түрлері мен оның дыбыс құрамының осы іспеттес анықтамасы қазақ тілі оқулықтарында ең кең тараған сипаттамасы болып табылады. Қазақ тіліндегі буын қондырғы (*инструментал*) *әдісімен* де зерттелген. Буынның, оның құрамындағы дыбыстардың сандық-сапалық нәтижелері буын жігін ажыратудың акустикалық көрсеткіштері бола алатындығы дәлелденген. Буын құбылысын сингармонизммен тікелей байланыстыра отырып, проф. Ә.Жүнісбеков: *«Қазақ тіліндегі дыбыс түрленімі қазақ сөзінің сингармонизм заңдылығынан туындайды. Сингармонизм әуезі (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) көрінетін тірек бірлік буын болып табылады»* (1. 24-25.б) деп, теориялық қорытынды жасайды.

Қазақ тіліндегі буын орфоэпиясын (*айтылымын*) сөз еткенде, осы теориялық қисыны басшылыққа алынады. Буын құрамындағы дыбыстар белгілі бір қатаң жүйеге бағынып барып басы бірігетін болса, онда оның артикуляциялық негіздемесі болу керек. Артикуляциялық негіздің акустикалық (*естілім*) нәтижесі болады.

Қазіргі кездегі қондырғы құралдар мен компьютерлік программалар буын және оның құрамындағы дыбыстар тіркесінің акустикасын көрнекі суреттеп бере алады. Ендеше буынның басынан аяғына дейінгі, яғни өне бойындағы дыбыстар тізбегінің суретін алып, буын орфоэпиясының артикуляциялық және акустикалық көрінісін байқап-бақылауға болады деп болжам жасауға болады.

Қазақ тіліндегі буын түрлерінің, әсіресе, олардың дауысты немесе дауыссыз дыбысқа бітуінің морфологиялық деңгейге тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Себебі келесі жалғанар қосымша дауыстыға

басталады ма, әлде, дауыссызға басталады ма, ол — алдыңғы буынның соңғы дыбысына тікелей байланысты кездері болады. Сонымен қатар алдыңғы буынның соңғы дыбысы мен соңғы буынның бастапқы дыбысының арасында да дауыс қатысына тікелей байланысты тұстары бар: буынның дауысты, қатаң, ұяң немесе үнді дыбысқа бітуіне қарай қосымшаның бастапқы дыбысы құбылып отырады. Осы заңдылықтар қазақ тілі үшін аса актуальды болып табылады. Ендеше қазақ тілінің буын жүйесін буын түрлері мен оның дыбыс құрамын дауысты-дауыссыз тұрғысынан ғана жіктеп қойған жеткіліксіз болады екен. Мұндай жіктелім тасымал талабына сай келіп, тасымал ережелерін ғана құрастыруға ғана жарайды.

Лексика (сөз) деңгейінде кемістігі жоқ талдау морфология (қосымша) деңгейінде жарамай қалып жатыр. Лексикалық деңгейде буын түрлері мен оның дыбыс құрамы үшін түбір сөздің де, туынды сөздің де мәртебесі бірдей: **"бақта"** бір сөз, **"бақташы"** да бір сөз. Екі жағдайда да **"бақ"** – бітеу буын, ал **"та"** — ашық буын. Осы жіктелім тасымал үшін жеткілікті.

Ал морфологиялық деңгей үшін: **"бақ"** бірлігінің бітеу буын екендігі жеткіліксіз, оның қатаң дауыссызға аяқталып отырғанын қоса ескеру керек. Ендеше, **"та"** ашық буыны, **біріншіден**, дауысты дыбыстан бастала алмайды, егер дауысты дыбыстан басталатын болса, онда **"бақ"** бірлігі бітеу буын бола алмайды. **Екіншіден**, ол тек дауыссыз дыбыстан басталады, оның үстіне бастапқы дыбыс тек қатаң дыбыс болу керек. Бастапқы дыбыс қатаң дауыссыз болмаса, **"бақ"** пен **"та"** тіркесе алмайды. Сондықтан буын құбылысының өзін екі деңгей тұрғысынан қарастырған жөн сықылды. Ол үшін буынның дыбыс құрамын іштей тағы жіктей

түсуге тура келеді.

Буынның дыбыс құрамы іштей екі салаға жіктеледі.

Бірінші, буын құрамындағы дыбыстың дауыс қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың дауыс қатысына қарай жіктеледі: **жаз** – үнді дауыссызға аяқталып тұр, **жас** – қатаң дауыссызға аяқталып тұр; **жан** – үнді дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, ілік септік жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: жаздың – ұяң **з** дауыссызынан кейін тек ұяң **д** дауыссызы, жастың – қатаң **с** дауыссызынан кейін тек қатаң **т** дауыссызы, жанның – үнді **н** дауыссызынан кейін тек үнді **н** дауыссызы.

Екінші, буын құрамындағы дыбыстың әуез қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың әуез қатысына қарай жіктеледі: **қаз** – жуан езулік дауыссызға аяқталып тұр; **кез** – жіңішке езулік дауыссызға аяқталып тұр, **құз** – жуан еріндік дауыссызға аяқталып тұр; **күз** – жіңішке еріндік дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, тағы да ілік септігінің жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: **қаздың** – жуан езулік **з** дауыссызынан кейін тек жуан езулік **д** дауыссызы, **кездің** – жіңішке езулік **з** дауыссызынан кейін тек жіңішке езулік **д** дауыссызы, **құздүң** – жуан еріндік **з** дауыссызынан кейін тек жуан еріндік **з** дауыссызы, **күздің** – жіңішке еріндік **з** дауыссызынан кейін тек жіңішке еріндік **д** дауыссызы.

Әрине бұл заңдылықтардың реті бір түбірден бір қосымшаға қарай бірдей бола бермейді: соңғы ұяң дыбыстан кейін келесі буынның бастапқы дыбысы ұяң бола бермей, үнді де бола береді. Алайда, басты

заңдылық яғни дыбыс талғампаздық әруақытта сақталып отырады.

Сонда қазақ тіліндегі буынның басқы және аякқы дыбыстарының артикуляциялық және акустикалық белгілерінің лингвистикалық мәні бар болып шықғы. Лингвистикалық мәні бар фонетикалық құбылыстың әрқашан да артикуляциялық және акустикалық тірегі болады.

Бұл – іргелес дыбыстардың арасындағы фонетикалық шарт.

Ал буын құрамындағы дыбыстардың бір-біріне икемделуі сингармонизм заңына байланысты екендігі жайлы деректер жеткілікті. Қазақ лингвистикасындағы сингармонизм теориясы көп мәселенің басын ашып берді. Сингармонизмді теориялық тұрғыдан зерттеу жеткілікті. Енді болса буын артикуляциясы мен акустикасын кешенді инструментал зерттеудің нысанына айналдыру кезекте тұр. **Мысалы, қи (қый), ки (кйй), құй (құй), күй (күй) немесе қиын (қыйын), киін (кййін), құйын (құйұн), күйін (күйұн)** деген т.б. сөздердің буын құрамын сингармонизм тұрғысынан сипаттап шығу – тек дауысты дыбыстарға байланысты болмауы керек.

Сингармонизмнің артикуляциялық белгісі ауыз қуысындағы тілдің көлденең және еріннің езулік-еріндік қалпына қатысты десек, онда буынды бөліп-жармай, бүтін буынның тіл мен ерін артикуляциясын яғни «буын артикуляциясын» сипаттап шығу керек.

Жалпы лингвистикалық, сондай-ақ түркологиялық ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, қазақ тіліндегі буын құбылысын сингармонизмнен тыс зерттеуге

болмайды деп жорамал жасаймыз. Себебі буын, оның дыбыс құрамы, дыбыстардың үндесім құрамы, ең бастысы, буын жігін табудың әдісі сингармонизм арқылы шешілуге тиіс.

Тіл құрамындағы басты бірліктердің бірі ретінде буынның тіл құрылымында алатын орны ерекше. Сондықтан да қазақ тілінің грамматикаларында (оқулықтар, оқу-әдістемеліктер мен оқу-құралдары) міндетті түрде буынға арналған бөлім беріліп отырса, буын жайына арналған зерттеулер де жоқ емес, өзге ұлт мектептеріне арналған оқулықтарда буын жайлы мәліметтер бар.

Алайда қазақ тілі грамматикалары мен өзге де сол саладағы еңбектерде буынның құрылымы мен дыбыс құрамы ғана сөз болып келді. Ал зерттеу еңбектері болса, негізінен буынның акустикалық белгілерін сипаттауға арналды. Сөйтіп буынның артикуляциялық сипаты назардан тыс қалып келді. Егер кез-келген тілдік бірліктің (оның ішінде буын да бар) негізінде алдымен артикуляция жататынын ескерсек, онда буын мәселесінің шешімін артикуляциядан іздеуіміз керек болады. Ал оның акустикасы мен естілім белгілері сол артикуляциядан барып туындайтын қасиеттер екені лингвистикада даусыз дәлелденген.

Жоғарыда айтылғандай, жалпы лингвистика тұрғысынан алғанда, буын проблемасы өте күрделі лингвистикалық құбылыс ретінде әлі күнге дейін пікір-талас объектісі болып келеді. Өзге тілдердегі буын мәселесіне көптеген диссертациялар мен

монографиялар арналып жатыр.

Қорыта келгенде, буын табиғаты және оның шекара белгілері жайлы негізгі пікірлер осы айтылғандарға келіп саяды. Өзге де пікірлер айтқан ғалымдар бар, бірақ бәрінің негізгі мазмұны осы іспеттес.

Резюме

Бұл мақалада буын теориясының зерттелу жайы қарастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. Дис. ...д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1988. –
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1975. – 302 б.
3. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
4. Назбиев Ж. Сингармонические сегменты в казахском языке. – Алматы: Наука, 1998; –
5. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва: Высшая школа, 1979. – 312 с.
6. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука. 1988. –
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. –
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.

Ұстаз толғанысы

Қ. ЧАЙКЕНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі,
Алматы облысы,
Алакөл ауданы,
Көктұма қазақ орта мектебі

БІЛІМ АЛУДАҒЫ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында ұстаздардың оқыту тәжірибесін жетілдіру қажеттілігінің маңызы арта түсті. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулер нәтижесінде білім беруде оң өзгерістердің қажет екендігін түсінді. Ендігі білім беру саласында мұғалім, оқушы ғана емес, мұғалім – оқушы – ата-ана ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Ата-ана мен мұғалімнің алдында бүгінгі шәкірттің өзгермелі өмірге дайындығы және келешекте неге қол жеткізе алатындығын бағамдау тапсырмасы тұр. Инновациялық технологиялардың кең таралуының нәтижесінде білімге қол жеткізу оңтайланды, алайда оқушы сан түрлі ақпарат ағымынан өзіне қажетті дүниені алып, қажетсізін білу тапсырмасы тұр. Сондықтан қазіргі білім жүйесінде сын тұрғысынан ойлау басты орынға шығып отыр. Бүгінгі білім әлемінде мұғалім мен бірге ата-ананың рөлі барынша артты. Кез келген баланың ішкі мүмкіндіктерін ашу, оқудағы ерекшеліктерін түсіну, көптеген тәсілдердің, тілдік және дағды мен қызығушылықтарын арттыруда – мұғалім ғана емес, ата-ана ықпалы қажеттілігі туындады. Баланың жақсы білім алып, бойында жақсы қасиеттерді сіңіруі үшін ата-ананың өзі жан-жақты болуы керек. Ата-ана білім мекемелерімен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырады. Ата-ана ұстаздармен бірлесе, ынтымақтаса отырып жұмыс жүргізсе – білім алу нәтижелі болмақ. Сондықтан білім беру ұйымы ата-аналармен жұмысқа ерекше мән беруі қажет. Әр мұғалім алдында отырған шәкірттің ата-аналарымен танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиесінде рөлінің қандай екендерін анықтауы дұрыс. Білім алуда ата-

ананың жауапкершілігін арттыру мақсатында сауалнамалар, тренингтер, дөңгелек үстелдерді жиі өткізіп, ата-ананың көкейінде жүрген мәселелерді шешуге тырысу қажет. Әр ата-ана баласына барын, ең жақсысын бергісі келеді. Олар балаларының үздік оқып, мектептегі іс-шараларға белсене қатысып, тәрбиелі, тәртіпті болғанын қалайды. Ол өз өзінен келмейді. Ол үшін мұғалім мен қатар ата-ананың да қолдауы, көмегі, тілегі керек. Жұмысбасты ата-аналарға баласына көңіл бөлуге уақытты қалай табуға болатындығы туралы психологиялық тренингтер мектеп қабырғасында жиі өткізілгені жөн болар еді.

Кейінгі білім беру саласындағы өзгерістерде оқушының сыни тұрғыдан ойлай білуге үйрету қажеттілігі туындады. Оқушы алған білімін өмірде қолдана алуы керек. Себебі бүгінгі мектеп оқушылары ертеңгі үлкен өмірге дайындығының төмен екендігін көрсетіп отыр. Мектеп қабырғасындағы әрбір сабақта алған білімін оқушы өмірде қолдана алу дағдысын үйренуі қажет. Ол үшін оқушы нені оқып жатқандығына мән беруі керек. Оқушыда білімнің қажеттілігін толық мойындаған сәттен бастап жауапкершілік арта түседі.

Ал оқушыға тәрбие беруде ата-ананың рөлі зор. Ата-ана күнделікті үйіндегі қарым-қатынасын реттей отырып, балаға тәрбие бере алады. Ата-ана бойында бала ала алатындай ұлттық мінез, байқампаздық, ұстамдылық болуы шарт. Ата-ана сегіз қырлы, бір сырлы болуы қажет. Ол қазіргі заманауи технологияларды меңгерген, білімді, инабатты, сабырлы болуы шарт. Ұлттық құндылықтарымыз жайында әр отбасылық дастархан, отырыс үстінде дәріптеп отыруы шарт. Осыны көріп өскен бала бойында ұлттық салт-дәстүрге деген құрмет отбасынан бастау алып, мектеп қабырғасында оны одан әрі дамытып, мағынасын түсінеді.

Жаһандану заманында бала бойынан өз бет-бейнесін жоғалтып алмау үшін ұлттық сана-сезімге көп көңіл бөлінгені абзал. Ата-ана өзіне де талап қойғыш және баладан да талап ете алатын тұлға болғаны дұрыс. Әр ата-ананың да, мұғалімнің де алдына қойған мақсат мүдделері бір болғанда жемісін бермек. Сондықтан тәрбиелі, білімді бала өсіруде ата-ана да, мұғалім де ынтымақтаса жұмыс істегені жөн. Өзгермелі өмірде баланың өз орнын тауып тұлға болып қалыптасуы үшін олардың кез келген өзгеріске дайын, қиындықтан шыға алатын, шешім қабылдауға дайын, өзіне

қажетті дағдыларды бойына мектеп қабырғасында сіңіріп кеткені дұрыс. Ата-ана мен мұғалімнің мақсаты баласы мен шәкіртінің ертең мектеп бітіріп қоғамда өз орнын тапқан, өзгермелі өмірге икемді тұлға болғандығы. Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Ол өз елінің мәдениетін құрметтейтін, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсете алатын, өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік бере алатын қасиеттерді игеруі керек. Қазіргі қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайлардың себепшісі болып жүрген қылмыскерлердің, бала кезінде өз отбасыларында дұрыс көңіл бөлінбегендігі немесе ата-ананың тәрбиесінен тыс қалғандығы әр ақпарат құралдарында айтылып жүр. Ертеңгі болашақты бүгін ойласақ, қоғам болып әр балаға жауапкершілігімізді түсінуіміз қажет. Бүгін тәртіп пен тәрбиеден, білім мен дағдыдан шет қалған оқушы ертеңгі қоғамда кім болуы мүмкін? Әр баланың бойына адамгершілік пен мейірім дәнін себуге ықпал ете білу қажет. Сол себепті әр отбасы әр баласына үлкен жауапкершілікпен қарап, білім беру ұйымдары бар білімді беруі тиіс. Әр оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты назарда болып отыр. Өйткені балада сыни көзқарас қалыптаспайынша ол әр дүниелерді бойына сіңіре береді екен. Ақпарат ағымы толассыз бұл заманда бала өзіне ненің қажет, ненің керексіз екенін білгені дұрыс. Балаға қымбат бағалы техниканың соңғы үлгілерін алып бергеннен гөрі, оған уақытты бөліп, баламен әңгімелесіп, санасып, оның жан-дүниесін түсінуге тырысу қажет. Отбасында бала отырғанда, ата-ананың өзін-өзі ұстауы, тамақ ішу мәдениеті, демалуы, қызығушылықтары бала тәрбиесінің іргетасы болып қалана бермек. Оған бағыт бағдар беретін әрине ата-ана мен мұғалім.

Бала үшін ұстаздың еңбегі «тасқа тамған тамшыдай» екен. Бұның артында мұғалімнің толассыз, тынымсыз ізденісі, еңбегі жатыр. Әріпті танымай келген кішкентай бүлдіршін, мектеп бітіргенде, оң солын айыра алатын, адамгершігі мол, білімді тұлға болып шығуы тиіс. Осыны іске асыруда мұғаліммен қатар ата-ана да өз жауапкершілігін, мүмкіндігін аямай жұмсаса, қоғамда белгілі орны бар азамат пен азаматшалар көбейеді. Ең бастысы, тынымсыз еңбек пен іздену ешқашан тоқтамай, бар жақсымызды балаларға бере берейік!

ТАҒЫЛЫМ АЛУ – БІР БАҚЫТ

Шынары Шыңғыстаудың талайды озған,
Арам келген байлыққа көңілі тозған.
Өркімге ғибрат болар дүние ғып,
«Ақылшы торғай» деген өлең жазған.

Адамдыққа жетелеу– басты мұрат,
Ойшылым жыр жазыпты бізді сынап.
Бір адам балаларға үш тиынға,
Торғайды сатпақ болып тұзақ құрад.

Торғай да тұзағында бос жатпапты,
Адамға ойландырар сөз саптапты.
Есепсіз бай болуға ұмтылған жан,
Баюға мұнан өзге жол таппапты.

Әлгі адам риза болып, көңілі толды,
Алғаш айтқан ақылы былай болды:
«Орынсыз өтірікке нанбағайсың,
Тегінде, шынның жолын қамдағайсың»

Көтеріліп ұшады торғай баптап,
Екінші сөз айтады ой салмақтап:
«Өткен іске өкінбе, ыза болып.
Құр жүдейсің ішіңе қайғы толып.»

Жоғары ұшқан торғайды ой қамады,
Тұзақшыны алдауды қолға алады.
«Он мысқалдай гауһарым бар еді», – деп,
Тал басына шығып алып жар салады.

Жылайды өз сақалын жұлып адам:
«Неге ғана босаттым, бар еді шамам?!»
Торғайдың шын сөзіне сенгеннен соң,
Өкінбеуі керек еді басқан қадам.

Ақылгөй байлық көзін тар қылыпты,
Үшіншісін айтып бермей, зар қылыпты.
Үш тиынға торғай сатып дәнiккендi,
Мұңға бай, уайымға бар қылыпты.

Ар-ұят пен намысын қолдан бермей,
Таза шаршап, қалжырап, тер төгілмей,
Пайымымша сұрақтың жауабы – сол:
«Байлық болмас, баянды еңбек көрмей».

Жауабым түсініксіз солар ма деп,
Өлең жайын білмеуші болар ма деп.
Хал-қадерше ақын сөзін мәлім еттім,
Кем болмасын айтарым толар ма деп.

Сөз парқын танытқанды толғаған жөн,
Ой маржанын таратуды қолдаған жөн.
Дананың айтпақ болған насихаты:
«Дайын асқа тік қасық болмаған жөн!»

Айтқанындай: «Жүректің тезі болсын,
Құлағыңның қырағы көзі болсын!»
Ел қамы үшін басын тіккен кемеңгердің,
Кемеліне куә болар кезің болсын!

«Байлық көзі – еңбекте», халық айтқан,
Халық үнін жаңғыртар жолын тапқан.
Өлеңмен ойын өрген қажы атаның,
Бақыттымын, жырының дәмін татқан.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖОЛЫ

«Баланы – бастан» дейтін болсақ, балаға білім беріп, алға жетелейтін мектеп болса, онда қазіргі таңдағы мәселелердің бастысы – қазақ тілі тағдырының мектеп мұғалімдеріне салатын салмағы да зор. Бүгінгі таңда тәжірибесі мол, берері де көп ұстаздардың бірі – Оразбаева Эльмира Жұмабекқызы. Қазіргі уақытта білім беру ордасы, қара шаңырағымыз – №1 қазақ орта мектебінің беделді де белгілі мұғалімдерінің бірі. Биыл әріптесімнің жұмыс өтіліміне – 18 жыл. Шәкірттерінің сана сезімін оятып, тілге деген ерекше құрметті түсіндіре білу – ұстаздың ең бірінші парызы деп санайды. Қандай да бір сайыс болмасын немесе олимпиада додаларында шәкірттері мұғалімінен алған білімдерін дәлелдеп жүлдемен оралады. Мысалыға, 2014-2015 жылдары Заматаева Гүлдана – 3 орын, 2016 жылда Альмуратова Жадыра – 3 орын. Сабақтарына қатысқан жан өзіне үлгі алып шығарлық жоғары деңгейде өтеді. Осы кісіден тәлім-тәрбие алған оқушылары бүгіннің өзінде талай салаларда халқымызға қызмет етіп, биіктерден көріне білді. Осының өзі, біздің ойымызша, мұғалімнің ерекшелігі.

Әдістемелік құралдарды оқи отыра, өз сабағына керекті және ұтымды жақтарына көп көңіл бөледі. Әр шәкіртіне тұлға ретінде қарайды. Кеңпейілді мұғалім ата-ананың, оқушының, әріптестерінің алдында үнемі

беделі жоғары. Ал шығармашылық жолына келетін болсақ, оның да өзіндік қыр-сыры көп. Қазақ халқының әдеби құндылығы мол еліміздің оңтүстігінде туылған ұстаз ата-бабалардың дана ойларын бойына сіңіріп, сусындап өскен. Әр сабағын үлкен жауапкершілікпен, түрлі тәсілдерді пайдалана отырып, өте ұтымды және жоғары деңгейде өткізіп келеді. Оқушыларға берген әр сабағы – үлкен бір сахналық қойылым.

Тәжірибесі мол ұстаз жас маман иелеріне ақыл беріп, жиі ой бөлісіп отырады. Тәлімгер ретінде беретін көмегі өте көп. Осындай ұстаздар бүгін білім саласында болғанда ғана, мемлекеттік тіл – қазақ тіліміздің мәртебесі биік белестен көрінетіне кәміл сенеміз!

Эльмира Жұмабекқызын бойындағы ерекше даралығы, адамгершілік қасиеті шәкірттерінің де бойынан сезіледі. Ұлағатты ұстаз ата-аналар алдында да өз білімімен, өз адамгершілігімен аса құрметке ие. Әріптесім Эльмира Жұмабекқызы бүгінгі қоғамға білімді және ұстамдары мықты шәкірттерді тәрбиеліп отырғанына өз басым үлкен ризашылығымды білдіремін. Шәкірттерін болашаққа нық қадам басуға, адал болуға үйретіп, адамгершілік қасиеттерін бойларына дарыту – ұстаздың негізі міндеті екені белгілі. Өмірін жеткіншіктерімізге білім беріп, олардың тұлға болып қалыптасуына арнаған ұлағатты ұстазымызға қажымас қайрат, денсаулық тілеймін!

Қос шәкірті Дюсембинова Асель және Альмуратова Жадыра ұстазының еңбек жолын үлгі тұтып, ПМПУ-да білім алып жатыр.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05. 03. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс-телефон:.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3 2018 ж., 144 бет, Алматы.